

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



ISSN 2311-9551

«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ
ҚЫЗЫЛОРДА



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

№1 (15)
2018

ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ЖУРНАЛЫ
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

Қызылорда

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНДЕ 13.02.2014 ж. ТІРКЕЛГЕН,
КУӘЛІК №14158-Ж

Бас редактор – Досманбетов Б.С., ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі,
экономика ғылымдарының докторы, профессор;

Бас редактордың орынбасары – Үмбетов Ө.Ү., техника ғылымдарының докторы,
профессор;

Жауапты редактор – Ибрагимова Н.Ж., педагогика ғылымдарының кандидаты

Журнал 2014 жылдан бастап жарық көреді және 2017 жылдан бастап жылына 2 рет шығады.

«Болашақ» университетінің Хабаршысы іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялайды.

Редакция алқасы:

Ким И.Л., экономика ғылымдарының докторы, профессор;

Досманбетова З.Р., PhD докторы;

Өтесінов Ж.Ө., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор;

Нұрымов Д.И., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор;

Насимов М.Ө., саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Тайманова С.Т., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Байдаулетова А.Ө., филология ғылымдарының кандидаты;

Еспенбетова А.Т., тарих ғылымдарының кандидаты;

Арғынбекова Г.И., заң ғылымдарының кандидаты;

Шураева С.Н., экономика ғылымдарының кандидаты;

Шумейко Н.Е., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Жомартқызы М., заң ғылымдарының кандидаты;

Нұрсұлтанқызы Ж., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Әлібекова Ғ.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент;

Есенова Р.Қ., педагогика ғылымдарының магистрі.

Техникалық редактор: Алтынбеков Ш.Ғ.

Жауапты шығарушы: Алтынбеков Ш.Ғ.

МАЗМҰНЫ

САЯСАТТАНУ, ТАРИХ, ӘЛЕУМЕТТАНУ, ДІНТАНУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАНУ

Насимов М.Ө.
ЖАҢҒЫРУ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ.....6

Насимов М.Ө.
ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕ БЕЛГІЛЕРІ.....13

Паридинова Б.Ж.
«ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ» ЖОБАСЫНЫҢ
АЛҒАШҚЫ НӘТИЖЕЛЕРІ.....18

Кипшакбаев К.З., Қалжанова А.Қ., Мырзанова М.И.
ТЫҢ ЖӘНЕ ТЫҢАЙҒАН ЖЕРЛЕРДІ ИГЕРУДІҢ ЗАРДАПТАРЫ.....20

ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ДЕФЕКТОЛОГИЯ

Амиров М.О.
ШӘМШАТ ТӨЛЕПОВА – МӘҢГІЛІК ӨНЕР ИЕСІ.....25

Садуахасова Г.Ж., Досмамбетова Ш.Б.
БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДІ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ МЕН ТЕХНИКАСЫНА ҮЙРЕТУ.....30

Ақышова Н.М., Тұнғатова Н.Ә.
ОҚУШЫЛАРҒА АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ ОРНЫ.....36

Тұнғатова Н.Ә., Тұрған Ұ.Т.
МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ТЕАТР АРҚЫЛЫ ДАМУЫ
ЖОЛДАРЫ.....42

Қушқабасова Ж.С.
ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ КЕНЖЕЛЕГЕН БАЛАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
МІНЕЗДЕМЕ.....46

Атажанова З.М., Оралбаева Г.С., Мырзақожаева З.С.
БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ ЖӘНЕ АТА-АНАНЫҢ РӨЛІ.....53

Садықова А.Б.
ЖАҢАША ОҚЫТУ - БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ.....58

Жәнібекова С.С. Зинаханова Ұ.Т., Тулегенова А.А.
ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРІЛЕТІН БАЛАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ
МАҢЫЗДЫ РӨЛІ.....65

ФИЛОЛОГИЯ

Atazhanova Z.M., Oralbaeva G.S., Nurmagambetova L.K.
THE DOMINANT ROLE OF CONTEXT IN THE FORMATION OF ELLIPTIC SENTENCES IN KAZAKH
LANGUAGE AND THEIR CORRESPONDENCE IN THE RUSSIAN LANGUAGE.....72

Нұрсұлтанқызы Ж., Ысқақ Н.
ТАРИХИ РОМАНДАРДАҒЫ ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРДЫҢ ЛЕКСИКАСЫ.....76

Медетбаев Т.С.
ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒЫЛЫМДАРДЫ ЖІКТЕУІ.....82

Медетбаев Т.С.
ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ӨРКЕНИЕТІ.....90

Медетбаев Т.С.
ҚОРҚЫТ АТА МЕН ӘЛ-ФАРАБИДІҢ РУХАНИ МҰРАСЫ96

Шумейко Н.Е., Ибадуллаева Г.Ж. РАЗНОРОДНЫЕ СРЕДСТВА ПЕРЕДАЧИ ЦВЕТОВОГО ПОНЯТИЙНОГО СОДЕРЖАНИЯ.....	102
--	-----

ЭКОНОМИКА, ДЕМОГРАФИЯ

Календарова К.А. ИНВЕСТИЦИЈАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТИ РЕТТЕУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТИҢ РОЛІ МЕН ОРНЫ.....	108
--	-----

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ

Жанзақов М.М., Кенбаев Б.Қ., Ақайдарова М. ГАПЛОИДИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ СЕЛЕКЦИЯДА МАҢЫЗЫ.....	115
---	-----

Janзақов М.М., Аlibekova Ѓ.В., Тунyshtyq А. КÓРТИЗБЕКТИ SORTTAR SELEKSIASY.....	120
---	-----

Janзақов М.М., Dildabekova J. SELEKSIANYҢ EGINSHILIKTI INTENSIVTENDIRÝDEGI RÓLI.....	124
--	-----

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Сактаганова Н.А., Дунаев И.С., Жакыпова Г.М. ПУТИ ИННОВАЦИЙ В СТРОИТЕЛЬНОЙ ИНДУСТРИИ.....	129
---	-----

**САЯСАТТАНУ, ӘЛЕУМЕТТАНУ, ДІНТАНУ
ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАНУ**

ЖАҢҒЫРУ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

*Насимов Мұрат Өрленбайұлы,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор, «Болашақ» университеті*

Жаңғыру теориясы – бұл қоғамдағы жаңғыру үрдісін түсіндіруге тырысатын және жаңғыруды күрделі жаһандық үрдіс ретінде қарастыратын теория. Теория кез келген мемлекеттің дамуына ықпал жасайтын ішкі факторларды қарастырады. Теория қоғамның тіршілік әрекетінің барлық салаларындағы өзгерістерді қамтып, құрылымдық-функционалдық жіктелуін айқындайды. Жаңғыру теориясы қоғамның әлеуметтік ілгерілігі мен қоғамның дамуына ықпал жасайтын әлеуметтік өзгерістерді айқындап, әлеуметтік эволюция үрдісін түсіндіреді. Жалпы ғылымда теория бойынша таластар өте көп. Марксистер, еркін нарық өкілдері, тәуелділік теорияларының жақтастары тарапынан көп сынға алынды.

Ғылымда теорияның пайда болуы мен қалыптасуына байланысты пікірлер де өте көп. Жаңғыруды сипаттайтын классикалық еңбектер қатарында О. Конт, Г. Спенсер, К. Маркс, М. Вебер, Э. Дюркгейм, Ф. Тённис зерттеулерін айтуымызға болады. Жаңғырудың классикалық тұжырымдамаларының көпшілігінде индустриалды қоғамның қалыптасуына мән беріліп, жаңғыру дәстүрлі аграрлық қоғамның индустриялық қоғамға айналуы барысындағы индустрияландырумен қатарлас жүретін үрдіс ретінде түсіндіріледі. Жаңғыру шаруашылық, техникалық қарулану мен еңбекті ұйымдастыру жүйелерін өзгерту тұрғысында қарастырылады.

Көп жағдайда ғылымда жаңғыру теориясының дамуы үш кезеңде қамтиды: 1 кезең – ХХ ғасырдың ортасы; 2 кезең – ХХ ғасырдың 60-70 жылдарының соңы; 3 кезең – ХХ ғасырдың 80 жылдарының соңынан бастап.

Жаңғыру үрдісінің қалыптасуына эволюционизм мен құрылымдық функционализм көп әсер етті. ХІХ ғасырдағы эволюциялық тәсіл (Г. Спенсер, Ф. Тённис, Э. Дюркгейм, Г. Мэн) шеңберінде жаңғыру жүйесінің негізін құрған дәстүрлі және заманауи қоғам арасындағы қарама-қайшылықтардың дихотомиялық қағидасы әзірленді.

Жаңғыру теориясы өкілдерінің көпшілігі функционализм теориясына сүйенгендігі де байқалады. Әсіресе, жаңғыру ұғымына Т. Парсонстың құрылымдық функционализмі көп ықпал етті. Т. Парсонс тұжырымдаларын түсінудің кілті ретінде органикалық

үйлестікті түсіну болып табылады. Мұнда адамзат қоғамының биологиялық организмге ұқсастықтарын талдауымызға болады.

Бүгінгі таңда жаңғыру теориясы қалыптасқан экономикалық және әлеуметтік-мәдени үйлесімсіздікті зерттеу мен реттеуде ерекше мәнге ие. Өйткені мұнда заманауи қоғамның дамуына негіз болып табылатын тетіктер орналасқан. XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында Еуропаның тарихи даму ерекшеліктері жаңа енгізілімдері түсініктерінде дәстүрлі – заманауи дихотомиясы пайда болды. XX ғасырдағы қоғамның дамуы туралы зерттеулер толықтай М. Вебер еңбектерінде көрініс тапты. Сонымен бірге, адамзат қызметінің барлық салаларын қамтыған және еуропалық өркениеттің пайда болуының негізі болып табылатын еуропалық рационализацияның тамырлары кеңінен таралған жаңғырудың бастауы да қарастырылды.

М. Вебер дәстүршілдікті ескі аңыздарды сақтау, олардың алғашқы мағынасы жоғалса да оны келесі ұрпаққа мұраға қалдыру деп түсіндіреді. М. Вебердің әлеуметтік даму теориясында қоғамның қозғаушы негізгі күш ретінде экономика, экономикалық рационализм айтылады. М. Вебер тұжырымдамасына сәйкес экономикалық рационализм есептеуге негізделген және осы түсінікке қарай рационалды адам – бұл экономикалық түсінікте үнемшіл адам.

М. Вебер Батыс капитализмінің екі негізгі ерекшеліктерін атап көрсетеді: «еңбекті рационалды ұйымдастыру» және ішкі және сыртқы шаруашылық арасындағы айырмашылықтарды жою, «сауда қағидаларын ішкі шаруашылықта жүргізу мен еңбек сәйкестілігін ұйымдастыру» [1].

Ресейлік ғалым В.И. Пантин өз еңбегінде жаңғыру теориясының дамуындағы үш негізгі толқынды атап көрсетеді:

Бірінші толқын – 1950-1960 жылдар, Батыс елдеріне бағытталған «дәстүрлі» қоғамнан «заманауи» қоғамға әлеуметтің сызықтық-ілгерілемелі дамуының әмбебаптылығы туралы түсініктерге негізделді. Қоғамның дамуы барлық елдер мен халықтар үшін ортақ кезеңдер, бәрін тегіс қамтитын, әмбебап үрдіс ретінде қарастырылды.

Екінші толқын – 1970 жылдар мен 1980 жылдардың ортасы, қоғам дамуының қарапайым сипатын жоққа шығарумен сипатталады. Көптеген авторлар бұл кезеңді жаңғыру үрдісіндегі «дәстүрлі» және «заманауи» ахуалдардың күрделі өзара әрекеттерін атап көрсетті. Әлеуметтің дамуындағы осы екі қарама-қайшы жақтар өзара әрекеттер барысында өзара сіңіседі және бір біріне себепші болады. «Заманауилық» дәстүрлі қоғамға қабылданып, бірігуі мүмкін, немесе «жаңғыратын» қоғам мүшелері тарапынан осы дәстүрлерге дөрекі қатынастарына байланысты шеттетілуі ықтымал.

Үшінші толқын – 1980 жылдардың соңы мен қазіргі кезең. Бұл кезеңде қоғамның жаңғыру тұжырымдамасы Батыс құндылықтарын

кабылдамай, ұлттық мәдениетке сәйкес қалыптасуы жүреді. Әмбебаптылық пен партикуляризмның синтезі қатар жүреді [2].

Байқағанымыздай, жаңғыру теориясы технологиялық, құрылымдық және жаһандық жаңғыруды кеңінен зерттейді. Сонымен қатар, кейбір мемлекеттердің жаңғыру кезеңдері бойынша қалыптасқан түрлі түсіндірмелерді жиынтықтайды.

Біздің еліміз де жаңғыру үрдістері бойынша дамып келеді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» [3] атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің жаңғыру жолына талдау жасалады: «Қазақстанның Бірінші жаңғыруы бәріміздің есімізде. 25 жыл бұрын КСРО-ның қирандысынан шығып, өз жолымызды қалай бастағанымыз жадымызда тұр. Сол кезде біздің буын іргетасынан бастап қолға алып, әлем картасында болмаған жаңа мемлекет құрды.

Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу жүзеге асырылды. Біздің бәріміз бірлесіп, сол кезде елімізді күйреуге, азамат соғысына, экономикалық күйзеліске ұшыратпағанымыз мен үшін өте маңызды. Қазақстан бұл кезеңде аз шығын шығарып, зор жетістіктерге қол жеткізді.

Екінші жаңғыру «Қазақстан-2030» стратегиясының қабылдануымен және жаңа елорда – Астананың салынуымен басталды. Оның нәтижелі болғаны дау тудырмайды. Еліміз экономикалық тұрғыдан артта қалған аймақтан шығып, әлемдегі экономикасы бәсекеге қабілетті 50 мемлекеттің қатарына кірді.

Табысты өткен екі жаңғыру арқылы баға жетпес тәжірибе жинақтадық. Біз енді алға батыл қадам басып, Үшінші жаңғыруды бастауға тиіспіз.

Бұл жаңғыру – қазіргі жаһандық сын-қатерлермен күрес жоспары емес, болашаққа, «Қазақстан-2050» стратегиясы мақсаттарына бастайтын сенімді көпір болмақ. Ол Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» базасында өткізіледі».

Елбасы бұл жаңғырудың бес басымдығын ұсынады:

Бірінші басымдық – экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы;

Екінші басымдық – бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту;

Үшінші басымдық – макроэкономикалық тұрақтылық;

Төртінші басымдық – адами капитал сапасын жақсарту;

Бесінші басымдық – институционалдық өзгерістерге, қауіпсіздікке және сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты.

Жалпы жаңғырған қоғам бір-бірімен өзара байланысты кешендерді иеленіп, экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени жаңғырудың дербес үрдістері ретінде қарастырылады.

Экономикалық жаңғыру еңбек пен өндірістің энергетикалық жабдығын саралау, ғылымның өндірістік күшке айналуы мен өндірісті тиімді басқаруды дамыту арқылы жететін экономикалық өндірісті өрістетуді көздейді.

Оның құрамдастарына мыналар жатады:

- адам немесе жануар күшін өндіріс, көлік пен байланыста қолдануға мүмкін бу, электр қуаты немесе атом энергиясы секілді жансыз көздермен алмастыру;

- экономикалық қызметтің дәстүршілдік ортадан бөлінуі;

- еңбек құралдарын машина және күрделі технологиялармен үдемелі түрде алмастыру;

- экономиканың екінші (өндіріс және сауда) және үшінші (қызмет көрсету) деңгейдегі секторының бірінші (өндіру) деңгей секторын бір мезгілде қысқарту арқылы сандық және сапалық қатынастарының өсімі;

- экономикалық қызметтегі экономикалық рөлдер мен кластерлердің өспелі мамандануы – өндіріс, тұтыну және тарату;

- экономика өсімінде өзіндік қолдаумен қамтамасыз ету – өндіріс пен тұтынуды бір мезгілде тұрақты кеңейтуге жеткілікті өсіммен қамтамасыз ету;

- үдемелі индустрияландыру [4].

Саяси жаңғыру тұрғындардың билік құрылымдарына шынайы түрде қатысуы және халықтың нақты шешімдерді қабылдауға ықпал етуге мүмкіндік беретін саяси институттар өзгерісін бағамдайды. Елдің саяси жаңғыру жолындағы маңызды көрсеткіші ретінде саяси институттар құрылымындағы заң шығарушы биліктің рөлі мен орны саналады: парламентте барлық әлеуметтік топтар мүдделеріне өкілдік, билік шешімдерін қабылдауға нақты ықпалдар жасау.

Жаңғыру түрлі тетіктерді пайдалану арқылы жүзеге асатындықтан, саяси жаңғырудың мынадай *әмбебап құрамдастарын* бөліп көрсетуімізге болады:

- саяси рөлдер мен институттардың жоғары деңгейде мамандануы бойынша сараланған саяси құрылым жасау;

- тәуелсіздікке иезаманауи мемлекет құру;

- мемлекет рөлін күшейту, мемлекет пен азаматтарды біріктіретін заң шығарушылардың қимыл салалары мен рөлін күшейтуді кеңейту;

- азаматтар санының өсуі (саяси және азаматтық құқыққа ие), әлеуметтік топтар мен индивидтерді саяси өмірге тартуды кеңейту;

- рационалды саяси бюрократияның пайда болуы және дамуы, рационалды деперсонализацияланған бюрократиялық ұйымның басқару мен бақылаудың үстем жүйесіне айналуы;

- дәстүрлі элиталар және олардың легитимділігінің әлсіреуі, жаңғыртылған элиталардың күшеюі [5].

Әлеуметтік жаңғыру дәстүрлі түрдегі қоғамның заманауи түрдегі қоғамға трансформациялануы үрдісінде жүзеге асатын экономикалық, демографиялық, психологиялық және саяси өзгерістердің жиынтығы болып табылады. Бұл түсініктер жағдайында әлеуметтік жаңғыру барлық қоғамдық жүйелерді қамтиды.

Әлеуметтік жаңғыру серпінді әлеуметтік жүйесі бар ашық қоғамды қалыптастыруды көздейді. Мұндай қоғам меншік иелері қатынастарын реттейтін нарықтық қатынастар, құқықтық жүйе мен демократиялық жүйе негізінде қалыптасады және дамиды. Бұл қоғамға демократия өзгермелі ахуалдың ойын ережесіне өзгерістер енгізу және оның орындалуын қадағалау үшін қажет [6].

Әлеуметтік жаңғырудың *құрамдастары* төмендегідей [7]:

- ашық стратификациялық жүйе мен жоғары деңгейдегі жұмылғыш қоғам құру;

- өзара қимылдардың рөлдік сипаттамасы (адамдардың үміті мен мінез-құлқы олардың әлеуметтік мәртебесі мен әлеуметтік қызметтерімен келісілген);

- қатынастарды реттеудің формальды жүйесі (жазбаша құқық, заңдар, ережелер, келісім-шарттар негізінде);

- әлеуметтік басқарудың күрделі жүйесі (басқару, басқарудың әлеуметтік органдары мен өзін-өзі басқару институттарының бөлінуі);

- секуляризация (зайырлылық белгілерінің енуі);

- түрлі әлеуметтік институттардың бөлінуі.

Әлеуметтік жаңғырудың міндеттері төмендегідей:

- қазақстандықтардың сапалы әлеуметтік стандарттар жүйесі, экономикалық белсенді тұрғындардың кәсіби біліктілігін әзірлеу және енгізу;

- жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өздігінен ұйымдастырылатын бастауын дамыту, азаматтардың әлеуметтік бастамаларын жүзеге асыруда ықпалды құрал болып табылатын азаматтық қоғам институттарын қазіргі қоғамға лайықтау;

- мемлекет пен жеке сектор әріптестігі тетіктерінің негізі болып табылатын әлеуметтік-еңбек қатынастарының тиімді үлгісін құру;

- инновациялық экономиканың басты қозғаушы күші болып табылатын орта таптың үздіксіз өсімі шарттары, креативті таптың пайда болуы мен дамуын құру;

- тұлға мен бизнестің жоғары жауапкершілігі, еңбек қатынастарының барлық субъектілерінің мемлекетпен әріптестік өзара қимылдарына негізделген еңбек қызметі мен амандықтың жаңа ынталандырылуын енгізу;

- Қазақстанда биліктің «тігінен» және «көлденеңінен» құрылған әлеуметтік үрдістерді басқарудың тиімді мемлекеттік жүйесін құру [8].

Мәдени жаңғыру заман талаптарына сай мәдениеттің даму үрдісі болып табылады. Ғылымда мәдени жаңғырудың екі түрі көрсетіледі: органикалық және бейорганикалық. Органикалық мәдени жаңғыру мемлекеттің тарихи эволюциясы барысындағы жаратылыс заңдылықтары арқылы жүзеге асады. Жаңғыру үрдісі мәдениеттен басталып, құндылықтар, өмір салты жүйелері өзгеріске ұшырайды. Бейорганикалық мәдени жаңғыру биліктің бекіткен идеялары, өмір салты мен құндылықтарын қабылдау орындалады. Көп жағдайда құндылықтардың дәстүрлі, этикалық нормаларының жүйелері жойылады.

Мәдениет өзгерісінің ықтимал нұсқалары келесі түсініктерді біріктіреді [9]:

- жүйенің сақталуы (дәстүрдің өсіп-өнуі; мәдени өзгерістердің болмауы);

- жүйенің жойылуы (дәстүрдің бұзылуы; өзгерістер жүйенің жалпы құлдырауында негативті сипатты иеленеді);

- жүйенің дамуы (жаңғыру немесе дәстүрлер трансформациясы; өзгерістер шектеулі шеңберде дәстүрлердің өзектілігі көлемінде жүзеге асады);

- жүйенің жаңаруы (алдыңғы дәстүрлермен шарттаспаған, дәстүрлерді жеңу және жаңа енгізілімдерді құру; өзгеріс толық көлемде жүргізіледі).

ӘДЕБИЕТ

1. Соловьева В.Л. Теория модернизации в контексте развития общественной мысли в XX веке // Известия Российского государственного педагогического университета имени А.И. Герцена. – 2009. - №110. – С. 313.

2. Пантин В.И. Волны и циклы социального развития: Цивилизационная динамика и процессы модернизации. – М.: Наука, 2004. –С. 115-123.

3. Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Егемен Қазақстан. – 2017. – 31 қаңтар.

4. Eisenstadt S.N. Modernization: Protest and Change. – Englewood Cliffs, New Jersey: Prentice-Hall, 1966. – P. 1-5.

5. Содержание и факторы политической модернизации. – [Электрондық ресурс]. – Көру режимі: <http://socialworkstud.ru/lekcziipo-issledovanie-soczialno-ekonomicheskix-i-politicheskix-procressov/303-soderzhanie-i-factory-politicheskoy-modernizacii.html>

6. Алимарин С.И. Социальная эволюция и идеология // МОЛ. – 2003. - № 1.

7. Арбуз А.В. Социальная модернизация общества: межрегиональные сравнения // Вестник Омского университета. Серия Экономика. – 2013. - №3. – С. 125.

8. Кожухметова М.К. Социальная модернизация общества и роль бюджетных средств в ее обеспечении // Вестник КазНУ. Серия экономическая. – 2014. - №3 (103). – С. 79.

9. Флиер А.Я. наброски к построению социокультурной картины мира в границах культурологии // Обсерватория культуры. – 2012. - № 4. – С. 4-11.

РЕЗЮМЕ

В данной статье автором рассматривается теория модернизации и его основные виды.

SUMMARY

In this article, the author considers the theory of modernization and its main types.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕ БЕЛГІЛЕРІ

*Насимов Мұрат Өрленбайұлы,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
«Болашақ» университеті*

Құқықтық мемлекет – бұл азаматтық қоғам мен құқықтық экономика қажеттіліктеріне қызмет атқаратын, бостандық пен әлауқатты қамтамасыз ететін мемлекет. Құқықтық мемлекет идеясы бұрыннан бар екені белгілі. Дегенмен, оның тұтастай тұжырымдамасы феодалдық бассыздықтар мен заңсыздықтардың сыналуы, билік органдарының қоғам алдындағы жауапсыздығы айыпталған буржуазиялық қоғамның қалыптасуы кезеңінде туындады. XVIII ғасырдың соңында АҚШ пен Францияның Конституциялық заңнамасында Дж. Локк, Ш. Монтескье және т.б. ойшылдардың идеялары енген болатын. Ал терминнің өзі неміс әдебиетінде XIX ғасырдың басында бекітілген болатын.

Құқықтық мемлекет түсінігіне байланысты бірнеше анықтамалар берілген. Мәселен, түсінік көпжақты дамыған құбылыс болып табылады. Уақыттың өтуіне байланысты ол жаңа белгілерді иелене отырып жаңа мазмұнды түсініктемелермен толықты. Тек бір ғана идея құқықтық мемлекеттің құқықпен байланыстылығы өз орнында қалды [1].

Құқықтық мемлекет – көпшілік-саяси биліктің ұйымдастырылуы мен қызметінің, индивидтердің құқық субъектілері ретіндегі өзара қатынастарының құқықтық түрі [2].

Г. Гегель бойынша, құқықтық мемлекет нақты индивидтің мақсаттары мен мүдделерін қамтамасыз ететін, нарықтық экономикалық қоғам және либералды-демократиялық саяси режимді тұрақтандыратын және сақтайтын тірі организм болып табылады [3]. Сонымен қатар, құқықтық мемлекет – бұл объективті қажеттілік және жоғарғы әлеуметтік құндылық, қоғамды ұйымдастыру мен басқарудың тиімді тәсілі ретінде саналады.

Құқықтық мемлекеттің негізгі белгілерінің қатарына мыналар жатады:

- мемлекеттік билікті заң шығарушы, атқарушы, сот билігіне бөлу қағидаларына сәйкес жүргізу. Мемлекеттік билікті аталған тармақтардың біреуіне жиынтықталмауына жол бермеуді мақсат ету;

- Конституциялық құрылыс тұрақтылығының кепілі, Конституцияның заңдылығы мен үстемдігін қамтамасыз ететін Конституциялық Кеңестің болуы;

- заң мен құқықтың үстемдігі: жоғары орган саналатын заң шығарушы тармақтан басқасы қабылданған заңды жоққа шығару немесе өзгертуге құқығы жоқ. Барлық өзге нормативті-құқықтық құжаттар заңға қарама-қайшы келмеуі қажет. Қарама-қайшылық туындаған жағдайда басымдылық заңға беріледі;

- мемлекет және оның органдарының, азаматтары мен бірлестіктерінің теңдей заңмен байланыстылығы. Заңды шығарған мемлекет қандай жағдай орын алса да өзі оны бұза алмайды;

- мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі: тұлға мемлекет алдында жауапты, бірақ, мемлекет өз мойнына алған міндеттемелер, тұлға құқығын көздейтін нормалардың бұзылуына тұлға алдында жауапты;

- адамның негізгі құқықтары, тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының заңнамада бекітілуінің ақиқаттылығы құқықтық тетіктердің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

- заң, нормативті-құқықтық құжаттардың орындалуын бақылаудың ақиқаттылығы мен іске асырылуы адамдардың мемлекеттік құрылымдарға сенімін тудырады, құқықтық келіспеушіліктерді газет, радио мен теледидарға бере алады;

- азаматтардың құқықтық мәдениетінің қалыптасуы, өз міндеттері мен құқықтарын білуі, өзгенің құқықтарын сыйлауы.

XIX ғасырлардың ортасында мемлекеттің әлеуметтік қызметтері рөлінің жоғарылауы байқалып, «әлеуметтік мемлекет» түсінігі бекітіле бастады. Ұғымды ғылыми айналымға алғаш рет 1850 жылы Лоренц фон Штайн енгізген болатын [4]. Әлеуметтік мемлекет ұғымын түсіндіру барысында мемлекет міндеттерін дәстүрлі түсініктемелерін толықтыру байқалды. Оның пайымдауынша, әлеуметтік мемлекет түрлі қоғамдық таптар құқықтарын теңдей ұстауы қажет. Мемлекет барлық азаматтардың экономикалық және қоғамдық дамуына ықпал жасауы керек. Себебі, бір құбылыстың дамуы келесінің дамуына шарт болып табылады [5]. Осыған сәйкес, әлеуметтік мемлекетті бөліп көрсетудің қорытынды сипаттамасы қоғамның барлық мүшелерінің әлеуметтік табына қарамастан мемлекеттік патернализм түрін қалыптастыру саналады.

Барлық азаматтардың теңдігін мойындау эгалитаризм (*французша – egalitarisme, «egalite» - теңдік сөзінен шыққан; барлық қоғам мүшелерінің қоғамда тең саяси, экономикалық және құқықтық мүмкіндіктерін қалыптастыру идеялары негіз болып табылатын тұжырымдама*) идеяларының кеңінен таралу себептерімен қатар, жеке адам, тұлғаның өндіріс пен қоғамдағы рөлінің өзгеруімен де байланысты. Американдық философ, әлеуметтанушы және футуролог,

постиндустриалды қоғам тұжырымдамасы авторларының бірі **О. Тоффлер** (1928-2016): «біздің дәуіріміздің экономикалық дамуындағы маңызды қадам байлықты иеленуде адамның физикалық күшін пайдаланатын емес, оның ойлау қабілетін пайдаланатын жаңа жүйенің пайда болуы» [6], - деп санайды.

«Әлеуметтік мемлекет» терминінің пайда болуы мемлекеттілік табиғатын өзгертті деп атап өтуімізге болады. Қоғамдық келісімге негізделген мемлекет, мемлекет биліктің жоғары түрі ретінде түсініктері мемлекеттің әлеуметтік қызметтерді жүзеге асыру құндылықтарымен ауысты. Демек, мемлекет азаматтардың әлауқатына жауаптылықты ала отырып, қоғамның барлық мүшелерінің әлеуметтік қолдауына қол жетімділікті қамтамасыз етеді, әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік қолдаудың мемлекеттік жүйесін құрады, әлеуметтік бағдарламалардың бюджеттік қаржыландыруын енгізіп, әлеуметтік саясаттың жаңа тетіктерін құрады, қоғамдағы әлеуметтік қызметтердің үстемдік субъектісіне айналады.

XX ғасырдың басы әлеуметтік мемлекет қағидаларына негізделген әлеуметтік заңдарды қабылдаумен ерекшеленді. Көптеген елдерде әлеуметтік және медициналық сақтандыру, зейнетақымен қамтамасыз ету, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы, жазатайым оқиғалардан сақтандырумен байланысты заңдар қабылдана бастады. Әлеуметтік заңнама мемлекеттің барлық нормативтік базасының құқықтық мазмұнына ықпал жасады. Әлеуметтік мемлекеттің құқықтық негіздемесі адамның жаратылыстық әлеуметтік құқықтары қағидаларын толықтай қалыптастырды. Осының негізінде құқықтар мен міндеттерге байланысты жаңа құқықтық қайшылықтар орын алды.

Өткен ғасырдың 30-40 жылдарындағы мерзімді құқықтық әлеуметтік мемлекет кезеңі ретінде атап көрсетуімізге болады. Осы кезеңдерде «әл-ауқатты мемлекет» түсінігі әлеуметтік мемлекет ұғымымен синонимдес бола бастады. 60-жылдары әлеуметтік мемлекет теориясы тереңдей түсіп, әлеуметтік мемлекет идеялардың ұлттық деңгейде тәжірибелік тұрғыда жүзеге асуы орын алды. Бұл кезеңдегі әлеуметтік қызметтердің басты көрінісі ретінде мемлекеттің әлеуметтік қызметті ұсынуын ерекшелеп айтуымызға болады. 80-жылдардың ортасына дейінгі мерзімді жалпы берекелі мемлекет кезеңі ретінде көрсетуімізге негіз береді. Бүгінде әлемдік қауымдастықтағы алдыңғы қатарлы мемлекеттер әлеуметтік мемлекетке негізделген құндылықтарға сүйене отырып өз қызметтерін атқарып жатыр.

Әлеуметтік мемлекеттің негізгі қызметтерін екіге бөлуімізге болады: ішкі және сыртқы қызмет.

Әлеуметтік мемлекеттің ішкі қызметтері қатарына жатады: шаруашылық-ұйымдастырушылық (өндірісті ұйымдастыру,

кәсіпкерлікті ынталандыру, ішкі сауданы басқару); салық секілді т.б. бюджетке міндетті төлемдерді жинау; білім беру, ғылым, мәдениетті басқару; әлеуметтік жағынан қорғалмаған тұрғындарды қамқорлыққа алу; азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау; құқықтық тәртіпті қорғау, заңға қайшы қимыл жасағандарды жазалау.

Әлеуметтік мемлекеттің сыртқы қызметтеріне жатады: мемлекеттік шекараны қорғау, кеденді ұйымдастыру, ұлттық қауіпсіздік мәселелерін шешу; өзге елдермен дипломатиялық және сауда-экономикалық қатынастарды жүргізу, халықаралық және мемлекетаралық ұйымдар қызметіне қатысу; өзге мемлекеттермен мәдени, ғылыми және ақпараттық алмасу; бейбітшілік, қарусыздандыру үшін күрес, мемлекеттер мен халықтар арасындағы қатынастарда күш қолданбау, басқыншыларды ауыздықтау; әлемнің барлық елдеріндегі азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің халықаралық бақылауына қатысу; мемлекетаралық экологиялық, мәдени және әлеуметтік бағдарламаларға қатысу, жалпы адамзаттық мәселелерді шешу.

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті қалыптастыру елеміздегі қоғамды жаңғыртудың қажетті ажырамас бөлімі болып табылатынын ескеруіміз қажет. Елімізде жүрген реформалау кезеңдерінде азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті қалыптастыру бағытында көптеген өзгерістер орын алғандығын мойындауымыз қажет. Жеке меншік түрлерінің жан-жақтылығы мен әлеуметтік жағынан нарықтық экономикаға бағытталған өзгерістер экономикалық іргетасымызды бекітті. Саяси плюрализм мен сөз бостандығы бекітіле түсті. Дегенмен, мамандардың пайымдауынша, еліміздегі азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті сәтті құруда әлі де төмендегідей қажеттіліктер бар екендігі айтылады: отандық әлеуметті институттандыру; қоғамдағы қарапайым тәртіпті орнату; әлеуметтік өмірдегі маңызды салаларды реттеуге мүмкіндігі бар демократиялық құқықтық нормалар жүйесін қалыптастыру.

ӘДЕБИЕТ

1. Василик М.А. Политология. Элементарный курс: Учебное пособие для студентов вузов. / М.А. Василик, М.С. Вершинин – М. 2001. – С. 309.
2. Аристотель. Сочинения / Аристотель Т. 4. – М. 1984. - С. 5.
3. Венгеров А. Б. Теория государства и права. - М., 2009. – С. 516.
4. Stein L. von. Geschichte der Socialen Bewegung in Frankreich vom 1789 bis auf unsere Tage. 3 Bd. - Leipzig, 1850.
5. Stein L. von. Gegenwart und Zukunft der Rechtig - und Staatswissenschaften Deutschlands. Stuttgart, 1876.

6. Toffler A. Powershift: knowlege, wealth, and violence at the Edge of 21-th Century. - Bantam Books NY-Toronto-L-Sydney-Auckland. 1990. - 586 pp.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается понятие «правовое государство» и его отличительные черты. Материал полезен для использования в курсе «Политология».

SUMMARY

The article discusses the concept of «Rechtsstaat» and its distinctive features. The material is useful for use in the course «Political Science».

«ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ» ЖОБАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

*Паридинова Ботагөз Жаппарқызы,
философия магистрі,
«Болашақ» университеті*

Елбасының өткен жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айтылған барлық бастамалар зиялы қауым, ғылым, мәдениет, бизнес салалары өкілдері, еліміздің белсенді азаматтары арасында кең қолдау тапты. Қысқа мерзім ішінде таяу жылдарда атқарылатын міндеттерді жүзеге асырудың тиімді жолдары әзірленді. Отандастарымыз бағдарламаны жаһандану процестері шарттарында сананы жаңғырту арқылы өткенді білу, бүгінмен өмір сүру және болашақтың сын-тегеуріндеріне төтеп бере алу деп түсінді.

2017 жылы құрылған «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының жүзеге асырып жатқан «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасайды. Жақында ғана философия, әлеуметтану, психология, тіл білімі, антропология мен дінтану, журналистика, экономика мен кәсіпкерлік салаларын қамтитын алғашқы 18 оқулықтың жарыққа шығуы осы шараның бастауы болды.

Философия, антропология мен дінтану салалары бойынша аударылған кітап авторлары әлемдік деңгейдегі беделді ғалымдар. Мәселен, француз жазушысы және әлеуметтанушысы Реми Хесс Париж университетіндегі қызметінде 80-ге жуық докторлық диссертацияларға жетекшілік жасаған екен. Бүгінде шәкірттерінің көпшілігі әлемнің 15 еліндегі беделді университеттердің профессорлары болып табылады. «Философияның таңдаулы 25 кітабы» еңбегінде Платон мен Аристотельден бастап А. Бергсон мен М. Хайдеггерге дейін айтылады.

Дерек Джонстон Ирландиядағы Мидлтон колледжінің проректоры болған. Аталған оқу орнында 30 жылдан астам еңбек еткен. «Философияның қысқаша тарихы» атты кітапта философия ғылымдарының дамуына ерекше үлес қосқан Сократ және Платон, Аристотель, Эпикур мен Зенон, Ф. Аквинский, Р. Декарт, Дж. Локк пен Монтескье, Б. Спиноза, Д. Юм, И. Кант, К. Маркс, Ф. Ницше, Л. Витгенштейн, М. Хайдеггер, Ж-П. Сартр, Ж. Деррида сынды танымал философтар туралы баяндалады. Әрбір бөлімде

ойшылдардың қысқаша өмір жолы мен олардың негізгі идеялары ұсынылады.

Энтони Кенни ағылшынның танымал фелсафашы ғалымы. 1989-1993 жылдары Британ Академиясының Президенті болған. 1961 жылы Оксфорд университетінде философия докторы дәрежесін иеленсе, 1980 жылы Әдебиет докторы, 1987 жылы Азаматтық құқық докторы дәрежелерін иеленген. «Батыс философиясының жаңа тарихы» атты төрт бөлімді еңбегінің алғашқы екі бөлімі аударылып отыр. Жалпы ғалымның бұл еңбектері философия тарихы бойынша беделді басылымдар болуымен қатар, философияның негізгі бөлімдеріне кіріспе бағыттар беруге мүмкіндігі мол.

Карен Армстронг салыстырмалы дінтану саласындағы танымал британдық дінтанушы, философ әрі публицист. Медиа саласындағы жұмыстары үшін Мұсылман қоғамдық-саяси кеңесінің сыйақысын алған. Рувельт Институты, TED конференциясы, Тюбинг университеті жүлделерінің иегері. Сонымен қатар, Астон университеті, Сент-Эндрюс университеті, Макгилла университетінің құрметті ғылым докторы. «Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны» атты еңбектен бірнеше сауалдарға жауап алуға болады: жалғыз Құдай ұғымы адамзат түйсігінде қайдан пайда болды; адамның Құдай туралы түсініктері қалай өзгеріп отырды; Жаратушы иудаизм, христиандық және исламның қандай келбеттерін белгіледі; осы үш әлемдік діндер бір-біріне қалай әсер етеді.

Алан Барнард антропология тарихы, әлеуметтік антропология және салыстырмалы этнология салаларының танымал өкілдерінің бірі. 1978 жылдан бастап Эдинбург университетінде қызмет атқарады. 2010 жылдан бастап Британ академиясының мүшесі. «Антропология тарихы мен теориясы» атты еңбекте автор мәселе бойынша қалыптасқан теориялар мен мектептер көзқарастарын жүйелейді. Ғалым тек жүйелеп қана қоймай, берілген теорияларға өзіндік бағасын ұсынады.

Жалпы осы жылы жарық көрген 18 оқулықтың алдағы уақытта жаңа гуманитарлық білім берудегі жемісін көретіндігіміз анық. Бұл аударма жұмыстары тек студенттер қауымына ғана емес, ғалымдардың ғылыми ізденістеріне көмек беретіндігіне сенеміз.

ТЫҢ ЖӘНЕ ТЫҢАЙҒАН ЖЕРЛЕРДІ ИГЕРУДІҢ ЗАРДАПТАРЫ

*Кипшакбаев Канат Зейнуллаевич,
Қалжанова Аида Қалжанқызы,
Мырзанова Мария Ибрайханқызы,
оқытушылар,
«Болашақ» университетінің колледжі*

Табиғат сырын терең білмей, оған дұрыс қарамау үлкен апатқа соқтыруы ғажап емес. Бір кездерде табиғатты бағындыруды мақсат етіп, ормандар балталанып, аң-құстарды қырып, жойып, шамадан тыс ауланған еді. Тың игеру кезінде жер жөн-жосықсыз жыртылып, топырақ эрозиясын тудырды, соның салдарынан бүгінгі таңда адамзат тағдырына ядролық апатқа қарағанда экологиялық апат үлкен қауіп төндіріп отыр.

1950-1960 жылдарындағы Кеңес өкіметінің аграрлық саясатының бір көрінісі тың және тыңайған жерлерді игеру жұмыстарынан байқалады. «Бәрі де тың игеру» қанатты сөзімен сол кезеңдегі жүйе үшін қарапайым өзіне тән нұсқасы болды және оны шешу үшін Шығыс жақтан мол жерді жырттып, егістікке пайдалану болды.

1954 жылдан бастап ауыл шаруашылығында тез арада тарихта болмаған дамуын қамтамасыз ету үмітімен, жаңа шаралар жүзеге асырыла бастады. Ол шаралардың ең негізгілерінің бірі-1954 жылы ақпан-наурыз пленумынан кейін жүзеге асырыла бастаған Қазақстанға тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты тіке қатысты, болды. Пленум Сібір және Қазақстан колхоздарының және совхоздарындағы әр гектардан 2 жылдан кейін қосымша бір миллиард екі жүз миллион пұт астық өндіруге және 14-15 центнерден астық алуға толық мүмкіндік бар деп санады.

Тыңның республикамызға тигізген пайдасы болды ма?-деген сұраққа жауап берер болсақ, тың игеру саясатының аз-кем болса да, дағдарысты баяулады, оны әлеуметтік-экономикадан саясаттан көруге болады. Сондықтан Қазақстанда орта есеппен жан басына шаққанда 2 мың кг астықтан келеді екен. Ал бүкіл әлемдік практикада азық-түлік проблемасын шешу үшін жан басына 1 мың кг астық жеткілікті екендігі дәлелденген [1].

Тың игергеннен соң Қазақстан Отан қоймасына алты рет 1 миллиард және одан да артық астық өткізді. Рас, бұл миллиардтар шын мәнінде ауа-райы қолайлы жылдары ғана алынды. Қазақстан

біртіндеп елімізде бидайдың аса бағалы қатты және күшті сорттарын беретін, өндірілетін аймаққа айналды.

Қазақстанда тың жерді игерудің алғашқы жылдары негізінен экстенсивті жүргізілгені белгілі. Тым қысқа мерзімде шамадан тыс өте көп жерді жыртып тастау партия мен халықтың ұлы еңбегі ретінде бағаланып, шұғыл және төтенше қимыл жұмыстары яғни астықты дақылдар егілетін жер көлемін арттыру есебімен республикамызға зардабын тигізді. Оны елеп-ескерген жан болмады. Тың белсенді игерілген 1954-1960 жылдары Қазақстанда 25,5 млн. гектар, ал РСФСР-да 16,6 млн. гектар тың және тыңайған жерлер игерілгені белгілі. Бұл жерлердің біразы жоспарсыз, жоспардан тыс артық жыртылған еді. Өйткені тың жерлерді игеру туралы алғашқы нұсқау қабылданған КОКП Орталық Комитетінің ақпан-наурыз (1954 ж.) пленумының келісімі бойынша 1954–1955 жылдары тың және тыңайған жерлердің есебінен дәнді дақылдар егісінің көлемін еліміз бойынша кемінде 13 млн. гектарға арттыруы, ал оның 6,3 млн. гектарын Қазақстанда жырту көзделіп, келесі 1954 жылы 13 тамызда қабылданған партия мен үкіметтің «Астық өндіруді молайту үшін тың жерлерді онан әрі игеру туралы» қаулысында айтылған жерлердің аумағын 1956 жылы 30 млн. гектарға жеткізу белгіленді. Бұл міндетті еліміз Қазақстанда 1955 жылдың өзінде-ақ еліміздегі жаңа тың және тыңайған жерлер көлемі 29,7 млн. гектар ал Қазақстанда 18 млн. гектар болды яғни, 3 миллионнан астам жер артық жыртылғандықтан мерзімінен бір жыл бұрын орындады [2].

Тың республика табиғатын да түлете алмады. Керісінше, мүлде тұралатты. Республиканың солтүстік облыстарынан - Солтүстік Қазақстан, Торғай, Қостанай, Ақмола, Павлодар, Көкшетау, аймағында жабайы аңдар мен құстардың әр түрлері ығыстырылды. Қазақ жерлерін мекендейтін кара құйрық, ормандағы сусар, құндыз, тырналар, дуадақ, безгелдек, ақ дегелең тәріздес құстар мен аңдардың азая түсуін тың процесі тездетті. Көп жерлерде көлдер суалып жылғалар тартылды. Қазір Қостанайлықтар бір кездегі облыс территориясында тың игергенге дейін бұнда бес мың көл болғанын, бұрынғы бес шаған өзеннің 20 жайылып кеткенін, әсіресе ірі, мол сулы – 121 мың шаршы километр алқапты арнасын қамтитын Тобыл өзенінің тың игерілгеннен кейін 52,2 мың шаршы километр жерді ғана айналып ағатынын бүгінгі күні олардың бес жүзі ғана сақталып қалғанын, қынжыла есептеп отыр [3].

Ғалымдардың нақты мәліметі бойынша көрсетілген мерзім ішінде ол Қостанай облысында 3,7 ден 2,7 процентке, Көкшетау облысында 4,3 тен 3,6 процентке, төмендеп кетті [4]. Осындай көріністі Целиноград, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарынан да айқын көруге болады. Табиғаттың беретінін өзіне қайтармай, одан тек ала беруді, оны «Бағындыруды» көздеген бір жақты көзқарас бізді

міне, осыған алып келді. Мұның нәтижесі де қайғылы-ақ. Республиканың солтүстігінде бірнеше миллиондаған гектар игерілген тың шаруашылық айналымынан шығып қалды.

Ғасырлар бойына қалыптасып келген табиғи орта бейнесін өзгертті. Жаппай тың игеру науқаны қоршаған ортаны: жер қыртысын, суды, ауаны бұзды. Жер қыртысы өзінің құнарлығын ғана жоғалтып қойған жоқ. Сонымен қатар құрғақшылыққа ұшырады. 1962-1965 жылдары тың игерген аудандарда 3,9 гектар егін егілетін жер істен шығып, 12,9 млн. гектар жердің астық алу өнімділігі азайды. Солтүстік Қазақстанда астық жинау жоспары 171 млн. пұтқа орындалмады. Егін егетін жыртылған жердің беткі минералды қабатын жыл сайын жел айдап әкетіп отырды. Ауыл шаруашылық ғалымдары М. Рубинштейн, Т.Тазабековтың зерттеуі бойынша 50 жылдың ішінде тың игергеннен кейінгі Шығыс Қазақстанда жердің минералды қабаты 28 ден 32 пайызға түскен. Ал Қостанай облысында жердің құнарлы қабаты тың игерудің 12 жылында 18 пайызға төмендеген. Батыс Қазақстанда жер қабатындағы гумус – 21, азот – 17, фосфор - 10 пайызға төмендеген.

Солтүстік Қазақстанда академик А.Бараевтің бастауымен, эрозиядан сақтау үшін жер қыртысын және құнарлығын арттыру жөнінде жұмыстар жүргізілгеніменен, су және жел эрозиясын тоқтата алмады. Ақмола облысында егіндік жердің 30–50 пайызға дейінгі жерін су шайып, эрозияға ұшырады [5].

Тың жерлердегі егін шығымдылығы жылдан–жылға кеміп, мүлде шегіне жеткен шақта бұрынғы қателіктер одан әрі қайталанды. «Екінші тыңды» игеру кезеңінде сортаң топырақты жерлерді жыртуға бет бұрыс жасалынды. Ғасырлар бойы малдың құнарлы жайылымдылығына есептеліп келген жер игерілген 4 миллион гектар сортаң топырақты аймақ болып табылады. Осыдан келе, экологиялық тепе–теңдікті сақтамау жұмыстары, мал шаруашылығының да төмендеуіне әкеп соққан болатын.

ӘДЕБИЕТ

1. Смайлов Қ., С.Н. Хрущев. Ағы мен қарасы //Ақиқат. – 1994. - №4. - 46-49 бб.
2. // Социалистік Қазақстан. - 1956. - 19 ақпан.
3. Омарбеков Т. Тың тұмшалаған шындық // Жұлдыз. – 1991. - №6.
4. // Казахстанская правда. - 1988. - 19 апреля.
5. Балмуханов С.Б., Сергазина Г.М. Семипалатинский ядерный полигон: история строительства и функционирования. – Семипалатинск, 1999. – С. 6.

РЕЗЮМЕ

В данной статье авторы на основе анализа архивных материалов всесторонне освещают положение сельского хозяйства в послевоенные годы с новых позиций и раскрывают положительные и негативные стороны данной проблемы.

SUMMARY

In this article, the authors on the basis of the analysis of archival materials comprehensively cover the situation of agriculture in the postwar years from a new perspective and reveal the positive and negative aspects of this problem.

**ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ
ДЕФЕКТОЛОГИЯ**

ШӘМШАТ ТӨЛЕПОВА – МӘҢГІЛІК ӨНЕР ИЕСІ

*Амиров Махсұт Оразұлы,
оқытушы
«Болашақ» университеті*

Сыр өңіріндегі әдебиеттің даму тарихы, бастау бұлағы нәр алар қайнар көзі VIII-IX ғасырдағы түркі ру-тайпаларының әдебиеті деп аталатын ежелгі дәуірден басталады. Жыраулық, жыршылық үрдіс те адамзат ой-санасының көне сүрлеуінен бастау алады. VIII-IX ғасыр аралығында өмір сүрген ұлы ойшыл, асқан кемеңгер, атақты қобызшы жырау Қорқыт ата Қайұлы жырлары мен күйлерін Сыр бойында толғаған. Сондықтан да, дана халқымыз «Жыраудың үлкен пірі Қорқыт ата», – деп мақтан етеді. Қорқыт айтыпты деген шешендік нақыл сөздер, ойшыл өсиеттер, даналық сөздер, өлең-жырлар ел жадында сақталған. Мысалы, «Ат тұяқты келеді, ақын тілді келеді», «Анасыз қыз ақылға жарымас, әкесіз ұл сыйға жарымас», «Жер тегісін құлан білер, ауыр-ауыр сілемін түйе білер, жер жапсарын түлкі білер» т.б. Сондай-ақ, Қорқыт – қобызды алғаш жасап тартқан адам. Қорқыттың жанын алғалы келген ажал күндіз-түні күңіренген қобыздың дауысынан жақындай алмайды. Неге келгенін ұмытып тұрып қалады. Қорқыттың көп күйлері сонда тартылады: «Ұлардың ұлуы», «Әуіпбай» тағы басқа. Қорқыт осылай көп заман өліммен алысады. Өлімді бәрібір жеңе алмайды. Шаршап қалғып кеткенде, ажал қайрақ жыланның кейпіне еніп, шағып өлтіреді.

Қорқыт туралы тағы бір ел аузында айтылатын аңызда: күңіренген қобыздың даусын естіп, маңайдағы жұрт дарияның екі жағынан жиналып тыңдайды. Кешке соққан самал желмен қобыз үні Арқаға дейін жетеді. Оны естіп, үйінен шыққан қырық қыз жүгіре-жүгіре жете алмай, шаршап құлайды. Жалғыз бір қыз аяғының талғанына қарамай жүгіреді. Ақыры Қорқыттың жанына жетіп жығылады.

Қорқытты ажалдан құтқарған қобызшы болғандықтан, кейінгі бақсылар да ауруды, ажалды қобызбен қорқытқан. Қорқыт – бүкіл жырау-бақсылардың атасы. Қорқыт сарынын мирас еткен Қойлыбай, Төбе тәңір, Кетбұғы сынды көптеген бақсылар болды. Ш. Уәлиханов еңбектерінде бақсыны білімді, керемет ой иесі екендігін айтады. Ол әрі сәуегей, әрі емші. Жырау – бақсылар жұртшылықпен кездескенде ең алдымен қобызға қосылып боздап сарын айтады. Сарнаған кезінде олар шабыттанады. Одан соң сөзбен сәуегейлік болжау айтуға ауысады. Ең соңында қобызбен «Қорқыт күйін» тартады.

«Қорқыттың күйшілік дәстүрі Орта Азиядағы мәдени оянудың ІХ-Х ғасырлардағы жарқын бір көрінісі еді», - дейді Ә. Қоңыратбаев [1, 125 б.].

Қорқыт аңыздарында Қорқыт қазақтың күй атасы, қазаққа ән, күй, музыка үйретуші деп айтылады. Қорқыт тұрған Сырдың бойы, Қаратау, Арқа, Жайық күй тартудың ұлы ордасы. Халық музыкасында Қорқыттан қалған мұраның ең тамашасы «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны», «Қорқыт толғауы», «Тәңірі биі». Бұлар толығынан музыка мен философияға ұласатын шығармалар.

Сыр бойы ақын-жырауларының дәстүрлі поэзиясының өткенін сөз етсек, жыраулар, термешілер, төкпе ақындар көп болған. Жыраулар өз заманының үнін, зарын жырлап, болжап, философиялық ой түйе отырып, халық мұңын толғауларына арқау еткен, сөйтіп тарихта есімдері қалған.

Жыраулар поэзиясы – ақындық өнердің ең көне түрі. «Жырау» – қазақтың төл сөзі. Ол өте ертеден өмір сүріп келеді. «Жырау» сөзі ХІ ғасырдағы

М. Қашқаридың сөздігінде де кездеседі екен. Жырау деген ескі ұғымды кейін халық ақын деп атап кеткен сияқты. Өйткені, табан асты өлең, жыр, толғау шығарып айту – бұлардың екеуіне де ортақ қасиет. Жырау сөзінің алғаш хатқа түсуі – ХІ ғасыр.

ХІХ-ХХ ғасырда Сыр бойында аты мәлім, көпшілікке танымал, айтулы жүзден аса – жыраулар өмір кешкен. Олардың жыраулық өнері мен дәстүріне көз жүгіртсек, бәріне тән ортақ бір белгіні байқаймыз. Яғни бір ғана жырау-жыраушылық дәстүрдің төңірегіне топтасқандық және бірсарын әуенділік, ауызша да, жазбаша да (сауаттылары) өлең шығарғыштық (шайырлық). Олар көбінше өздеріне ғана тән әуенділік, шешен сөзділік, қиссалы сюжетті жырлар, айтыс, толғау, нақылдар үлгілерін ұстаған. Жыраулардың сауаттылары көп болуы себепті кейде жазбаша түрде шығармалар қалдырған. Академик Рахманқұл Бердібай: «Ұлы жыраулар заманынан бері қарай қазақ жерінде алуан түрлі оқиғалар, күрделі өзгерістер болып өтсе де олардың жырындағы сап алтындай дүрдана ойлар халқымыздың санасын нұрландырып, адамдық биіктікке, асқақ ерлікке, тот баспайтын намыстылыққа, өмірдің парқы мен нарқын ғарыштық өлшем мен тұтас тануға үндеп келеді», - деп жазды [2, 153 б.]. Осылайша ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін ұштастырып, жаңа дәстүр қалыптастырған. Бұл дәстүрді ХХ ғасыр басында жасаған ақындар ілгері дамытып, көптеген шайырлар тобын құраған. Сыр өңірінің атақты жыраулары осындай ұлттық өнерімізді ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келеді. Солардың бір шоғыры: Дүзбембетұлы Жиенбай (1864-1929 ж.), Өтемісов Базар (1842-1911 ж.), Дырқайұлы Оңғар (1859-1902), Аяпов Үбсұлтан – (1889-1973 ж.), Бекежанов Нартай (1890-1954), Бөртебайұлы Сәрсенбай (1900-1961 ж.),

Жиенбаев Рүстембек (1905-1966 ж.), Ақбайұлы Сүйенбай (1919-1939), Төлепова Шәмшат (1930-2000), Рүстембеков Көшеней (1946-1973 ж.), Рүстембеков Бидас – (1951), Алматов А. (1956 ж.). т.б. сөз өнерінің ең өміршең дәстүрін бойына сіңірген. Халық мұрасын жетілдіріп жырлап, кейінгі ұрпаққа табыстаушы да жезтаңдай жыраулар мен адуын ақпа ақындар. Сол себепті де Сыр бойы ақын-жырауларында халық мұрасынан үйреніп, жанартып, дамытып ұштастырған халықтық дәстүр қалыптасқан.

Сыр сұлейлерінің көпшілігі Қармақшы өңірінде туып өскен. Сұлу сазды, алуан мақамды, жезтаңдай термешілердің көбісі осы өңірде мекендеген. Қазір осындай асыл өнерді сақтау үшін бір ғана Қармақшы ауданында төрт ақын жыраулар мектебі ашылған. Олардың мақсаты – халық шығармашылығының дәстүрлі үлгілерін дамыту, жетілдіру, атақты жыраулардың мақамын үйрену, ақындық өнерге баулу.

Белгілі жырау Алмас Алматов: «Сыр бойындағы жыраулық мектепті қалыптастыру оның ғылыми практикалық тұрғыдан зерттелуі 1985 жылдан басталды. Сол жылдары мен Европаның Франция Италия, Швейцария сияқты үш мемлекетке концерт беріп қайту бақытына ие болдым. Алғашқы сәтті өткен шығармашылық сапар болашақ Сыр бойындағы жыраулық дәстүрді ғылыми практикалық тұрғыдан зерттеуге жол ашқандығын білемін. Біздің топқа жетекші болып барған Мәдениет министрінің орынбасары Белла Менделеевна Малицкаямен ойласа отырып союз көлемінде өткізілгелі отырған эксперимент зерттеу жұмыстарының біреуі Сыр бойындағы жыраулық дәстүрге қарай бұрудың сәті түсті. Осы салада көптеген жұмыс істеп жүрген Санкт Петербургта тұратын жанашыр қызымыз ғалым, зерттеуші Алма Құнанбаеваны Москваға шақырып сонда жыраулық мектептің жобасын жасады. Осылайша облыстық халық шығармашылығы бөлімінің жанында жетекші топ құрып Шекер Орынбаева апамызбен бірлесіп, Қармақшы ауданында жыраулық мектеп топтау ісіне кірістік. Нәтижесінде Ш. Төлепова, Б. Рүстембеков, Б. Бисенбаев, А. Сәрсенбаев секілді жырауларға 10-15 баладан бекітіп, жергілікті бюджеттен ақша бөлініп, ізгілікті іс жүзеге асты», - дейді [3, 480 б.].

Шәмшат Төлепова ауданда әйгілі «Жиенбай жырау мектебі» деп аталатын жас жыраулар мен термешілер мектебіне жетекшілік етіп, өмірінің соңғы күніне дейін дәстүрлі өнеріміздің өкендеуіне зор үлес қосты, өзіндік ізін қалдырды. Атадан балаға мирас болып келе жатқан жыраулық өнерді өскелең ұрпаққа аманаттау мақсатында ол көптеген шәкірт дайындады. Шәмшат жыраудың мектебінен өткен Ерхан Кәрібозов, Акерке Өтепбергенова, Әйгерім Ешбаева және тағы басқа өнер тарландары бар.

Балалық шағы Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келген Шәмшаттың үш бірдей туған ағалары соғыстан оралмаған. Шәмшат ағаларынан үйренген жырларын домбырасымен төгіп айтып, үйдегі қалған қамкөңіл жандарды жұбатады. Анасы Тұрсын ауыл аймаққа белгілі әнші, әкесі Төлеп белгілі күйші болды. Осындай өнерлі отбасынан шыққан Шәмшат отбасындағы алты баланың кішісі болса да, ағаларынан домбыра үйреніп, өнер жолына талпынды. Әкесі 16 жасында Нартай Бекежановтың өнерпаз жастар бригадасына апарып қосады. Ағалары соғысқа аттанып хабарсыз кетеді. Өзінен үлкен әпкесі Рахима да өлең шығаратын. Сағынышқа толы хаттар жазылатын. Сол хат өлеңдерге Шәмшат мақам қосып, домбыраға салып айтатын. Терме – жырларды да жаттап, табиғатынан зерек қыз әп-сәтте «жыршы, термеші қыз» атанды. Өмірін жыршылық өнерге арнаған Шәмшат репертуарынды Сыр сүлейлері: Ешнияз сал, Тұрмағамбет, Шораяқтың Омары т.б. ақын-жырауларының шығармалары бар еді. Солардың бірі Әбдікәрім Оңалбаевтың сөзіне жазылған «Нағашыма» әні. Бұл туралы ол «Әбекеннің курорты – ауылдың ақ топырағы мен көгалы еді» деген естелігінде: «Әбдікәрім бізге бөле болады, әрі кете жағынан нағашысы боламыз. Мен алғаш рет Әбекенді 1943 жылы көрдім. Нағашысы Шалғымбай мен Ақшамның үйіне келді. Ақшам менің апам. Ол нағашысының үйіне жылына екі рет келетін еді. Курорты – нағашылары еді. Мен филормонияды (1948-50) істеп жүргенде, үйіне барып тұрдым, өлеңін жаттап алдым. Ол кісіге ауылдың ақ топырағы мен көгалы – курорт еді. Бірде оның ауылға жақындағанда, машинадан түсе қалып көгалға аунағаны есімде.

1961 жылы 60 жылдық мерейтойына өзі үйге келіп шақырды. «Әдейі өзім келдім, туысқан боп бармайсың, жырау боп барасың», - деді. Үш күн жырлап тойын өткіздік. Ол кезде нағашылары да түгел еді. «Нағашыма» деген өлеңін алғаш орындаушы едім. 80 жылдық мерейтойына қатыса алмадым, сол кезде Әбекеннің нағашысы Шәкенді күзетіп отыр едік», - деп еске алады. Шәмшат Төлепованың орындауындағы «Нағашыма» әні халықтың көкейінде жүрген шығармалардың бірі.

Шәмшат - жыршы. Жыршылық дәстүр ертеде Қазақстанның барлық бұрышында да орын тепкен. Тарихта аты қалған Марабай, Мергенбай, Жанақ, Нысанбай, Құлыншақ, Майкөт секілді ақын-жыршылардың ауыз әдебиет байлығын насихаттау мен жеткізудегі еңбегі елеулі. Халықтың замандар бойында екшелеген, саф алтындай таза, өміршен, дана, көркемсөз қазынасын жетілдіруде, әсіресе, ұлы мұра – эпосты жоғары идеялық-көркемдік дәрежеге көтеруде жыршылардың орны ерекше. Десек те, Шәмшатты халық жырау деп қабылдайды. Қазақта өлең мен жыр атаулары қатар қолданылып келгені белгілі. Олай болса, өлең айтушыны өлеңші дегені секілді жыр

жаттағанды жыршы деп атап кетуі де табиғи. Шәмшат – жыршылық өнердің классикалық үлгісін табиғи қалпында асқан шеберлікпен жеткізген адамның бірі.

ӘДЕБИЕТ

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. - А.: Ана тілі, 1991. – 288 б.
2. Бердібай Р. Он томдық шығармалар жинағы, 4 том: Түбі бір түрікпіз. Құрастырған Д. Ысқақұлы. – Алматы: РПБК «Дәуір», 2018. - 352 б.
3. Алматов А. Жыр керуені. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2016. - 672 б.
4. Тайманова С. Ә. Оналбаевтың әдеби мұрасы. – Қызылорда: Тұмар, 2007. – 271 б.

РЕЗЮМЕ

В статье автор рассказывает о Шамшате Тулеповой, как поэте, продолжающей народную традицию. Она руководитель «Школы Жиенбай жырау».

SUMMARY

In the article, the author tells about Shamshat Tulepova, a poet who continues the tradition. She is a head of the “Zhiyenbai Zhyrau School”.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДІ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ МЕН ТЕХНИКАСЫНА ҮЙРЕТУ

*Садуахасова Гаухар Жеңісқызы,
академиялық доцент, «Болашақ» университеті;
Досмамбетова Шолпан Базарбайқызы,
педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
«Болашақ» университеті*

Тіл – тұлғаны қалыптастырудың, әлеуметтік тұрақтануының маңызды құралы. Оқу-тәрбие үрдісінде тіл ерекше орынға ие. Егер сөзді педагог белгілі бір мақсатта тәрбиелеу құралы ретінде пайдаланса, оның ықпалы, сөзсіз, артады. Кез-келген мамандық бойынша мұғалімнің, тәрбиешінің сөйлеу материалы дұрыс, мотивті түрде таңдалып, тәрбие мақсатына, ситуацияға, белгілі бір жағдайлардың ерекшеліктері мен сипатына сәйкес жүзеге асырылуы үлкен жауапкершілікті қажет етеді.

Ойды шебер әрі көркем жеткізу үшін төрт факторды назарға алу керек. Олар: дем, сөйлеу мәнері, дауыс және ойды дұрыс жеткізу. Тыныс алудан адамның сөйлеу мәнері қалыптасады. Сөйлеу мәнерін қалыптастыру мен дыбыстарды айқын айту үшін түрлі жаттығулар жасау керек. Сөздік қорды байытып, ойды нық жеткізуге дағдыланған абзал. Бойдағы талантты тұншықтырмаудың бір жолы – еңбектену. Ендеше еңбектену жолында келесі ережелерді ескере жүрген жөн-ақ: 1. Дауысты дыбыстардың шығуына кедергі келтірмейтіндей, дыбыс тамақта тығылмай еркін шығатындай үлкен тіл мен кішкентай тілді икемге келтіру керек. 2. Денені әрқашан еркін ұстау маңызды. Тамақ пен мойын сіресіп тұрмағаны дұрыс. 3. Сөйлегенде дауысты дыбыстарға баса мән беріп, анық әрі созыңқырап айту керек. 4. Иек пен жақ еркіндікте болып, тістің ашық болуын қадағалау қажет. 5. Тамақтың сырқаттанып қалуынан сақтану керек. Ол үшін өте ыстық, мұздай, ащы және тұщы тағамдарды талғап жеу қажет. 6. Темекі тарту, ішімдік ішу - дауысқа кедергі келтіреді. Тіпті айтарлықтай зиянын тигізуі де мүмкін. 7. Сөйлеу мәнері үшін дұрыс дем алу маңызды. Ол үшін демге қатысты кей жаттығуларды жиі жасап тұру керек [1].

Мұғалімнің педагогикалық дағдысы бірнеше компоненттен тұрады. Олардың арасында мұғалімнің сөйлеу мәдениеті мен технологиясы аса маңызды. Жалпы, барлық мұғалім жазбаша және ауызша сөйлеу қабілетіне ие болуы керек. Әсіресе бастауыш сынып мұғалімі үшін бұл дағдылардың орны ерекше. Мұғалімнің сабақ үстінде, сабақтан тыс кезде, балалармен, ата-аналармен,

әріптестерімен бейнелі түрде, сауатты, интонациялық жағынан таза, лексикалық қырынан бай тілде сөйлеуі оқу-тәрбие саласындағы көптеген түйінді мәселелерді шешуге, балалардың тілін дамытуға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті – құнды және көп қырлы ұғым. Нақты бір қарым-қатынас кезінде арнайы сұрыпталып қолданылған тіл элементтері сөйлеу болып табылады. Осындай іріктеудің дәлдігі, сөйлеушінің эрудициясына, оның тілдік мүмкіндікті саналы түрде қолдануға қабілеттілігіне байланысты.

Нормалар тұжырымдамасына негіздеп дұрыс сөйлеу сөз мәдениетін дамытудың негізі болып саналады. Орфоэпиялық, лексикалық, грамматикалық, стилистикалық нормалар сөйлеуді белгілі бір дәрежеде ұстауға сеп болады, тілдің байлығын сақтауға және оны одан әрі дамытуға ықпал етеді. Сонымен бірге «сөйлеу мәдениеті» түсінігіне тазалық, дәлдік, айқындылық сияқты компоненттер кіреді. Әсіресе қарым-қатынас кезінде мұғалімнің жан-тәнімен сөйлеуі тыңдаушыға жақсы әсер етеді. Сондықтан сыртынан сауатты көрінгенімен, мазмұны жағынан сөйлеушінің әңгіме ауанына соншалықты кірікпей тұрғанын сездіретін сөз тыңдаушыға жетпейді, кейде тіпті теріс нәтиже беруі мүмкін.

Мұғалімнің сөзі оның жеке тұлғасынан, балалармен қарым-қатынас жасау стилінен бөлек қаралмайды. Балалармен еркін қарым-қатынас жасайтын мұғалімдер педагогикалық ұстанымның сыртқы құралдарын үнемі жақсартып, жаңартуы керек. Балалармен сөйлесу кезінде мұғалімнің бір жақты сөйлеу әсерін болдырмайтын және қарым-қатынас субъектілерінің барынша белсенділігін болжайтын диалог тұруы тиіс. Әдетте сөйлеу кезіндегі кемшіліктер (келіспеушілік, зерттелетін тақырыптан ауытқу, түсініксіздік, ой-пікірін дәл беруге қабілетсіздік) көбіне жоғары ішкі мәдениет пен кәсіби дағдының кемдігі салдарынан, мұғалімнің бір жақты сөйлеуінен болады. Өкінішке орай, мұғалім қарым-қатынасының өзгеріске түспейтін біртектілігі, диалог жүргізе алмауы, байланыс жасаушы серіктесін сезіне алмауы, пікірталасқа ынталандыра алмауы оның тәлімгер ролінде дамымай, бір орында тұрып қалуына әсер етеді.

Тәжірибе көрсеткендей, мұғалімдерге педагогикалық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін және лингвистикалық білімдерін толықтыратын шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды қолданған дұрыс. Әсіресе, мынадай тапсырмалар тиімді:

1. Өмірдегі өз бақылауларыңызда кездескен әдеби тіл нормаларының бұзылуына (сөйлеу, екпін, сөзжасам, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық нормалар) мысалдар келтіріңіз.

2. Бастауыш сыныптағы сабаққа немесе сабақтан тыс іс-шараға қатысып, мұғалімнің мәдени сөйлеу тіліне талдау жасаңыз.

3. Іскерлік ойындардың варианттары:

- Әдебиеттік оқу, дүниетану пәндерінен жаңа материалды түсіндіретін фрагменттерді таңдаңыз. Өзіңізді сынып алдында тұрғандай елестетіп, тұрақты сөз тіркестерін, нақыл сөздерді, мақал-мәтелдерді қолданып сөйлеңіз;

- Ата-аналармен сөйлесу арысында қолданатын сөздеріңізді таңдап алыңыз;

- «Әдебиеттік оқу» кітабынан түсіндіруді қажет ететін сөздерді теріп, өз сөзіңізбен түсісіктеме беріңіз;

- Оқушыларыңыздың ата-атасмен алғаш кездесіп, әңгімелескеніңізді елестетіңіз.

4. Жазбаша үлгі түрлері (есеп, арыз, өтініш, аннотация, реферат, т.б.) мен мектеп құжаттарын құрып жаттығыңыз.

Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті әбден қалыптасқан автоматты сөйлеу техникасымен тығыз байланысты. Сөйлеу мәдениеті мен сөйлеу техникасын сөз қылғанда бір-бірімен тығыз байланысты осы екі құбылыстың берер ілімін толық түсінуіміз қажет. Бұл бірліктің үлгісі ретінде мәтін мазмұнының логикасы мен мазмұндау логикасының немесе эмоционалды-экспрессиялы сөйлеу арасындағы байланысты алуға болады. Сөйлеу техникасы кәсіби педагогикалық байланысты қамтамасыз ететін тыныс алу, дауысты қалыпқа түсіру, лекция, темпоритм, интонация әдістерінің жүйесін білдіреді.

Сөйлеу – адамның бір-бірімен қатынасында ойын, еркін, сезімін білдіріп жеткізу үшін тілді қолдану үрдісі. Сөйлеу техникасын үйренуді дем алысты қалыпқа келтіруден бастау керек. Сөйлеу физиологиялық тыныс алуға қарағанда ауаны үнемдеп жұмсауымен ерекшеленетін фонациялық тыныс алу арқылы жүргізіледі. Дыбыс демді шығарып жатқанда жасалады, сондықтан сөйлеу үшін максималды тыныс алу қажет.

Өмірлік маңызды функция бола отырып, тыныс алу – ағзадағы барлық жасушаларға оттегін тасымалдап, мүшелердің жұмыс қабілетін арттырады. Тыныс алу екі қимыл арқылы жүзеге асады: дем алу және дем шығару. Бұл әрекетке диафрагма, өкпенің кеңеюіне септігін тигізетін және кеуде мен құрсақ қуысын бөлетін жұп емес жалпақ бұлшық ет жауап береді.

Дыбыс сапасы адамның дұрыс тыныс алу дағдысы осыған байланысты. Тыныс алу кезінде фонация пайда болады, біршама ұзаққа созылады, ал тыныс шығару қысқарады. Тыныс алу кезеңі автоматты түрден, ойламаған жерден, басқарушылыққа өтеді. Тыныс шығару бұлшық етінің одан сайын күшіне енуі сөйлеушінің фонация кезінде тынысты үнемді ұстауына ықпал етеді.

Тыныс алудың мынадай түрлері бар: үстіңгі кеуделік (мұнда белгілі бұлшықеттер қатты жұмыс істейді, ал нәтижесінде екі иық көтеріледі); кеуделік (сыртқы тыныстың қозғалыстары кеуделік

жасушаның қарқынды қозғалысымен байланысады, диафрагма тыныс алғанда көтеріледі де, ал іш тартылады); құрсақтық, көкіректік (тыныс диафрагманың қарқындылығымен және іш бұлшықетімен сезіледі) және арала (тыныс кеуделік сияқты бұлшық еттердің қарқынды жұмысы арқылы сезіледі).

Тыныс алу техникасымен жұмыс істеу үшін мына әдістерді қолдануға болады:

1. Қысқа тыныс алып, санау арқылы тынысты шығару. Жаттығуды қайталаған сайын тыныс шығарғанда цифр санын көбейтіп отыру керек.

2. Төменгі қабырғалар қозғалысын сезіне отырып қысқа тыныс алу, әркім өз қозғалысына есеп бере отырып, төменгі қабырғаларын қолымен ұстай отырып, санаумен ұзыннан тыныс шығару, цифр қатары осылай көбейе береді.

3. Төменгі қабырғалар қозғалысы арқылы қысқа тыныс алу, тынысты ұстаумен ақырын санай отырып тынысты шығару.

4. Төменгі қабырғалар қозғалысымен тыныс алу, тынысты ұстап, дирижер қолымен жұмыс атакамен бір дыбысты примарды тонға дейін бір қалыпты дыбыс күшімен айту. Басында дыбыс 2-3 секунд созылады, кейіннен ұзарады.

Бұл жаттығуларды бастар алдында эмоциолналды және физикалық тұрғыдан денені бос ұстаған дұрыс. Оған белгілі дәрежеде бұлшық еттерді босатуға арналған аутогендік жаттығулар әсер етеді. Бұндай жаттығуларды алдымен мұғалімнің жетекшілігімен, кейін оқушы өздігінен жасай алады. Осындай жаттығудың үлгілік кестесін ұсынайық: денені бос ұстаған күйде (екі қол бос күйде тізенің үстінде, аяқтың арасы сәл алшақ, бас сәл төмен еңкейген күйде) орындықта отырады. Қол мен аяқта жылу сезілу қажет. Тыныс алу еркін болады. Өзіңізге қалауыңыз бойынша жақсы жағдайды тапсырма ретінде беріңіз (мысалы, менің көңіл-күйім жақсы, жұмыс жасау қабілетім керемет, т.б.).

Сөйлеу техникасының келесі компоненті – дауыс. Мұғалім жұмысының көпшілігі дауыспен қатысты болғандықтан, дауыс күтіміне, оны тәрбиелеуге баса назар аударуы керек. Қарқынды түрде шығатын демге қарағанда дауыс меңгеруге бейім болуы керек. Ол үшін адам өз дауысының резонаторын басқара алуы керек. Резонатордың екі түрі бар: төменгі және жоғарғы. Кеуде қуысының резонаторына кеңірдек, бас резонаторына таңдай жатады. Сөйлеу барысында, ән айтқандағыдай емес, регистрлер өздігінен қолданылмайды. Жоғарғы регистрде төменгі резонатор, төменгі регистрде жоғарғы резонатор әрекет етеді. Бұл кәсіби дауысты дамыту қажет екендігін тағы да дәлелдей түседі. Кәсіби дауыс үшін дыбыстың күші мен қарқындылығы, икемділігі, тембрдің жағымдылығы,

диапазонның кеңдігі керек. Дұрыс тәрбиеленген кәсіби дауыс мұғалім жұмысының өнімді болуын қамтамасыз етеді.

Дауыс аппаратын жетілдіру үшін төмендегі жаттығуларды жасауға болады:

1. Қоңырау дыбысын салу. «Бом-бом» дыбыстар тіркесін берілген тонда әр түрлі регистрде шығару.

2. «Суға секіру» жаттығуы. Белгілі бір өлең жолдарын төменгі тоннан жоғарғы тонға дейін немесе керісінше оқу.

Дауысты тәрбиелеу кезінде сөйлеуге қатысты қажет интонацияны табу да маңызды болып саналады. Демалуға, дауысты шығаруға қарағанда, интонация «тәрбиеге көнбейді». Қанша жаттықса да, жасандылық байқалып қалуы мүмкін. А.С.Макаренконың айтуынша, «Мен «мында кел» тіркесін 15-20 түрлі дауыс реңімен айтуды, бет-әлпет, дене тұрпаты, дауыс көмегімен 20 түрлі ақпаратты беруді үйренген шақта ғана шебер атандым» дейді [2].

Дауыс интонациясын жетілдіру үшін мына жаттығуларды орындау қажет.

1. «Қал-жағдайыңыз жақсы ма?» деп әр түрлі реңкте (таңқалып, қуанып, ренжіп, сенімділікпен, наразылықпен) айтыңыз.

2. Ойынға қатысушылар «мында кел» тіркесін кезекпен айтады, бірақ алдыңғы адамның интонациясын қайталамауы тиіс. Жаңа интонациямен айта алмаған қатысушы ойыннан шығады. Бұндай жаттығу сонымен бірге әңгімелесуші адамның дауыс интонациясын айыруды үйренеді.

Сонымен бірге жаттығулардан бөлек өмірде кездесетін әр түрлі ситуациялық жағдайларды тапсыру арқылы да интонацияны жетілдіруге болады. Мысалы, мұғалімге «сіз – бастауыш сынып мұғалімісіз. Паралель сыныптың мұғалімі ауырып қалуына байланысты директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары сізге сол сыныпта сабақ беруіңізді өтінді. Сіз өзіңізге таныс емес сыныпқа кірдіңіз. Сіздің әрекетіңіз...», оқушыға: «қоңырау соғылғаннан кейін сіз оқитын сыныптың кабинетіне бейтаныс мұғалім кірді. Сіздің әрекетіңіз...» деген сияқты жағдайларды тапсыруға болады.

Сөйлеу техникасының келесі компоненті – дикция, яғни айтудың ашықтығы мен тазалығы. Тыныс алу, дауыс, дикция үшеуі – бір құрылымның бөлінбес бөлшектері. Дауыс ашық, таза шығу үшін артикуляция дұрыс болуы керек. Сондықтан дикциямен жұмыс жасау үшін артикуляциялық жаттығудан басталу керек. Яғни әр дыбыстың жасалу ерекшелігін білмесе болмайды. «Мұғалім балаға нені қалай үйретсе, солай қалыптасады. Сондықтан мұғалімнің өз сөзі анық, ашық айтылуы тиіс. Оның сөйлеу тілінде, сөзінде, дыбыстарында мүкіс болмауы керек, себебі шәкірт өз ұстазына еліктейді. Шәкірттер алдында сөйлеген әрбір сөзіне жауапкершілікпен қарап, асықпай сөйлеуге, әрбір тіл дыбыстарын анық, таза айтуға қалыптасуы

міндетті. Егер әрбір тіл дыбыстарының артикуляциясын (жасалуын) дұрыс меңгеріп дыбыстаса, әрбір тіл дыбысы анық айтылады. Дыбыстың анық, ашық таза айтылуы буындардың анық, ашық айтылуына, буындардан тұратын сөздердің анық айтылуына, сөздер мен сөз тіркестерінен тұратын сөйлемдердің анық, таза естілуіне жағдай жасайды. Сол арқылы тұтас тексттің мән-мағынасын түсініп оқуына жетелейді» [3].

Сөйлеу мәдениеті мен техникасына үйрету – күрделі процесс. Мәдени түрде сөйлеу техникасын мәжбүрлеу арқылы үйрете алмайтынымыз анық. Бұл жерде жүйелі жаттығулар принципін ұстанған дұрыс.

ӘДЕБИЕТ

1. <https://massaget.kz/layfstayl/zhadnama/55389/>
2. Макаренко А.С. Педагогические сочинения в 8 томах. Том 1. [Pdf- 138М] [Тхт- 371к Составители: Л.Ю. Гордин, А.А. Фролов. Москва: Издательство «Педагогика», 1983.
3. Желдербаева С. Мәнерлеп оқу: Көмекші оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті. 1992. - 112 б.
4. Введенская Л.А., Павлова Л.Г. Культура и искусство речи. - Ростов-н/Д., 1996.
5. Козаржевский А.Ч. Мастерство устной речи лектора. - М., 1983.
6. Абенова Е., Машенбаев Т. Жас мұғалім жақсы ұстаз болу үшін // Қазақстан мектебі. - 2003. - №9. – 7 б.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена вопросам усвоения культуры и техники речи будущего учителя начальных классов. Также приводятся ряд эффективных задач и упражнения для развития дыхания и голосового аппарата.

SUMMARY

The article is devoted to the issues of mastering the culture and technology speech of the future primary school teacher. It provides a number of effective tasks and exercises for the development of breathing and vocal apparatus.

ОҚУШЫЛАРҒА АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ ОРНЫ

*Ақышова Нұргүл Мақсұтқызы,
педагогика ғылымдарының магистрі,
«Болашақ» университеті;
Тұнғатова Нұргүл Әмірханқызы,
педагогика ғылымдарының магистрі
«Болашақ» университеті*

Тәрбие қоғамдық құбылыс, қоғам мен жеке тұлғаның арақатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе. Тәрбие процесінің негізгі мақсаты – жеке тұлғаны әлеуметтендіріп, оның жағымды қасиеттерін дамыту, қоршаған ортадағы адамдармен тіл табысып, өзіне және басқаларға ыңғайлы болу болып табылады. Оқушылардың сапалы тәртібін, жағымды мінезін қалыптастыру, оған сәйкес сезімін және сенімін тәрбиелеу отбасының және оқу орындарындағы тәрбиешінің функциясын атқаратын барлық қызметкерлердің негізгі мақсатқа бағытталған іс-әрекетінің тиімділігіне байланысты. Дегенмен бұл жерде отбасының да алатын ролі ерекше. Ұлы педагог В.А. Сухомлинскийдің айтуы бойынша «Егер баланы тәрбиеленген дәрежеге жеткізудің сәті түссе, адамгершілік тәрбие жеке адамды жетілдіруде тиімді ықпал жасайды. Егер біз балаға қуаныш пен бақыт бере алсақ, ол бала дәл сондай бола алады». Дүние жүзінде, оның ішінде біздің отанымыз.

Қазақстанда, әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында ізгілік, яғни адамгершілік тәрбие шешуші фактор болуы заңдылық. Жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру барысында адамгершілік тәрбиесі - үзідіксіз жүргізілетін процесс. Ол адамның өмірге келген күнінен бастап өмір бойы жалғаса береді. Оның мазмұнын оқушының жеке бас қасиеттерінің кең шеңберін қамтиды. Оқушыларға адамгершілік тәрбие беруде отбасы мен мектептің орны ерекше. Өйткені бала туған күннен бастап ата-анасының аясында өсіп, өмірлік тәжірибесі қалыптаса бастайды. Бала мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап оны тәрбиелеумен қатар ана-аналарға тәлім-тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы, оларда орын алатын жағымсыз мінездерді қайта құру жолдары, оқыту мазмұнын балаларға толық меңгертудегі отбасының көмегі т.с.с. мәселелер бойынша көптеген проблемаларды түсіндіру мектеп қызметкерлеріне жүктеледі. Отбасы адамзат баласының шыр етіп келгенде есігін айқара ашып енетін үйі, өсіп ержететін, тәрбие алатын аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі, ұясы. Қай заманда болса да, үйелменнің адамзат

ұрпағына ететін ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Себебі, үйелмен мүшелерінің бір-біріне кісілік қарым-қатынас, эмоциялық сезімдері, ілтипат-ықыластары өмірінің жайымен, жанының табиғи бірлігіне, тұтастығына негізімен жақындық, үйелмен тәрбиесінің күші осында. Отбасы ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан адам баласының әлеуметтік ортасы.

Халықтың салт-дәстүрін әдет-ғұрыптарының сақтаушысы. Сондықтан отбасы тәрбиесі халықтың ой арманымен мол тәжірибесімен ұлттық дәстүрімен дамып ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи мұра. Отбасы ең алғашқы жастарды тәрбиелеу мұрасы, оның негізгі мақсаты балалар тәрбиесі. Әрбір отбасыда балалардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру ең бірінші ата-ана тәрбиесіне байланысты. Біз бұл бөлімде отбасының бала тәрбиесіндегі алатын орнын және отбасы тәрбиесімен ұстаздар арасындағы байланыстарға тоқталамыз. Үйелмен тәрбиесінің түрлері мен мүмкіндіктері көп, әсіресе, көргенді, ынтымақты, тату-тәтті тұратын отбасында шаңырақ шаттығы-негізінен, қоғамдық сананың адамгершілік, кісілік, қайырымдылық, әдептілік, әділеттілік сияқты толып жатқан моральдық ұйымдарға негізделеді. Бала үшін отбасында ең алдымен, әке-шешесінің, ата-әжесінің басқа да ересектердің инабатты, кісілік үлгілерінің маңызы зор. Бала өз заманына тән кісілікті, әдептілікті, қайырымдылықты, тіпті бұрақылықты да алғаш рет осы өзінің отбасында меңгереді. Үй ішінде күнделікті айтылатын қариялардың ұлағатты өсиеттері мен ақылы, ал жастардың оларға деген сый құрметі, адал көңілі, әдепті қылықтары, ерке-назы, әзіл-оспағы, жалпы алғанда, дұрыс қалыптасқан моральдық-психологиялық қарым-қатынастар отбасы өмірінің ерекше бір байлығы, әшекейлі көркі. Мұндай ортада өскен балалар бақытты, олардың өмірден алатыны да, өмірге беретіні де көп болады. Мектеп осы уақытқа дейін балалардың бойындағы қабілетін, қайсы нәрсеге бейімділігін, ол қабілеттер мен бейімділіктер қашан, қай мезгілде пайда болатынын толық шеше алмай келеді. Соның салдарынан дүниеде миллиондаған адамдар өздерінің болашақтағы орнын дұрыс таңдай алмай қиналады, сәтсіздікке ұшырайды. Отбасы мен ата-аналардың осы проблемаларды шешуге тигізетін пайдасы мол. Арманшыл талапты жастарға мамандық таңдау үстінде дұрыс бағыт, кеңес беретіндер, негізінен, солар. А.С.Макаренко ата-аналарға арнаған бір сөзінде былай деген: «Сіздің мінез-құлқыңыз - жеткіншек тәрбиедегі бірден-бір шешуші құрал. Егер сіз дөрекі және мақтаншақ немесе маскүнем болсаңыз-онда сізге тәрбие туралы ойлаудың қажеті жоқ. Сіз қалай киінсеңіз, басқалармен қалай әңгімелесіз, қалай қуанып, қалай қайғырасыз, достарыңызбен және қас адамдарыңызбен қалай қатынас жасайсыз, сіз қалай күлесіз, газетті қалай оқисыз, радионы қалай

тыңдайсыз, міне, мұның барлығының да бала үшін маңызы ерекше». Ол өз еңбектерінде ата-аналар беделі туралы үлкен сөз көтеріп бала тәрбиесінде бұл беделдің алатын орнын көрсеткен. Әрине отбасында баланы мадақтау, оларға түрліше сыйлықтар беру сияқты дәстүрлер болуы мүмкін, бірақ жақсы қылықтар көрсеткені үшін сыйлықтар ұсыну мүмкін емес. Мұндай жағдайда бала жақсы істерді қоғам игілігі үшін емес, ата-анасынан сыйлық алу үшін деп ұғып, үлкен сыйлық алу мақсатында олар саудаласуды үйреншікті әдетке айналдырады. Ондай бала отбасы мен мектеп және Отан алдындағы борышын толық сезбейтін болып өсуі мүмкін. Әрбір ата-ана баласының тәрбиесі үшін Отан алдында, мемлекет алдында жауапты екенін ұмытпағаны абзал.

Ата-анасына балалардың мінез-құлқын, бейімділігін сынып ішінде оқушылардың қарым-қатынасын, қоғамдық жүктемені орындауын, мектептегі сабаққа ынта-жігерін айта келіп, осы отбасына тән ерекшеліктерді ескеру. Мінез түрлілігі сияқты әр отбасы айтқан ойларды әртүрлі қабылдап жатады. Бірі ерекше ілтипат көрсетсе кейбіреулері жақтырмайды. Сынып жетекшісі, психолог екінші ата-ана болғандықтан олармен тіл табысып отыруы керек. Мектеп оқу-тәрбие жұмысының мазмұнын жақсартуға қамқорлық жасайды, ата-аналарды, барлық жұртшылықты қатыстырады. Сондықтан адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда мектеп пен отбасының мақсат міндеттері бір екенін ата-аналар жақсы түсіністе болуы қажет. Мектеп осы уақытқа дейін балалардың бойындағы қабілетін, қайсы нәрсеге бейімділігін, ол қабілеттер мен бейімділіктер қашан, қай мезгілде пайда болатынын толық шеше алмай келеді. Соның салдарынан дүниеде миллиондаған адамдар өзінің болашақтағы орнын дұрыс тандай алмай қиналады сәтсіздікке ұшырайды. Ал отбасы мен ата-аналардың осы проблемаларды шешуге тигізетін пайдасы мол. Себебі, балалардың сырын да, қабілетін де ата-аналарынан артық білетін адам жоқ. Адамның ең асыл қасиетінің бірі - оның жұртқа ұнамды мінез-құлқы. Ол қасиет негізінен отбасында қалыптасады. Даму процесінде баланың мінез-құлқы мен іс-әрекетіндегі негізгі өзгерістердің бәрі үйрету барысында меңгерілетін психологиялық қасиеттердің көрініс беруі. Н.К. Крупская өзінің еңбектерінде ата-аналарды педагогикалық минимуммен үйретіп, оларды ғылыми тұрғыда қаруландырудың қажет екенін бірнеше рет айтқан болатын. Ата-аналардың тәрбие процесінде жеке адамның қалыптасуына ықпалы, олардың жалпы және педагогикалық мәдениетіне байланысты. Осы тұрғыдан педагогикалық-психологиялық білім негіздерімен ата-аналарды қаруландыру мектеп алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Әке мен шеше өз жанының бір бөлігін басқаларға беретін адамдардың қуанышы мен қайғысын бүге білмейтін отбасыларында ізгі жанды, сергек, сезімтал болып өседі. Ең жаман нәрсе жекелеген ата-аналардың өзімшілдігі, жеке

басын күтіп кетуі. Кейде мұндай жаман нәрсе өз баласына деген инстингтілігі, соқыр сүйіспеншілікке айналады. Егер әке мен шеше өз жүрегінің барлық күнін басқаларға беріп олардың тасасынан басқа адамдарды көрмейтін болса, бұл дәрекі сүйіспеншілік ақыр аяғында бақытсыздыққа айналады. Бала отбасының айнасы, бір тамшы суда күн сәулесі қалай бейнеленсе, шеше мен әкенің адамгершілік тазалығы да балаларда солай бейнеленеді.

Мектеп пен ата-ананың міндеті - әр балаға бақыт беру. Бақыт алуан қырлы. Ол адамдардың өз қабілетін ашып, еңбекті сүйіп, жасампаз бала білуінде де және қоршаған дүниенің кеңдігінен ләззат алып, басқалар үшін әсемдік жасаулар да, басқа адамды сүйіп өзі де біреудің сүйіктісі болып, балаларды нағыз адам етіп өсіре білуінде. Үй ішінде күнделікті айтылатын қариялардың ұлағатты қасиеттері мен ақыл сөздері, жастардың оларға деген сый-құрметі, адал көңілі, әдепті қылықтары, ерке-назы, әзіл-оспағы, жалпы алғанда, дұрыс қалыптасқан моральдық-психологиялық қарым-қатынастар отбасы өмірінің ерекше бір байлығы, әшекейлі көркі. Мұндай үйде өскен балалар бақытты, олардың өмірінен алатыны да, өмірге беретіні де көп болады. Ата-аналар балаларын мәдениетті, кішіпейіл адал азамат етіп өсіргілері келсе, ең алдымен, олардың өздері кіршіксіз таза адам болуы керек және баланың бойындағы теріс қылықтардың пайда болу себебі отбасыдағы үлкендердің жеке басындағы кемістіктермен байланыстылығын түсінгені қажет. Сондықтан балаларды тәрбиелеуде олардың ата-аналарына тәрбиелік ықпал жасаудың ролі өте үлкен. Мектепте оқушыларды оқыту барысында мектеп пен отбасының ортақ күшімен балалардың барлық таным процестері дамып, интеллектуалдық қабілеті көрініс береді. Ата-аналармен жүргізілген кездесулер барысында оларға балалардың интеллектуалдық даму негізінде таным процестері жататыны, үйренудің түрлері және үйге берілген тапсырмаларды орындау барысында, жүре үйрену барысында ата-аналар үлкен роль атқаратыны көрсетіледі. Мектеп пен отбасының ынтымақтастығының бірнеше формалары бар. Мектеп пен отбасы байланысының басты формасы ата-аналар жиналысы. Онда көптеген мәселелер мысалы күнделікті өмір, еңбек, демалыс, оқушылардың бос уақыты, кәсіптік бағдар, оқу және тәрбие жұмысы, т.б. талқыланады және оларды одан әрі жетілдірудің нақты жолдары қарастырылады. Байланыс формаларының екінші түрі - педагогтардың оқушылар үйлеріне баруы. Мақсат: оқушылардың үй жағдайымен, күнделікті өмірімен, тұрмысымен танысу, оқу және тәрбиеге байланысты әр түрлі тақырыптарда ата-аналармен әңгіме өткізу, пікір алмасу. Мектеп пен отбасы ынтымақтастығының үшінші формасы - педагогикалық-психологиялық білімдерді насихаттай, яғни ата-аналарға педагогикалық-психологиялық білім беру. Қазір ата-аналар мен қалың

бұқара халық арасында психологиялық және педагогикалық білімді насихаттаудың маңызы өте зор. Насихаттау барысында оқушыны тәрбиелеу міндеттерін шешу жолдары талқыланып, отбасында шешетін көптеген проблемалардың мән-мағынасы анықталып, оны шешудің тиімді жолдарын табуға мүмкіндік туады. Халықтың өзі жасаған бастауларға сүйенген тәрбие ғана өз күшінде бола алады. Бұл тәрбиенің артықшылығы: әр адам ең алдымен өз халқының перзенті екендігін сезінуі, екіншіден, өз халқының болашағы сол жекелеген адамдарға байланысты екендігін сезінеді. Мектеп оқушыларының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда отбасының ролі, ата-анасының қарым-қатынасқа балаларын үйретуі, барлық адами қасиеттерді қалыптастыруда жетекші орын алатыны анық. Отбасы - адамгершілік тәрбиесінің негізі болғандықтан психологиялық қызмет көрсетуде ата-аналарға балалардың теріс деп бағаланатын қасиеттерін диагностикалау нәтижелерімен таныстырып, оларға бұл проблеманы шешу жолдарын анықтаудың ролін көрсету қажет. Тәлім-тәрбие процесі тиімді болуына халық педагогикасының элементтерін пайдалану халық ағарту саласындағы кейбір теріс жағдайлардың орын алуы, мектеп, гимназия, лицейлердің оқу-тәрбие жұмысының мазмұнында халықтың ежелгі тәрбиесінің ескерілмеуінде екені көптеген зерттеулерде дәлелденген.

ӘДЕБИЕТ

1. Тілеужан М. Рухани өнегелі тәрбие // Бала тәрбиесі. - Алматы, 2006.
2. Ахметова М.Т. Адамгершілік – рухани тәрбиенің маңыздылығы // Өзіндік таным.
3. Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы // Бастауыш мектепте оқыту. – 2007.
4. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші // Бала тәрбиесі. - 2008.

РЕЗЮМЕ

Семья является для человека гнездом, светлой колыбелью, в котором человек с момента появления на свет приобретает в нем нравственное воспитание. В какое бы время ни было, влияние семьи на воспитание своего поколения нельзя ни с чем сравнить. Потому что, отношение членов семьи друг с другом, эмоциональные чувства, уважение друг- друга, духовны естественное объединения, согласие и милосердие, все эти качества человек получает именно в семье.

SUMMARY

Family is a nest where people give birth, live. It is a sacred place where people from the moment of his appearance acquires moral upbringing. No matter, what is the time, the influence of the family on

upbringing of the child is nothing to compare with. The relation between the members of one family, their emotional feelings, respect, spiritual and natural union all of the qualities child acquires while living with the family.

МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ТЕАТР АРҚЫЛЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

*Тұнғатова Нұрғұл Әмірханқызы,
педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
«Болашақ» университеті;
Тұрған Ұлбала Тұраққызы,
студент,
«Болашақ» университеті*

Сөйлеу – табиғаттың ең керемет сыйы. Ана тілін меңгеру, сөйлеуді дамыту - мектепке дейінгі кезеңдегі баланың маңызды қабылдауының бірі болып табылады және баланы оқыту мен тәрбиелеудегі негізгі бағыт ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев Қазақстан-2050 Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты халыққа жолдауында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту - баланың жасын және өзіне тән ерекшеліктерін ескеріп, білім берудің бастапқы деңгейін көрсеткен.

Тіл қатынас құралы болғандықтан, алдымен баланың тілін дамыту мәселесіне баса назар аудару қажет, -деп атап өткен [1].

Л.С. Выготский: «баланың жан-жақты дамуы ғана емес, сонымен қатар мінезінің қалыптасуы, эмоция және жеке тұлға ретінде қалыптасуы сөйлеуде екенін теория және дәлелдермен түсіндіруге болады» – деп жазды [2]. Анық және дұрыс сөйлеу - сенімділіктің, табыстың, етене араласудың кепілі. Қазақстан Республикасының білім беру стандартының міндеттері бойынша мектепке дейінгі балалардың үлкендермен және өз қатарластарымен сөйлесе алуын меңгеруі негізгі мақсат болып саналады. Сөйлеу қабілетінсіз адам қоғамда өмір сүріп, дамып, бірнәрсеге қол жеткізе алмайды. Білімді болу үшін, қоршаған ортаға сіңуі үшін мектепке дейінгі балаға коммуникативті қабілеттерді меңгеруі қажет. Соңғы жылдары өкінішке орай, сөйлеу мәнері бұзылған балалардың саны ұлғайып келеді.

Бала бақшада жұмыс жасай жүріп, балалардың өз бетінше жұмыс жасауын қарап, жеке сөйлескенде олардың сөз қорының аз екенін, балалар өз ойын толық жеткізе алмайтынын, шығармашылық қиялы нашар дамығанын байқаған болатынбыз. Сондықтан да біз кішкентай балалардың сөйлеу мәдениетіне қызығушылығын арттыратын әрекеттер мен әдістер іздестірдік.

Коммуникативті дамудың маңызды түрі театрландыру деген сенімге келдік. Бұл ойын, тәрбие, оқыту бір-бірімен тығыз байланысты болатын қызмет түрі. Театр өз қатысушыларын және жас

ерекшелігі мен сөйлесуді қалыптастырады. Көркемдік сабақтар бір уақытта танымдық, тәрбиелік және дамытушылық функцияларын атқарады. Театр әлемі әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Олардың мазмұны, формасы, әдісі осы жетістіктерге жетуге көмектеседі. Сондықтан бізде мектеп жасына дейінгі балаларға көркемдік бағытта жұмыс жасауы жайлы ой қалыптасты. Драма сабақтары когнитивтік, білім беру және даму функцияларын бір мезгілде жүзеге асырады. Олардың мазмұны, пішіні мен әдістері осы мақсаттарға бір мезгілде қол жеткізуге ықпал етеді.

Сонымен бірге білім беру салаларында өзара байланысты міндеттер кешендері әлеуметтік, коммуникативтік, танымдық даму негізінде шешіледі. Бұл балалардың сөздік қорларын жетілдіріп және белсендіреді. Сөз сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту, сөзбен белсенді эксперимент жасау мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.

Біз театрландырылған ойындарды ұйымдастыру кезінде ойындардың жалпы әдістерін қолданамыз:

Тікелей әрекет ету әдісі (тәрбиеші әрекет әдістерін көрсетеді) және жанама әдістер (тәрбиеші баланы өз бетінше әрекеті) етуге шақырады. Театрландырылған ойындарды ұйымдастырғанда тәжірибелік оқыту әдістерін кеңінен қолданамыз: ойын, ойын импровизациясы, жаттығулар, тиімді талдау әдісі және драматизация. Педагогикалық қызметте балалар сөйлеуді дамыту үшін театрдың әр түрлі түрлеріне тоқталамыз.

Саусақ театры:

- Сөз, көңіл, есте сақтаудың дамуына үлес қосады.
- Саусақ ұштарын ынталандыру, қолдың қозғалысы, саусақтармен ойнау сөйлеу мен ойлау процесін жеделдетеді.

Кесте театры :

Балаларды қол мен көз қозғалыстарын үйлестіруге үйретеді.

Суреттер мен фланелеграф театры:

Шығармашылықты дамыту.

Эстетикалық білім беруді дамыту.

Шеберлік театр:

Қозғалтқышты, көрнекі, аудио үйлестіруді дамыту.

Қолғап театр:

Терапиялық әсері зор: сөйлеу бұзылуларымен, невроздарымен күресуге көмектеседі.

Драматизациялық ойындар

Драматизациялық ойында бала – артист, интонация, мимика, пантомима арқылы өз бетімен бейне жасайды, өзіндік әрекет етіп рөлді ойнайды. Бұрыннан жасалған саханалық қойылымда бала ойын – драматизациясында қандай бір сюжетте ойнайды. Ойын

драматизациясы көрерменсіз музыкалық сипаттағы орындау болады. Ол мыналарды қамтамасыз етеді:

- Баланың жеке басына тұтас әсер ету, оны босату, тәуелсіз шығармашылық, жетекші психикалық үдерістерді дамыту.

- Жеке тұлғаның өзін-өзі тануына және өз-өзін танытуына ықпал етеді.

Театрлық іс-шараларды ұйымдастыру барысында, театрландырылған ойындарды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды қатаң ұстанамыз:

- театрлық ойындардың мазмұны мен әр түрлі тақырыптары;
- балалардың жасына және тәжірибесіне сәйкес болуы;
- педагогикалық процестің барлық түрлерінде театрландырылған ойындардың тұрақты, күнделікті енгізілуі.

Театрлық іс-әрекет көрермендермен сөйлесу барысында сөйлейтін сөз әдетінің дамуына ықпал етеді.

Жоғарыда айтылғандардан театрландыру-ойын – сауық емес, сонымен қатар баланың бірегей тұлғасын, оның сөйлеуі мен шығармашылық әлеуетін дамытудың керемет құралы.

Театрландырылған ойындар ойын қойылымдары болып саналады, бұл жерде балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы өте зор. Баланы сахнада болсын кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыту. Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлық сезімдерін ояту. Бүлдіршіндер сахнада шағын рөлдерді ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Өзге ортада өзін еркін ұстай білуге дағдыланады. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді. Біртіндеп өмірден алған, түйгенін тәжірибесіне жинақталып көбейе түседі. Мектеп жасына дейінгі балалар өзінің айналасындағы қоршаған ортамен танысуға өте құштар. Бұл жастағы балалар ересектерге карағанда, қызығушылықтары жоғарырақ болып келеді. Бұл баланың бірнеше сұрақтар қоюына әкеліп соғады. Яғни, балаға әлем аздап ғана сырын ашса, баланың білуге деген, не білсем екен деген құштарлық сезімдері арта түседі.

Мектепке дейінгі балалардың сөйлеуін театр іс-әрекеті арқылы дамыту жолдары: шығармашылық, үйлесімділік, қабылдау, эмоционалдық саланы дамыту және сөйлеуді дамытуға ықпал ететінін көреміз.

Балабақшада оқыту, тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдана білуге ерекше мән берілген. Бала тілінің дамуында ата-ананың атқаратын рөлі аз емес,

баланың тіл дамуына арналған түрлі жаттығулар мен ойындарды өткізіп отыруы қажет.

Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтан да баланың жан-жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерістерді, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады.

Қорыта айтқанда, театрлық ойындар арқылы бала өз ойын еркін жеткізе отырып, әр түрлі ертегілердің қиял әлемін көз алдарына елестетіп, ондағы кейіпкерлердің мінез-құлықтарын жақсы жаман қасиеттерін тануға үйренеді. Бұндағы негізгі мақсат, балалардың сөйлеу тілін жақсартып, дұрыс ойлай білуге, қабілетін дамытуға, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Қазақстан-2050 Стратегиясы // <https://baribar.kz/student/640/qazaqstan-2050-strategiyasy-qalyptasq/>

2. Янушко Е. Книга для развития речи малышей. - 2015. - // <http://psymania.info/raznoe/254.php>

3. Максимов А.И. Воспитание звуковой речи у дошкольников. Пособие для педагогов дошкольных учреждений. – 2-е изд. – М.: Мозайка-Синтез, 2007.

4. Видель М.А. Речь и проблемы общения у детей.

5. Туманова Г.А. Ознакомление дошкольника со звучащими словами: Пособие для воспитателей детского сада / Под редакцией Ф.А. Сохина. – М: Просвещение, 1991.

РЕЗЮМЕ

Язык дошкольников через театр пути развития. Развитие родного языка является одним из наиболее важных представлений о ребенке в дошкольном образовании и рассматривается в качестве основного направления образования и воспитания ребенка.

SUMMARY

Language of preschool children through theater development paths. The development of the mother tongue is one of the most important ideas about the child in preschool education and is considered as the main direction of education and upbringing of the child.

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ КЕНЖЕЛЕГЕН БАЛАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МІНЕЗДЕМЕ

*Кушекбаева Жанат Сериковна,
педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы
«Болашақ» университеті*

Қазіргі педагогикалық тәжірибенің негізгі проблемаларының бірі – оқыту–тәрбиелеу үрдісінің нәтижесін көтеру проблемасы және мектепте үлгірмеушілікті жөну. Орталық жүйке жүйесінің зақымдануына байланысты үлгірмейтін оқушылар арасында психикалық дамуы кенжелеп қалған, сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалар кездеседі.

Үлгірмейтін оқушылардың 50% психикалық дамуы кенжелеп қалған балалар құрайды. «Психикалық дамуы кенжелеп қалған» дегеннің түсінігі – орталық жүйке жүйесінің функционалдық жетіспеушілігі немесе кішкене органикалық зақымдануы бар балаларға қатысты қолданады, сонымен қатар әлеуметтік депривациялық ұзақ болатын балаларға қатысты қолданады. Бұл балалар эмоционалдық еріктік ортаның дамымағандығы және танымдық іс-әрекеттерінің жетілмеуіне тән.

Психикалық дамуы кенжелеп қалған балаларды зерттеу 50 жылдардың аяғында басталды, 20 ғасырдың 60-70 жылдарда кеңінен дамыды. Бұл педагогикалық тәжірибеге қажет болды, себебі, жаңа күрделі оқу бағдарламалары ауысқаннан кейін балалардың оқу үлгерімі төмендей түсті.

АҚШ, Германия, Англия бұл балалар категориясын «оқуда қыншылықтары бар балалар», «педагогикалық қарым–қатынасы дамымаған», «кеш дамыған», «білімі төмен», «оқуда қабілеті аз», «миында кішкене зақымы бар балалар» - деп атаған.

«Психикалық дамуының жылдамдығы кенжелеп қалған» – деген терминді Сухарева ұсынған болатын. Власова өзінің зерттеулері барысында 2 топты бөліп алды және «психикалық дамуы кенжелеп қалған балалар» сияқты мінездеме берді. Бірінші топ «физиологиялық», «ақыл–ойы дамуының жылдамдығында бұзылыстары бар» балаларды жатқызды. Бұл балалар өзінің құрдастарынан дене бітімі, танымдық іс-әрекеттері, еріктік орта жағынан, жұмыс істеу қабілетінің төмендігінен, тез шаршайтыны жағынан қалып отырады.

Екінші топқа психикалық функциясының бұзылыстары бар балалар жатқызылады (миында жарақаты бар балалар). Бұл балаларға негізгі жүйке процестерінің әлсіздігі тән, бірақ олардың танымдық іс-

әрекеттерінде терең бұзылыстар болмайды және жағдайының жақсы кезеңдерінде олар оқуда жоғары жетістіктерге жетеді. Осы балалар кейінірек психикалық дамуы кенжелеп қалған балалар категориясына кіргізіледі.

Психикалық дамуының кенжелеп қалуының себептері көп жағдайда миында кішкене зақымдануы бар тума, туу кезінде немесе бала өмірінің ерте кезінде болған жағдайлар болып табылады.

Интоксикация, жұқпалы аурулар, жарақаттар ми механизмінің даму жылдамдығының бұзылыстарына немесе жеңіл церебральді бұзылыстарға әкеліп соғады. Элеуметтік факторлар, тәрбие шарттары, стрестік жағдайлар дамудың кенжелеуіне әсер етеді. Отандық зерттеушілер психиканың дамуының кенжелеп қалудың бірнеше клиникалық түрін бөліп көрсетті (эмоционалдық еріктік ортаның, танымдық іс-әрекет, сөйлеу қабілетінің дамымауы).

Психикалық дамудың кенжелеп қалуының негізгі және анықтаушы белгісі эмоционалдық еріктік ортаның дамымауының жеңіл түрі деп шешті. Бұл жағдайда баланың ақыл–есі сақталған. Кейбір зерттеушілер церебралды астения, аффективтік орналасулар, психопадтық бұзылыстар еңбек ету қабілетін, психиканың дамуы кенжелеп қалуда, танымдық іс-әрекет кемістігін тереңдетіп қана қоймай, психикалық дамуы кенжелеп қалудың пайда болуының алғашқы себептерінде роль атқарады деп есептейді.

Лебединская психикалық дамуы кенжелеп қалған балаларды 4 түрге бөлді:

1) конституционалдық; 2) самотогендік; 3) психогендік; 4) церебральді–органикалық құрылым.

Бұл варианттар бір – бірінен ерекшелігіне және инфантилизм түрі нейродинамикалық бұзылыстарының мінезі бойынша ерекшеленеді:

1. Психикалық дамуы кенжелеп қалудың конституционалды түрі. Берілген вариантты эмоционалдық еріктік орта дамудың кезеңінде болады. Мінезінің ерекшелігі тәртібінің эмоционалдық мотивациясы, көңіл – күйінің жоғары болуы, жеңіл қабылдауы. Бұл балаларда оқуда қиыншылықтары мотивациялық ортаның дамымағанына, ойынға қызығуына байланысты. Аталған түрдегі балалар жалпы білім беретін мектепте оқи алмайды, оларға түзету сыныптары шарттары бойынша арнайы оқыту қажет, бірақ бұл балалардың біраз бөлігі бастауыш сыныптарда өз құрдастарына жетіп алуы мүмкін және әрі қарай жалпы білім беретін мектепте оқи береді. Психикалық инфантилизм бойынша психикалық дамуы кенжелеп қалған балалар үш түрге бөлінді:

А) Гармоникалық инфантилизм. Бұл балалар өз құрдастарынан 2–3 жас артта қалады. Олар қысқа бойлы, арықша, боздау келеді. Ойыннан шаршамай, өмірсүйгіш, әр нәрсеге қызығушылық тиесілі.

Бұл бала 4–5 жаста «неге, не үшін» деген сұрақ қояды. Бұл балалар қабылдау, ойлау қабілеті, сөйлеу зейіні кеш дамиды.

Б) Дисгормоналдық психикалық инфантилизм. Ақыл–ойы кенжелеп қалған балалардың бұл түріне миына жеңіл зақым тиген балалар жатады. Бұларға эмоционалдық тұрақсыздық, өтірік айту, төбелескіш, арам, тек өзін ғана ойлау тән. Бұл балаларға үйде, мектептегі адамдармен қарым–қатынаста болған жағдай қатты әсер етеді.

В) Психофизикалық инфантилизм. Психикалық дамуы кенжелеп қалған балалардың бұл түрі аз кездеседі. Бұл балалардың дене бітімінде бұзылыстары бар, психомоторикасы аз деңгейде дамыған. Олар қорқақ, жақындарына өте жақын (мамасына, папасына, әжесіне), ұялшақ. Бастаған ісін өте жәй орындайды, жан – жағына көп алақтайды, өз ойын ашық айта алмайды. Бұл балаларды көпшілікке қосып, түрлі дамытушылық жұмыс жүргізу қажет.

2. Психикалық дамуы кенжелеп қалған балалардың самотогендік түрі. Бұл топтағы балалардың психикалық дамуының тежелуінің негізі себептері баланы іштен туа, немесе жүре келе жүрек, бүйрек, өкпе ауруларымен жиі ауруы, созылмалы аурулардың асқынуы, жүйке ауруларының әсері сияқты самотогендік зақымданулар балаларда астинеиялық жағдайларды қалыптастырады. Осыдан барып, балалардың психикалық тонусы төмендеп, оның дамуы тежеледі. Жиі кездесетін клиникалық белгілері: әлсіздік, дәрменсіздік, қорқақтық өзіне-өзінің көңілі толмаушылық, жалтақатушылық. Көптеген балаларда жоғарыда келтірілген отбасындағы тәрбиенің дұрыс болмауынан, баланы қорқытып, жәбірлеп, ұрып-ұрысып, қорқытып өсіруінен болса, ендігі бір жағдайда баланы қорғаштап оны айтқанын істеп, шамадан тыс еркелетіп олардың өз бетімен талаптанып, ойланып, шынығуына тиісті жағдай жасалмаған. Аталған даму түрі – жұқпалы аурулар, аллергияға, туа немесе жүре пайда болған соматикалық ортаның дамуы, мектепке дейінгі шақтағы невроздар, астениялар. Мұның барлығы психикалық тонустың төмендеуіне, эмоционалды дамуының кенжелеп қалуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

3. Психикалық дамуы кенжелеп қалған балалардың психогенді түрі. Психикалық дамуы кенжелеп қалған балалардың бұл түрі баланың дұрыс дамуына кедергі жасайтын тәрбиенің қолайсыз жағдайларына байланысты. Баланың психикасына әсер ететін қоршаған ортаның қолайсыз жағдайлары жүйке жүйесі ортасының қозғалыстарына әкеліп соқтырады. Ең бірінші баланың эмоционалды дамуы қиналады. Бұл топтағы балалардың психикалық дамуының тежелуінің негізгі себебі: баланың жас кезінде отбасылық жағдайда немес әр түрлі созылмалы жүйке ауруларының салдарынан психикалық күйзеліске ұшырауы. Баланың эмоционалды және

жігерлік әрекеті өте төмен. Бала этиопатогенетикалық өзгерістер негізінде психикалық дамудың тежелуінің жиі кездесетін түрлері:

- Психиканың тұрақсыздығының себебі – гипоопеканың («гипо» - кем немесе аз деген мағынаны білдіреді) салдарынан баланың жауапкершілік және сезім әрекеті қалыптаспайды, тәртібі, белсенділігі тежеледі. Пәндерге қызығушылығы төмен, ал білім деңгейінің жеткіліксіздігінен балалар кім не айтса, соған сенеді, көп өзгерістердің мағынасын түсінбейді.

- «Жанұялық табыну», бұл да аномальды даму варианты, гиперопеканың («гипер» - артық, көп деген мағынаны көрсетеді) белгісі – баланы өте еркелетіп тәрбиелеу. Осымен қатар балалардың дербестік, белсенділік, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастырмайды, сондықтан балада өзімшілдік (эгоцентризм) және дараланушылық (ешкіммен араласа алмайды) белгілері байқалып, жұмыстан, ойланатын ойыннан қашып, үздіксіз көмек пен қамқорлықты тұрақты қажет етуі байқалады.

- Невроз типі бойынша патологиялық дау варианты, ата-аналарынан және басқа отбасы мүшелерінен дөрекілік, қатыгездік, қаталдық көрген балаларда кездеседі. Осыдан барып дербестік, батылсыздық, шамалы белсенділік, жүрексіздік, қорқақтық біліне бастайды.

4. Психикалық дамуы кенжелеп қалған балалардың церебралды – органикалық түрі. Бұл түрдегі балаларда орталық жүйке жүйесінің органикалық бұзылуы бар, бірақ бұл балалардың таным іс-әрекеттерінің бұзылуына ақыл-ой дамуының кенжелеп қалуына әсер етпейді. Психологиялық дамуы кенжелеп қалған балалардың бұл түрі жиі кездеседі және эмоционалды-еріктік, танымдық іс-әрекетінің бұзылуы, тұрақтылығына ие емес. Бұл топтағы балаларды зерттеуде көп жағдайда жүйке жүйесінің органикалық жетіспеушіліктеріне, көп жағдайда жүктілік кезінде ауруларға (ауыр токсикоздар, жұқпалы аурулар, интоксикация, жарақаттар, резус факторға байланысты конфликттер, жетілмегендік (недоношенность), асфиксия туу кезіндегі жарақаттар) болатынын көрсетеді, мектепке баратын психикалық дамуы тежелген балаларға спецификалық ерекшеліктер қатарына тән. Оларда мектепке қажетті білімдер мен біліктер құрылмаған, бағдарлама материалын қабылдауға білімдері жеткіліксіз.

Олар арнайы көмексіз оқи, есептей, жаза алмайды. Оларға мектеп тәртібін сақтау қиын. Бұл қиыншылықтар олардың жүйке жүйесінің әлсіз жағдайын (еңбек ету қабілетін төмендетеді, бастаған ісін аяқтамайды) көрсетеді. Мұндай балаларда бас аурулары жиі көрінеді. Мұның барлығы баланың тез шаршауына, бір істі бастап басқа іске тез ауысуына, еңбек ету қабілетінің төмендеуіне әкеледі.

Психикалық дамуы кенжелеген балалардың еңбек ету қабілетінің төмендеуі және зейіннің тұрақсыздығы олардың жеке

ерекшеліктеріне байланысты. Кейбір балаларда тапсырманы орындау барысында зейіні мен еңбек ету қабілеті жоғары деңгейде және тапсырманың аяғында төмендейді, ал кейбіреулерінде еңбек ету қабілеті жұмыс басталғаннан кейін көрінеді, ал үшіншілерінің зейіні мен еңбек ету қабілеті тапсырма барысында толқып отырады.

Психикалық дамуы кенжелеген баланың зейіні бір затқа толық бағытталмағандықтан тұрақсыздығымен мінезделеді. Бөтен тітіргендіргіштердің әсері баланың жұмысын баяулатып, қате санын көбейтеді. Зейіннің жетіспеушілігі сезім және қабылдау процестеріне кері әсерін тигізеді. Психикалық дамуы кенжелеген балаларда дұрыс балаларға қарғанда қабылдау деңгейі төмен. Бұл балалардың қоршаған орта жайлы білімдерінің шектеулігімен көрінеді.

Қабылдау кемшілігі баланың ақпаратты қайта өңдеу жылдамдығының жәй болуы, іздеу қызметінің бұзылуы болып табылады. Әсіресе, айналаны қабылдаудағы кемшіліктерді атап өткен жөн. Шетел психологтарының пікірі бойынша айналаны қабылдау дамуының кенжелеуі оқудағы қиыншылықтардың бір себебі болып табылады. Аталған балалардың ес процесін зерттеуде олардың жемісінің жетіспеушілігі, ес көлемінің аз екенін көрсетеді. Сондықтан психикалық дамуы кенжелеген балалардың танымдық іс-әрекеттерін мотивті күшейту жолымен күшейту керек. Әсіресе, есте сақтауды жоғарылату үшін есте сақтаудың рационалдық әдістерін қолдану маңызды роль атқарады (суреттер және сөздер тобы). Психикалық дамуы кенжелеген балаларда барлық ойлау түрлерінің дамуының кенжелеп қалуы байқалады. Мектеп оқуының басына қарай бұл балаларда негізгі ойлау операциялары – анализ, синтез, салыстыру, біріктіру құрылмаған. Бұл арифметикалық тапсырмаларды шешуде, оқу, жазу процестерінде көрінеді.

Егер кіші мектеп жасындағы дұрыс балалар қоршаған орта заттары мен құбылыстары жайлы көп сұрақ қоятын болса, бұл балалардың кейбіреулері мүлдем сұрақ қоймайды, ал біреулері заттар мен құбылыстардың тек сыртқы келбеті жайлы сұрақтар қояды. Психикалық дамуы кенжелеген балаларда танымдық тапсырмаларды шешуге дайындығы көрінбейді.

Тәртібі мен сөйлеу сапасы жағынан психикалық дамуы кенжелеген балалар өзінің дұрыс дамыған құрдастарына қалуда. Бұл топтағы балаларға «свистящий» және «шипящий» дыбыстарды айту кемшілігі, «р» дыбысын айтудағы бұзылыстар тән. Мұндай балаларда фонематикалық есту және фонематикалық қабылдау толық құрылмаған. Мұндай балаларда анализаторлар арасындағы біріккен істер кемшілігі байқалады, есту–қимыл, көру–қимыл, есту–көру байланыстарын зорға құрады. Бұл топтағы балалардың сөздік қоры (әсіресе, сын есім, есімдік, үстеу, есімше, көсімше) аз.

Мұндай балалар бір тақырыптан екінші тақырыпқа тез ауысады. Жазбаша айтуда психикалық дамуы кенжелеген балалар қателер жібереді, бұл сөйлеудің лексика – грамматикалық жағының, дыбыстық анализдің, фонематикалық естудің толық жетілмеуіне байланысты. Балалар сөйлемнің шекарасын, бөлу ережесін зорға ұғады. Психикалық дамуы кенжелеген балалардың сөйлеу дамуының барлық ерекшеліктері әр түрде көрінуі мүмкін. Мектепте олар өздерін мектепке дейінгі бала сияқты ұстауды жалғастырады. Оқуға деген қарым – қатынас оларда әлсіз немесе мүлдем болмайды. Жетекші іс-әрекет оларда ойын болып қалады. Жүйелік оқудың басына дейін психикалық дамуы кенжелеген балаларда оқу іс-әрекетіне даярлайтын ойын іс-әрекетінің жоғары түрі – сюжеттік рольдік ойын болмайды. Тіпті үлкендердің арнайы ұйымдастыруымен немесе дұрыс дамыған құрдастарымен бұл балалар әрқашан өзіне алған рольге ауысып кетеді.

Психикалық дамуы кенжелеген балаларды ақыл-ойы кенжелеген балалар деп есептейді. Бұл топтағы балаларды бөлетін кейбір ерекшеліктер бар. Бұл балалар қарапайым жазуларды меңгерудегі қиындықтар, өлеңдер мен ертегілер есте сақтауға шамалы жоғары қабілеттілігімен, танымдық іс-әрекетінің деңгейінің жоғарылығымен ерекшеленеді. Мұндай ерекшеліктер ақыл-ойы дамымаған балаларға тән емес. Бұл балалар жұмыс барысында көрсетілген көмекті әрқашан қолдана алады, тапсырманы шешу принциптерін меңгереді. ПДК оқушымен жалпы білім беретін мектеп жағдайында жүргізілетін жұмыс көп жағдайда дамудың кенжелеуін жоюға әкелмейді және бұл балалар оқу үрдісінен қалып қояды. Мұндай балалар арнайы ұйымдастырылған түзету дамыту оқуды қажет етеді, бұл арнайы жалпы білім беретін мектеп жанындағы түзету дамыту сыныптарында іске асады.

Сонымен, психикалық дамудың тежелуінің жиі кездесетін белгілері: енжарлық, қызықпаушылық, өзіне-өзі сенбеушілік, тез жалығу, шаршау, бастаған ісін аяқтамау, ынта-жігерінің төмендеуі - бұл жоғарғы жүйке жүйесінің қызметінің негізі болып саналатын қозу (возбуждение) және тежелу (торможение) процестерінің тепе-теңдік заңдылықтарының бұзылуынан туындайды. Осымен қатар кейбір балаларда көру, есту, сезіну, қимыл-қозғалыс талдағыштарының әрекеті де жетілмеген, ал олардың әрекетінің балалардың дұрыс қалыптасуына әсері зор. Сондықтан 5-8 жастағы балалар арасындағы кездесетін психикалық дамуы тежелген балалар жан-жағындағы өзгерістерге мән бермейді, мектепте оқуға талпынбау, дене қимылының саусақтарының координацияларының бұзылуы, баланың тез шаршауы, қарындаш, қаламсаппен, жұмыс істей алмауы, тіл мүкістіктері, сөз қорының аздығы, есте сақтау, ойлау әрекеттерінің жетілмегені сияқты белгілермен білінуі мүмкін. Бұл кемістіктер

кемақыл балаларда кездесетіндей күрделі, тұрақты емес. Мамандардың кеңесімен, әр баланың кемістігінің ерекшелігіне сәйкестіріліп құрастырылған арнайы түзету-дамыту әдістемелерін қолдану жақсы нәтиже береді. Есте болатын жәйт, қалыптастыру, дамыту процестерінде ата-анасының, отбасы мүшелерінің балаға дұрыс көзқарасының, оны аялап, жақсы көріп, жетістіктеріне өздері де қуанып, баланыда сендіріп, жігерлендірулері өте қажет.

ӘДЕБИЕТ

1. Нұрманбетова Ұ., Тебенова Қ.С., Омарова Н.Н. Мамандыққа кіріспе (дефектология). - Қарағанды, 2006.
2. Тебенова Қ.С. Дамуында ауытқулары бар балалар. - Қарағанды, 2005.
3. Специальная педагогика. / Под ред. Н.М. Назаровой. - Москва, 2000.
4. Байтұрсынова А.А. Арнайы педагогика: проблемалар мен даму болашағы. – Алматы, 2008.

РЕЗЮМЕ

В настоящее время психологи исследовали детей с отклонениями всесторонне. Отстой проблемы психического развития детей является глобальной проблемой всего мира. Дети, которые не относятся к детям с отклонениями, но в получении знания с начальных классов, показывают неудовлетворительные результаты.

SUMMARY

Currently, psychologists have studied children with disabilities comprehensively. Child mental development sucks is a global problem around the world. Children who do not belong to children with disabilities, but in obtaining knowledge from primary school, show unsatisfactory results.

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ ЖӘНЕ АТА-АНАНЫҢ РӨЛІ

Атажанова Зейнеп Мырзақожақызы,
филология ғылымдарының кандидаты,
«Болашақ» университеті;

Оралбаева Гүлжайна Сметуллақызы,
магистр, аға оқытушы,
«Болашақ» университеті;

Мырзақожаева Зейнет Сұлтанбекқызы,
магистр, ағылшын тілі мұғалімі
№11 мектеп-лицей (Қызылорда қаласы)

Ата-аналар – баланың алғашқы әлеуметтік ортасы. Ата-ананың жеке басындағы әр мәселелер адамның өмірінде маңызды рөл атқарады. Біз кейде, әсіресе қиын-қыстау кезеңдерде ата-анамыздың көңілінен шықпай, әлек боламыз. Ал, бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты жақсартатын сезімдер-бұл басқа эмоционалдық қатынастардан ерекшеленетін ерекше сезім. Балалар мен ата-аналар арасында туындайтын сезімнің ерекшелігі негізінен баланың өміріне қажетті ата-аналардың қамқорлығымен анықталады. Ата-анаға деген сүйіспеншілік – кішкентай адамның өміріне деген қажеттілік. Әрбір баланың ата-анаға деген сүйіспеншілігі шексіз, мәңгі. Сонымен қатар, егер өмірдің алғашқы жылдарында ата-аналардың сүйіспеншілігі өз өмірін және қауіпсіздігін қамтамасыз етсе, онда ата-ананың сүйіспеншілігі адамның ішкі, эмоционалдық және психологиялық өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметін атқарады. Ата-ана махаббаты – адамның әл-ауқатының, дене қолдауының және психикалық денсаулығының кепілі.

Сондықтан ата-ананың бірінші және негізгі міндеті сүйікті және қамқорлық таныту болу болып табылады. Қалай болғанда да, бала ата-атаның сүйіспеншілігінен ешқашан бас тартпауы керек. Ата-ананың барлық табиғи міндеттерінің ең бастысы – кез-келген жастағы балаға мейірімді және мұқият болу. Алайда, баланың ата-ананың сүйіспеншілігіне деген сенімділігін қалыптастыру қажеттілігі белгілі бір жағдайларда туындайды. Балалар ата-аналарымен үнемі бірге өсіп, бірге жүріп тәрбиеленбейді. Ал, жақындарымен эмоционалдық қарым-қатынастар жоғалған кезде олар ақыл-ойдың мағынасына қатысады. Психологтар балаларын сүймейтін ата-аналардың кесірінен көбінесе жасөспірімнің алкогольізімі мен нашакорлықтың шырмауына түсетінін көрсетеді. Отбасылық білімге деген үлкен сұраныс – махаббатқа деген сұраныс. Бірақ баланы сүйіп қана қоймай,

күнделікті қамқорлықта тәрбиелеу кезінде оған қамқорлық көрсету үшін сүйіспеншілікке жетуді арнайы емес, баланы сезінуді, түсінуді, оның сүйіспеншілігіне, махаббат тсезіміне толы болуына қажет екенін түсіну жолындағы маңызды қиындықтар мен қақтығыстар оның ата-анасымен қарым-қатынасында немесе күйеуі мен әйелі арасында қарым-қатынаста пайда болмайды. Тек бала ата-анасының сүйіспеншілігіне сенімді болған жағдайда бұл адамның психологиялық өмірінің дұрыс қалыптасуына ықпал жасайды және сүйіспеншілік негізінде моральдық мінез-құлықты дамыта алады.

Көптеген ата-аналар балаларға сүйіспеншілігін білдіретін кезде, олар өздерін бүлінген, өзімшіл, мақтан тұтады деп ойлайды. Осындай мәлімдемені қабылдаудан бас тарту керек. Бұл қолайсыз жеке қасиеттердің барлығы махаббат болмаған кезде, баланың өзгермейтін ата-аналармен байланысы үшін берік іргетасы болмаған кезде, эмоционалдық жетіспеушілік болған кезде ғана көрінеді. Баланы сезіммен жігерлендіру, оны жақсы көру және қамқорлық ету – бұл ата-аналар балаларды асырап алған уақытта немесе баланың үйде немесе бала-бақшада көтерілуіне байланысты емес. Бұл материалдық жағдайды қамтамасыз етумен және білім алу үшін қаржылық шығындардың көлемімен сай келмейді. Сонымен қатар, ата-аналар үшін әрдайым көрінетін қамқорлық емес, бала өз бастамаларына кіретін көптеген сабақтар білім берудің осы мақсатына қол жеткізуге көмектеседі.

Баламен терең, күшті психологиялық қарым-қатынас - ата-ананың баланы тәрбиелеудегі әмбебап талабы, ол барлық ата-аналарға бірдей дәрежеде ұсынылуы мүмкін. Балалардың ата-аналармен қарым-қатынас сезімі мен тәжірбиеснің арқасында балалар ата-аналардың сүйіспеншілігін, махаббатын және қамқорлығын сезінуге мүмкіндік алады.

Әлеуметтік саладағы адамның өзіндік ерекшелігі - басқа тұлғаның психикалық көрінісі. Басқа адамдардың эмоционалдық рухында «бағдарлауға» деген сұраныс эмоционалды көрініс табады. Бұдан басқа, біз екі жақты байланыстың болуы туралы айтып отырмыз, онда адам өз сезімдерімен басқаларға айтқан қызығушылық танытатын сезімі бар. Осындай эмоционалдық байланыста әр адам білім беру жасына қарамастан құндылық бағдарларын сезінеді.

Егер бала тәрбиесі өмірдің мағынасына деген қажеттілігін мойындайтын жалғыз әрекет болса, баламен қарым-қатынаста үлкен проблема туындайды. Поляк психологы К. Обуховскийдің өмірлік мағынасын талдауы ересектердің мінез-құлқын сипаттайды. Бұл қажеттілікті қанағаттандырмай, адам қалыпты жұмыс істей алмайды, ол барлық мүмкіндіктерін барынша жұмылдыра алмайды. Бұл қабілетін қанағаттандыру адамның өз ісіне басшылық етуі үшін айқын, қолайлы және лайықты мақұлдауына негізделген сезімнің

негізіне байланысты. Бұл – адам өз әрекеттерінің, оның өмірінің жалпы мағынасын білуі керектігін білдіреді ме? Әлбетте, жоқ, бірақ барынша қажет болса, оның өмірінің мәнін білуге тырысады. Өмірдің мағынасын қанағаттандыру бала үшін алаңдаушылық туғызуы мүмкін. Анасы, әкесі немесе әжесі баланың физикалық жағдайы мен тәрбиесіне қамқорлық жасай алғанда, олардың өмірінің мағынасын ашуға мүмкіндік алады. Олар өздеріне көп көңіл бөле бермейді, баланың физикалық жағдайын және тәрбиесін қадағалайды. Олар әрқашан өздерінің өмірінің мақсаты әртүрлі екенін ойлай бермейді, бірақ олар қажет болғанда бақытты сезіне алады. Егер бала есейгенде, онда олар «өмірдің барлық мағынасын жоғалтқан» екенін түсінеді, нәтижесінде ол өз қажеттілігін сезінеді және ұлының тәуелсіздігінің кез-келген көрінісі керемет табандылықпен қабылдана бастайды. Балаға осындай дәрежедегі жанашырлықтың оразан зор зияны екені айқын.

Ата-ана бала тәрбиелеуде танымал тәрбиелеу жүйесіне назар аударады. Әдетте өте құзыретті көп уақытты жұмсайтын және қамқорлық жасайтын ата-аналар. Біз білім беру жүйесімен танысып, бірнеше себептерге сеніңкіредік. Балаларына білім беруді мақсат еткен отбасылар бар және оны мұқият және мақсатты түрде жүзеге асыра бастайды.

Біз тіпті белгілі бір білім режиміне құрмет ретінде көрінетін білім беру мақсаттарының қалыптасу тарихын қадағалай аламыз. Ата-аналар үшін белгілі бір қажетті сапаны қалыптастыруға себеп болған тәрбиелеу жағдайында тәуелсіздік проблемалары айшықты болады. Мүмкін, оның ой санасы адамның бастамашылық идеялары болуы мүмкін. Бұл кез-келген тұлғаның сапасы туралы ең құнды, қажетті және пайдалы өмір туралы маңызды болуы ықтимал. Мұндай жағдайларда жеке тұлғаны дамытудың өткен тәжірибесінің әсерінен ата-ана өз тәрбиесін балаға сіңіреді және міндетті түрде мұндай «супер-құнды» сапаға ие болады. Мысалы, ата-ана өз ұлы мен қызының мейірімді, қарапайым және батыл болуы керек екенін қалайды-мыс.

Әдеттегі және көрнекі мысал – бұл спортқа деген қызығушылық отбасының серуендеуге, яхтада жүруге, шаңғы тебуіне, бірақ нәрестелі болу ойға келмейді, алайда олар баланы көреді... Бірақ білім бұрын бағдарланбаған супер құнды модельге негізделген. Көрікті ерлерге арналған киім, молшылық, кейбір қажетсіз қыздар, спорттық жаттығулар, бірінші ойынға деген скептиктерге таңқаларлық көзқарас, тіпті көңілді, жұмсақ Мадкап атауы да еркектік (жыныстық) болып табылады. Бұның бәрі ақыл-ой дамуында жағымсыз салдарына алып келеді және тіпті баланың ауыр сырқатына алып келеді. Мұнда екі қауіп бар. Біріншіден, жыныс жынысты жыныстық қатынастың дұрыс және уақытында анықталуына жол бермеу үшін басқа жыныстың

ерекшеліктерін қалыптастыра алады, басқаша айтқанда, өзін болашақ әйел ретінде бұрмалануы мүмкін. Екіншіден, баланы ата-анасына көнбейтін қасиеттерге итермелеу, оған ұқсас нәрсеге мұқтаж емес екендігін дәлелдейді және оны ерекше атап көрсетеді. Бұл баланың психологиялық дамуы үшін онымен байланысудың ең қауіпті стилі. Он жастағы баланың анасы кеудесін көтеру туралы арызданып жатыр, біз баласында бес жасында алғаш рет пайда болған психологиялық ауытқуды психологиялық кабинетінің жетекшілік ететін идеалдарын жүзеге асыру арқылы емдеуге тиіспіз. Балалармен ойын бөлмесінде, ең көзге көрінетіні сабақ өткізген кезде, кекіру бұл бірақ жеке тұлғаның, баланың жалпы қабілеттерінің көрінісі. Онда қандай да бір реакцияны көшіру әдеті бар. Бала үзілістен кейін ойынға, ата-аналардың қандай да бір сұрағына немесе мінез-құлқына белсенді әрі жақсы жауап береді. Сұрақ немесе жағдайды түсінудегі қиындықтар туралы ешқандай күмән жоқ. Бала өте жақсы оқыды, скрипка ойнады, көп оқыды, барлық логикалық сынақтар жасады. Дегенмен, байланыста кез-келген маңызды сигнал кешігумен бірге жүрді. Біртіндеп түсінікті болды, бұл оның анасынан болды, ол саналы түрде түсінікті білім беру мақсаттарына сәйкес. Ол жалпы мейірімділіктің, кешірімділік, аурудың пайда болу мүмкін еместігі, мораль тұрғысынан «жамандыққа қайшы» туралы тартымды қағидаттарға негізделген. Өмірдің алғашқы күндерінен бастап, бала үшін оның қозғалысының шектеулі мүмкіндіктерін айналдырған принциптері баланың әрбір қадамымен бірге жүреді.

Бұл мысалда мінез құлықтың бұзылуы ата-ана дамуының кезеңінің ерекшеліктерін және баланың жас ерекшеліктерін есепке алмағанда, өте маңызды талаптарды орындау нәтижесінде туындады. Жоғарыда келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, тәуелсіздіктің белгілі бір шекарасын балаға беру қысқа немесе ұзағырақ қашықтықты білім беруді білдіретін себептермен анықталады. Білім берудің жалғыз немесе негізгі мотивациясы эмоционалды байланысқа деген қажеттілік, өмірге деген қажеттілік немесе өмірдің мағынасына деген қажеттілік болса, білім беру қысқа қашықтықта жүргізіледі және баланың тәуелсіздігі шектеледі. Белгілі бір білім беру жүйесін енгізі үшін баладан алыстай алса, қашықтық әртүрлі болуы мүмкін; бұл ата-атаның жеке нұсқаулары немесе балалардың сипаттамалары арқылы емес, сондай ақ айналған жүйенің ұсыныстары арқылы анықталады. Бірақ мұнда тәуелсіздік мәселесі айқын көрінеді. Баланың жеке қасиеттерінің көрінісі тәуелділік мәселесі сияқты. Сонымен қатар тәрбиелеуге көп көңіл бөлетін ата-аналардың артықшылығы мотивациясы баланың танысу мүмкіндіктерін дамытуды қиындатады, үйлесімін бұзады және кейде қозғалысты бұрмалайды.

Кейбір авторлар ата-аналардың мінез-құлқының баланың мінез-құлқына қалай байланысты екенін түсінуге тырысты. Олар ата-ананың мінез-құлқы баланың мінез-құлқына әсер етеді деп ойлады. Олар, егер анасы меланхоликтте, депрессиямен шұғылданатын болса, онда балалары осындай қабілеттерге ие болады деп ойлаған. Осы мәселені тереңірек зерттеу арқылы барлығы күрделене түсті. Ендігі кезекте, психологтар адамның немесе ата-ананың бірдей басымдылық сипаты түрлі реакциялар тудыруы мүмкіндігін, ал болашақта әртүрлі жағдайларға байланысты баланың тұрақты мінез-құлқы өзгеретінін түсінеді. Мысалға, катал, шікірейген ана балада мына қасиеттерді тудыруы мүмкін – дөрекілік, абыржулық, депрессия, ұялшақтық.

Басқа әрекеттермен тәрбиелеу, бір себептермен тәрбиелеуге бағыну, сондай-ақ бүкіл адамның жеке басын тәрбиелеу орны – мұның бәрі әрбәр ата-ананың нақты, бірігей, жеке сипатын тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Сондықтан, баланы тәрбиелеуді қалайтын болашақ ата-аналар табиғи емес, бірақ саналы түрде өз балаларын өздерінің жеке сипаттамалырын талдау арқылы жұмыс бастайды.

ӘДЕБИЕТ

1. Популярная психология для родителей // Под ред. А.А. Бодалева. - М., Педагогика, 1988.

2. Кулик Л.А., Берестов Н.И. Семейное воспитание. - М., 1990,

3. Исабекова А.О. Роль родителей в развитии ребенка в семейном воспитании / Сборник трудов межд.конф., Шымкент, 2005.

4. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы.

5. Әбекбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі, - Алматы, 2004.

6. Білім және білім министрлігінің №521 бұйрығы, 2014.

7. Леонтиев А.А. Деятельность. Сознание. Личность. – Москва, Педагогика, 1998, - С. 26.

8. Кулюткин Ю.Н. Психология учения взрослых. - Москва, 1998. – С. 88.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается роль родителей в развитии ребенка в семейном воспитании.

SUMMARY

In this article the role of parents in child's development and the mistake of up-bringing in the family.

ЖАҢАША ОҚЫТУ - БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ

*Садықова Ақмарал Бақытбекқызы,
оқытушы,
«Болашақ» университетінің колледжі*

Еліміздің болашағы, көркейіп дамыған елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру жүйесіндегі басты мәселе – әлеуметтік педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан, білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын оқытушылар даярлау.

Қазіргі таңдағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру тұрғысынан білім беру саласындағы көкейтесті мәселенің бірі – педагог кадрлардың біліктілігін арттыру, мұғалімдердің теориялық деңгейін көтеру, кәсіби құзырлылығын жетілдіруде оқытудың озық технологияларын білім беру үрдісінде қолдана отырып, тұлғаның сапалық көрсеткішіне қол жеткізу.

Бүгінгі әлемде орын алып жатқан қарқынды өзгерістерге жауап ретінде ғаламдағы дамыған бүкіл елдер өздерінің білім беру жүйелерін қайта қарауда. Осы мақсатты алға тарта отырып мектеп басшылары үшін де, мұғалімдер үшін де ең басты, маңызды мәселе болып отырғандығы: «XXI ғасырда нені қалай оқыту керек?» және «Оқытушылар білім алушыларды XXI ғасырда өмір сүруге қалай дайындайды?» деген сұрақтарға жауап табуымыз, іс жүзіне асыруымыз қажет. Бізді ертеңге барар жолымыз да мектептен тіпті мектеп алды даярлық топтарынан басталатындығы белгілі.

XXI ғасырдағы дамыған алдыңғы қатарлы ел дегеніміз-белсенді, білімі мен денсаулығы күшті азаматтар. Бүкіл алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибеге сүйене жасалған жоспарланған білім беру жүйесі бар. Білім беру саласының сапасын жақсы жолға қою үшін заманауи бағдарламалар мен оқытудың озық әдістемелері, білікті де мықты мамандар керек. Кәзіргі таңда білім-қоғамды әлеуметтік-мәдени, ғылымиланған үрдіспен қамтамасыз етіп отыратын жоғары сапалы құндылық. Болашақтың бүгінгіден де жарқын болуына ықпал етіп, адамзат қоғамы алға қарай апаратын күш тек білімде ғана екені белгілі болды. Қандай да бір елдің болсын өсіп-өркендеуі, дамуы ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің өлшеміне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы жарқын» дегендей, жеткіншектерге сапалы, мәнді, өнегелі тәрбие мен білім беру - бүгінгі күннің өзекті басты талабы. Еліміздің жарқын болашағы, мектептің болашағы-ұстаздардың

шығармашылығында, балаларға деген сүйіспеншілігінде, кәсіптік деңгейіне байланысты екендігінде.

Шын мәнінде мұғалімнің алдында білім алушыларға білім мен тәрбие беруде зор жауапкершілік тұр. әрбір білім алушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім қажет. Жаңашыл ойлайтын білімді де білікті, іскер тың серпіліске, өзгеруге әзір және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер ұстаздарды керек етіп отырғанына көзіміз жетті. Білім алушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы ұстаздың қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім білім алушылар үшін қандай да бір пән бойынша дәріс беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра білетін, оларға өнеге болатын ерекше тұлға болуы қажет. Жаңа заман ұстаздың күнделікті білім алушылармен қарым-қатынас барысында әрбір іс әрекет барысында өзгеше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдап шешім қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек.

Соңғы жылдары педагогикалық теорияда және оқу-тәрбие үдерісінде айтарлықтай өзгерістер болып жатыр. Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі мұғалімнің кәсіби шеберлігі. Солай бола тұра «кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педогогтің жеке тұлғалық потенциалы, кәсіби құндылықтары да жатады. ҚР-ның педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған үш айлық курс бағдарламалары, білім беру жүйесінде педагогтар алдына жаңа міндеттер қойып, оларға үн тастады десек те болады. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты.

Тәрбиелі, білімді және белсенді тұлға қалыптастыру-білім ордасындағы оқытушылардың кәсіби шеберлік деңгейімен анықталатыны сөзсіз.

Бастауыш сыныптың пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары білім алушылардың шынайы проблемаларды зерттей білуді талап етеді. Сондай-ақ, «Бастауыш сынып пәндері бойынша критериалды бағалау және оқытуды жоспарлау» бөлімінде бағалау және жоспарлау әдіс-тәсілдері көбірек толық қарастырылатын болады. Сонымен бірге педагогиканың түрлі аспектілері қарастырылады: қарым-қатынас жасау дағдылары

(мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым және жазылым, дәлелдеу), белсенді оқу, зерттеуге бағытталған оқу.

Педагогиканың бүкіл аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сындарлы оқыту тәсілдері білім алушылардың алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып, жана білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделеді. Бұл жерде басты маңыздылық білім алушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді. Мұндай үстірт білім білім алушыға қазіргі кезеңде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларын, алған білімін қолдануына кері әсерін тигізеді. Білім алушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысуы керек. Білім алушылардың алған білімдерімен жұмыс істеуге, оны әрі қарай өңдеп, өз дағдыларын арттыруға мүмкіндік беретін жаттығуларды орындауға мүмкіндіктері болуы аса маңызды саналады.

Қазақстандағы білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру жүйесі-заман талабына сай болашақ ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Жаңартылған білім беру жүйесінде жасап келе жатқан іс-тәжірибемде кіріктірілген білім беру бағдарламасы туралы түсінгенім мен ұғынғаным мол. Құзіреттілігі жоғары кәсіби тұрғыда жаңа сатыға қадам басып, білім беру жүйесіне енген жаңалықтың қыр-сырын зерттей бастағанымда сәтімде арнайы курсқа баруым бағдарлама туралы туындаған сұрақтарымның жауабын табуға берілген мүмкіндік секілді көрінді. Расында да осы уақытқа дейін деңгейлік курста оқып, көптеген тренингтердің тыңдаушысы болсам да, жаңартылған білім бағдарламасының толық нұсқасын түсініп кетудің сәті түспепті.

- Білім беру мазмұнындағы бағдарламаға енгізілген өзгерістер не үшін қажет?

- Білім беру бағдарламаларын жаңартудың басымдықтары;
- Рухани құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыру;
- Бастауыш сыныптардың оқу бағдарламасын жаңартудың басты мақсаты;

- Спиральді оқу жүйесі;
- Оқытудағы басшылыққа алынатын оқыту тәсілдері;
- Белсенді оқу, белсенді оқудағы ұстаздың рөлі;
- Критериалды бағалау жүйесі тақырыбында әріптестермен бірлескен білім ортасында жана бағдарламаны талдап, талқылап, тәжірибемен бөлісу кәсіби тұрғыда шындала түсуіме көп ықпалын тигізді. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында пәннің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын:

тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Аталған төрт дағды оқу жоспарында «Спиральді әдісімен» орналастырып, бір-бірімен тығыз байланысты. Жыл бойы бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Спиральді білім беру бағдарламасы

Спиральділік жүйе бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделіп жасалынған. Оның пікірінше, ең күрделі материалдың өзі дұрыс жоспарланып, дұрыс ұсынылатын болса, оны тіпті кішкентай балалар да тез түсіне алады.

Брунердің жасалған жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының негізгі басты ерекшеліктері:

- білім алушы мектепте оқыған кезінде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап жеңілден күрделіге қарай оқиды;

- әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі еселеніп арта түседі;

- жаңа ой алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.

Спиральді білім беру бағдарламасын жақтаушылар оның төмендегідей басымдықтарына баса назар аударады:

- білім алушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады;

- спиральді білім беру жүйесі жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысып, іске асуына мүмкіндік береді;

- білім алушыларды соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.

Бастауыш сыныптың оқу пәндерінің аясындағы педагогикалық тәсіл белсенді оқуды көздейтін сындарлы оқуға негізделеді (Savery & Duffy, 1994; Jonassen and Rohrer-Murphy, 1999). Бұл тәсіл аясында білім алушылар оқу үдерісіне белсенді атсалысады, сол арқылы өздері үшін оқудың маңызын өздері анықтайды. Бұл ұстаз селқос қана тыңдап отырған білім алушыларға өтіліп жатқан тақырыпты айтқанға карағанда, анағұрлым қуатты құрал болып табылады. Бастауыш сыныпта сабақ жүргізуде қолданылатын педагогикалық тәсілдердің көпшілігі бөлігі зерттеуге негізделген оқу әдіс-тәсілдерінен тұрады.

Ұстаздар өз білім алушыларының қызығушылықтары туралы білімдері мен бүкіл білім беру бағдарламасын ескере отырып, орындалатын жаттығуларды өзі таңдауға ерікті. Жаттығуларды білім алушылардың мүдделері негізінде жоспарлау «білім алушылар туралы хабардарлықтың негізінде оқытуға» түрткі болады (Tomlinson), ал бұл өз алдында саралауды қолдануға жол ашады. Ұстаз

білімалушылардың оқу үлгерімін бақылап, олардың мақсаттарына жетуге қолдау көрсетеді.

Жалпы білім беру мекемелері (мектеп, гимназия, лицей, т.б.) оқу үдерісінде «білім алу жолын» білетін, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне

сенімді, жауапкершілігі мол, зияткерлік тұрғыдан дамыған қалыптасқан тұлғаны қалыптастыру қағидасын ұстанады. Ұстаздар әрбір сабақта білімалушылардың бойында бұл қасиеттерді түрлі-түрлі әдіс-тәсілдер арқылы қалыптастырады және дамытады. Олар:

Бүкіл топ орындайтын жұмыс

- Сараланған сұрақтарды жүйелі қолдану.
- Күтілетін нәтижелерді саралау.
- Оқуда ерекше қажеттіліктері бар және қабілеті жоғары білімалушыларға бағытталған сұрақтарды жоспарлау және даярлау
 - Білімалушылардың өз бетінше оқи алатынынан жоғары деңгейдегі мәтіндер және тапсырмалар даярлау.
 - Басқалардан гөрі қабілетті білімалушыларға шамадан тыс көп тапсырма жүктемеуге тырысу.
 - Анағұрлым қабілетті білімалушыларды интербелсенді пікірталасқа тарту үшін ашық сұрақтарды қолдана білу.
 - Қабілетті білімалушыларды өтілген материалдар бойынша тұжырым жасауға ынталандыру.
 - Өзіміз іштей барлық білімалушыларға ауызша кері байланыс беру.
 - Қажет болған жағдайда білімалушыларды модельдеуге қатыстыру.
 - Қабілеті жоғары білімалушылардың түсініктемелер мен қағидаттарды тұжырымдап айтуын сұрау.
 - Қабілеті жоғары білімалушылар үшін мүмкіндігінше жоғары деңгейлі сұрақтар мен тапсырмалар, ал қабілеті төменірек білімалушылар үшін төмен деңгейлі жеңіл сұрақ әзірлеңіз.
 - Қабілеті төмен білімалушылардың өзіне сенімділігін қалыптастыру үшін модельдеуді пайдалану.
 - Түрлі деңгейдегі мәселелерді шешудің үлгісін көрсету.
 - Метатанымды пайдалану үшін қажетті терминологияны қолдану.
 - Қабілеті жоғары білімалушылар білуі тиіс мәселелерді модельдеу.
 - Бүкіл сыныпқа арналған мақсат қою.

Шағын топтағы жұмыс

- Ең қабілетті білімалушылардың мұғалімнің өзіне назар аударуын көбірек қалайтынын есте ұстау.
- Білімалушылардың және соған сәйкес топтың ортақ қажеттіліктерін анықтау.

- Топтарды жұмыстың түріне қарай құру.
- Күтілетін нәтижеге қарай топ мүшелерін ауыстырып отыру.
- Ең қабілетті білімалушылар бірігіп жұмыс істейтін жағдайлар болатынына көз жеткізу.
- Өзін-өзі бағамдауды қолдану.
- Көп тіл білетін білімалушылардың лингвистикалық мүмкіндіктерін білу және тиімді қолдану.
- Білім алушыларды тек сұраққа жауап беруге ғана емес, сұрақты дұрыс тұжырымдай білуге ынталандыру.
- Білім алушылардың мәдени дәстүрлерін ескеру.
- Бірлескен оқылым мен жазылым, проблема шешу жаттығуларын қолдана білу.
- Білім алушылардың алдына қойылатын мақсаттарды бірлесе отырып белгілеу.
- Барлық сыныпқа арналған таныстырылым жасау мүмкіндіктерін талқылау.

Ширату жаттығулары

- Түрлі деңгейдегі мәтінде, жаттығуларда және есептеулерде белгілі бір орта мақсаттың қарастырылуын қадағалау.
- Жұпта және топта тиімді жұмыс істеу мүмкіндіктерін ескере отырып, жұптық жұмыстар мен шағын топтағы жұмысты қолдану.
- Тізбектелген сабақтар топтамасын өткізу барысында зерттеулерді жоспарлау.
- Ширату жаттығуларын өткізу үшін оқушыларды таңдап алу.
- Түсінуді нақтылау үшін ережелерге немесе үлгілерге сәйкес кері байланыс болжамдау.
- Жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қажет ететін тапсырма беріңіз немесе мысал келтіру.
- Сараланған немесе ашық сұрақ қою.
- Тұжырым жасап және оның дұрыстығын дәлелдеуді сұрау.

Еліміздің болашағы, көркейіп өркениетті дамыған елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрініс табады. Заман көшіне ілесе отырып, жаңашыл бағытта жұмыс жүргізу-барша ұстаз алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Демек, Қазақстанның бүгіні мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Бұл ұстаздар қауымынан өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Педагогикалық кәсіптің құпиясы тек оқыту ғана емес, не үшін және қалай оқыту керектігінде. Бұл ретте ұстаздың біліктілігі, әдіскерлігі үлкен рөл атқарады. Ал кәсіби шеберліктің жоғарғы шегі шығармашылық еңбек, оқу-тәрбие үрдісін жаңашылдықпен, өзгеріспен құра білу, яғни инновациялық қызметті жүзеге асыру.

Оның негізгі көрінісі оқыту мен тәрбиелеудің, дамытудың технологияларын, әдіс-тәсілдерін ендіре отырып, жұмысты ұйымдастыра білу.

ӘДЕБИЕТ

1. Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж Университетінің білім беру Факультетімен бірлесіп әзірлеген Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының деңгейлі бағдарламасына арналған глосарий. Оқу-әдістемелік құрал. - Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2012.

2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Бірінші (ілгері деңгей). Екінші басылым. – 2014.

3. Возрастная и педагогическая психология / Под ред. А.В. Петровского. – 1972.

РЕЗЮМЕ

Будущее нашей страны, присоединяющейся к процветающим странам, отражено в сегодняшнем поколении. Основной проблемой в современной системе образования является поиск эффективных, новых методов внедрения инноваций в содержание образования, а также подготовка учителей, способных их реализовать с точки зрения социально-педагогических и организационных аспектов.

SUMMARY

The future of our country, joining the prospering countries is reflected in today's generation. The main problem in today's education system is the search for effective, new methods of introducing innovation in the content of education, and training of teachers who can implement them in terms of socio-pedagogical and organizational aspects.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРІЛЕТІН БАЛАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ МАҢЫЗДЫ РӨЛІ

Жәнібекова Сара Сериковна, оқытушы
Зинаханова Ұлбосын Төребекқызы, оқытушы
Тулегенова Айгерім Асылбековна, магистрант
«Болашақ» университеті

Жалпы білім беретін мектептің ерекше білім беруге қажеттілігі бар, олардың ішінде есту, көру қабілеті, тірек-қимыл аппараты бұзылған, күрделі тіл кемістігі бар, психикалық дамуы тежелген түлектерге алған білім деңгейін растайтын мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі. Жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асыру жағдайында мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың нәтижелерін бағалауда МЖБС берілген білім алушылар дайындығының деңгейіне қойылатын талаптарға бағдарлану керек. Бірақ кейбір балаларға бағдарламаны меңгеруге ұзағырақ уақыт қажет. Нәтижесінде олар қалыпты дамыған балалардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейімен сәйкес деңгейге жетеді.

Білім беру процесін ұйымдастыруда инклюзивті тәсілді қолдану тек ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларда ғана емес, барлық білім алушыларда «құзыреттілік» аумағының ұлғайуына ықпал етеді. Құзыреттілік тәсіл білім беруде нәтижеге жетудің жалғыз әдіс тәсілі бола алмайды, бірақ оның қажеттілігі сөзсіз белгілі.

Оксфорд және Кембридж университеттері «Басты құзыреттер 2000» бағдарламасы үшін әзірлеген басты құзыреттердің типологиясы (keyskills), британдық мектептер, колледждер, барлық түрдегі оқу орталықтарының (олардың ішінде инклюзивті оқу орындары да бар) түлектері білім алу процесін бітірген соң келесі біліктер тобын меңгереді деп күтіледі:

Коммуникация – бұл пікірталас жүргізу, материал оқу және жобаға қажетті ақпаратты іріктеу, эссе жазу, әртүрлі өтініштерді толтыру және т.с.с. кезінде қолданыла алатын біліктер.

Сандармен орындалатын амалдар – сандық ақпаратты өңдеуге, есептеу немесе шешім мен қорытындыларды көрсетуге қатысты дағдылар.

Ақпараттық технологиялар – қажетті ақпаратты іздеу, кестелер, сызбалар құру, хаттар және есеп жазу, т.б. үшін компьютер қолдануда талап етілетін құзыреттер.

Адамдармен жұмыс – ортақ мақсатқа жетуге бағытталған әрекеттерді жоспарлау және жүзеге асыруда адамдармен бірге жұмыс жасау дағдылары

Оқуға қабілетін жетілдіру және нәтижелілікті арттыру – жұмыс тапсырмаларын тиімдірек орындау, жеке өмірін ұйымдастыру, тәжірибелік тапсырмаларды орындау және өзін өзі білім алу дағдыларын қалыптастыру үшін мақсаттарды қою дағдыларына қатысты құзыреттер.

Проблемаларды шешу – жұмысқа байланысты, оқуда немесе жеке өмірдегі проблемаларды шешуде, шешім іздеуде әртүрлі әдістер қолданылғанда және сол әдістердің нәтижелілігін тексерген кезде қажетті құзыреттер.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту үшін жағдай жасауда оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау аса маңызды рөл ойнайды. Психологиялық-педагогикалық қолдау оқушыға әрбір баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес нәтижелі оқу мен дамыту үшін әлеуметтік психологиялық және педагогикалық жасалатын мамандардың тұтас, ұйымдасқан әрекеттер жүйесін білдіретін білім беру үрдісінде қолдаудың ерекше түрі ретінде қарастырылады [1].

Бағалау әрекеті барысында ескерілетін психологиялық-педагогикалық қолдаудың екі бағытын бөледі: балада пайда болған қиындықтарды шешуге бағытталған - өзекті және оқудағы болуы мүмкін ауытқушылықтардың алдын алуға, есепке алуға бағытталған перспективті. Екі бағыт та педагогикалық процесті қолдау қызметінің барлық мамандарының біріккен әрекетімен іске асырыла алады. Олардың әрекетінде бір бірімен байланысты және ескеру қажет үш міндетті компонент бар:

– бала дамуын диагностикалау (психикалық, тұлғалық, әлеуметтік);

– түзете-дамыту бағытындағы жеке және топтық сабақтар бағдарламасын іске асыру;

– бағалау жүйесі арқылы баланың даму деңгейіне қойылатын талаптар және оны оқыту мен тәрбиелеу үшін жасалған мүмкіндіктер тұрғысынан білім беру ортасын талдау [2].

Бұл санаттағы білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау нысаны оқу жетістіктерін критериалды бағалау процесі болып келеді. Берілген жағдайда психологиялық-педагогикалық қолдаудың пәні әртүрлі мамандардың (пән мұғалімдері, психолог, логопед, әлеуметтік педагог, сынып жетекшісі, мектеп дәрігері, басқа мұғалімдер) және ата-ананың тығыз ынтымақтастығын қарастыратын оқушыларды қолдау болып табылады. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды психологиялық-педагогикалық қолдау келесіге бағытталады:

- оқушының денсаулығы және күш-қуатын сақтау: балалар өмірінің денсаулық сақтау тәртібін ұйымдастыру, қозғалыстық белсенділіктің жеке таңдалған формасына, денсаулықты нығайтатын сабақтарға араластыру;

- оқушылардың зияткерлік дамуын қолдау: әрбір оқушының танымдық ерекшеліктерін анықтау мен дамыту, табысты білім беру үшін жағдай жасау;

- қарым-қатынас саласында баланы қолдау: балалардың бір бірімен ізгілікпен әрекеттесу үшін жағдайлар жасау, іс-қимылды саналы түрде таңдауда көмек, балалардың тынығу әрекетінде жеке қабілеттердің ашылуын қолдау;

- баланың отбасын қолдау: отбасылық қарым-қатынасын зерттеу, оны үйлестіруде көмек беру.

Психологиялық-педагогикалық қолдау аса маңызды шығармашылық ортаны құруды және балаларға таңдау жағдайын беруді қарастырады. Бұндай жағдайлар баладан тек білім, білікті қолдануды ғана емес, сонымен қатар рефлексиялау тәжірибесін, өздігінен шешім қабылдау, ерік пен мінездің көрінісін талап етеді. Даму мүмкіндігі шектеулі оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдау психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысы мен ұсыныстарының негізінде ұйымдастырылады және білім беру ұйымындағы штаттық мамандармен (арнайы педагог, психолог, мұғалім-логопед, әлеуметтік педагог, ЕДШ маманы және басқа) немесе білім беру ұйымынан тыс келісім-шарт негізінде оңалту орталығы, түзеу кабинеті мамандарымен, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарының педагогтарымен жүзеге асырылуы мүмкін [3].

Қолдаудың тігінен сабақтасуын құру барынша иілгіштік пен түрлілікті, бағалау әрекетінде баланың әрбір даму кезеңінде жасына байланысты психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеруді қарастырады. Жалпы білім беретін мектеп білім алушыға қажеттіліктеріне сәйкес қолдау түрін ұсынуы қажет. Ол қысқа мерзімді, орташа мерзімді немесе ұзақ мерзімді қолдау болуы мүмкін.

Қазақстандық білім беру жүйесіндегі қиындықтар келесіге байланысты үдей түсуде:

– оқыту сапасын бағалау және зерделеу жүзеге асырылмайды, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың нақты индикаторлары жоқ;

– ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардағы туындап жатқан оқу қиындықтарының алдын алу бойынша шаралардың жеткіліксіздігі. Олар білім алушылардың денсаулық жағдайына, моралды-психологиялық және әлеуметтік жағдайына байланысты болуы мүмкін.

– инклюзивті білім беруді ақпараттық-консультативті қолдау нашар ұйымдастырылған.

Бұл келесі проблемаларға алып келеді:

- ерекше білім беруге қажеттілігі бар көптеген балалардың әлеуетті мүмкіндіктері жеткіліксіз қамтамасыз етіледі және соның салдарына жеткіліксіз іске асырылады;

- әлеуметтік бейімделу механизмдері нашар іске асырылады, соның салдарынан девиантты мінез-құлықты балалар саны артуда;

- бұндай балаларда функционалды сауаттылық төмен деңгейде қалыптасады, олар жұмысқа орналаса алмайды.

Оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың психологиялық-педагогикалық жүйесі проблеманы шешудің келесі маңызды тәсілдерінен тұрады:

- тұлғалық-бағдарлы тәсіл, оның құрамына түрлі типологиялық топтардағы оқушылардың оқу материалын оқу жетістіктерін бағалаудың деңгейлік критерилерін қолдану мен меңгеру мүмкіндіктерінің біртексіздігін ескеру кіреді;

- әрекетті тәсіл балаларға түрлі қолжетімді өнімді қызмет түрлеріндегі мүмкіндіктері және қабілеттерін анықтауды көздейді;

- денсаулық сақтау тәсілі, ол бағалау жағдайында қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру арқылы оқушылардың психологиялық-соматикалық денсаулығын сақтау және нығайту міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді.

Аталған тәсілдерді іске асыратын педагогикалық шарттар келесі аспектілерден тұрады:

- оқу жетістіктерін бағалауда қызметтік формада сипатталған, оқушыларға қолжетімді әрі түсінікті көрсеткіштер бойынша анықталған, оқушы үшін шынайы және тұлғалық маңызды критерилерді қолдану;

- бағалау процесінде көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес келетін түрлі деңгейдегі және үлгідегі тапсырмаларды қолдану;

- оқушылардың өзі жеке оқу жетістіктерін шынайы таңдауын қамтамасыз ету және осы таңдауына қолдау көрсету.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауда нақты көмек көрсететін психологиялық-педагогикалық қызмет болуы тиіс. Оның міндетіне балалармен қарым-қатынас орнатуда дамытушы және түзету жұмысы ғана емес, сонымен қатар, бағалау қызметін сүйемелдейтін ортақ тәсілдер, оқушылармен жұмыстың бірыңғай стратегиясын дайындау бойынша педагогтармен және ата-аналармен тұрақты ынтымақтастық орнату кіреді. Психологиялық-педагогикалық қызметтің әрбір мүшесі кәсіби этиканы сақтауы, психологиялық-педагогикалық тексеру, консультативтік қызмет немесе басқа қызмет түрінің барысында алған мәліметтер оқушыға немесе оның отбасына зиян тигізетін болса, таратпауы қажет.

Білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін іске асыру үшін білім беру жағдайларын жасау міндетімен қатар білім беру ұйымының алдына түзету жұмысының мазмұны және әдістерін анықтау міндеті қойылады. Әрине, қазіргі кезде ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке оқыту бағдарламасының мазмұны және құрылымына қойылатын талаптардың болмауы білім беру процесіндегі жеке тәсіл үшін жағдай жасауды біршама қиындататыны белгілі. Дегенмен, басқа жағынан білім алушылар арасындағы психофизикалық бұзылыстардың әр түрлілігіне мен күрделі ауытқулары бар балалар санының артуына байланысты жеке білім беру бағдарламасының бірыңғай құрылымдық-мазмұндық үлгісін әзірлеу өте қиын.

Инклюзивті білім беру барлық балалардың тұлғалық мүмкіндіктерін кеңейтеді және ізгілік, төзімділік, құрдастарына көмектесу сияқты қасиеттерді дамытуға ықпал етеді.

ҚР «Білім туралы» Заңында «білім алу үшін арнайы жағдайлар» түсінігі ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) оларсыз жалпы білім беретін оқу мен білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнайы оқу бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, тыныстіршілігін, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар ретінде анықталады. Арнайы жағдайлар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациямен ұсынылады және әр түрлі санаттағы балалардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктеріне байланысты болады. Жалпы білім беретін мектепте инклюзивті ортаны жасау жағдайында мұғалімге әдістемелік көмек ретінде дамуында әр түрлі бұзылыстары бар балаларға арналған білім беру ортасын ұйымдастыру үшін арнайы жағдайлардың сипаттамасы берілген [4].

ӘДЕБИЕТ

1. Алтаева Г. Ж Роль психолого-педагогического сопровождения детей в условиях инклюзивного образования. (КРО) школа-интернат общего типа, г. Щучинск – 2015. – 125с.

2. Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 80 б.

3. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 51 б.

4. «Білім туралы» ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы
<http://adilet.zan.kz>

РЕЗЮМЕ

В контексте возможности достижения результатов образовательного процесса доступ к образованию станет ключом к уровню образования.

SUMMARY

In the context of the possibility of achieving the results of the educational process, access to education will be the key to the level of education.

ФИЛОЛОГИЯ

**THE DOMINANT ROLE OF CONTEXT IN THE
FORMATION OF ELLIPTIC SENTENCES IN KAZAKH
LANGUAGE AND THEIR CORRESPONDENCE IN THE RUSSIAN
LANGUAGE**

Atazhanova Zeinep Myrzakozhakyzy,
candidate sciences of philology,
Bolashak University;

Oralbaeva Gulzhaina Smetullakyzy,
master, senior teacher,
Bolashak University;

Nurmagambetova Liza Kaldybekovna,
teacher, Bolashak University

Elliptic sentences still contain a number of linguistic regularities that require further research, clarification, in-depth study [1].

Ellipsis (ellipse) loss, omission. The omission of an element of the statement, which is easily restored in a context or a situation [2].

Substantivization transition to the category of nouns from other part of speech in a consequence of the acquired ability directly to point to a subject not only through its sign [3].

The purpose of this work – to give the systematic and profound analysis of structural – grammatical features of substantivized – elliptic sentences, to define expressed types in modern Kazakh and their English languages.

Language factors of some languages show that elliptic sentences can omit not only the main, but also other minor members of the sentence. As shown by statistical analysis, ellipses are mainly inherent in Dialogic speech. In the Kazakh and Russian languages we compare, such sentences are very widespread. Even if elliptical sentences can not fully Express the inner feelings, mood, state of mind of the speaker, while the presence of context and situation are a necessary element, as they induce the listener to think and have a certain influence on his state.

The context is the direct cause of the formation of elliptic sentences. In modern languages context participates in the formation of elliptic sentences in two cases:

1) the members Required for the proposal are given in the first sentence. In the second sentence, one or more members are omitted to avoid repetition. This affects the structure and style of the sentence, protects it from unnecessary verbosity. As a result, elliptic sentences are formed.

Examples:

Now Isara began to tell the Showroom at his request, the story that he heard the rabbit:

- On the head of this hill there is a burial ground. He's a rabbit woman's grave.

- Why high? The only cemetery?

- Alone.

- History is interesting (S. Bakbergenov).

At Shokan's request, Aisara began to tell a story about Koyankoz.

- There's a grave on this hill. This grave belongs to the woman Koyankoz.

- Why was it buried on the hill? One grave?

- One.

- The story can be interesting.

The Germans bombed our train. I Manannan and lose. In the forest she was crying. After the end of the Crimea I led. And then we together.

Who's calling?

- Vitya.

Last name?

- Morozov.

- What city do you live in?

- Podolsk. (Ul. Isabaev) - KAZ.

On the way, the Germans bombed our train. I'm behind mom. This girl was walking in the woods and crying. I took her by the hand, she kept up with me. We've been together ever since.

- What's your name?

- Vitya.

What's your name?

- Morozov.

- What city do you live in?

- in Podolsk.

As can be seen from the above examples, the words used in the first full sentences «held thirty, «the» grave of women», they are «it,» Menin of ATEM-«my name», I train- «I live» was propolene. However, this circumstance has no negative effect neither on the syntactic structure of the sentence nor the content of the speech, as in elliptic sentences is not required the repetition of certain parts of the sentence.

2) Elliptical sentences become concrete, thanks to the context: do not pronounce the words that were only used in the next sentence. This is typical of the answer, where all the words that are clear from the question are usually omitted. This provision directly applies to all languages and is a characteristic of dialogical speech. This idea can be confirmed by the material of modern Kazakh and Russian languages.

Thus began the history between Alimbek and Cahim. It started as Alimbek.

- Character of the daughter-in-law had to differ from character of the girl. You have a girlish character.

- Is that bad?

- Nicely. In Mes that attracts me. (A. Of Science «Taksir») – Kaz

The conversation between the Alimbek and Canshaim started unexpectedly. First it started to Alimbek.

- The character of the young woman should be different from the girl. You have a girlish character.

Is that bad?

- Sure. I'm attracted to your character.

In these examples, the second sentences, which are used as an answer to the question, are elliptic sentences. The words mentioned in the previous contexts are omitted from the second component. It can clearly show when comparing elliptic and full proposals: OlJamanba? = Ol (minez) Jaman BA? = Ol / Oy? = Ol (olminez)? – Kaz.

These examples confirm that the members required for the proposal are present in the first component, the component – question. In the second example, one or more members are absent to succinctly Express the idea, to avoid repetition.

An ellipse is a reduction or omission of a member of the sentence structure for a specific purpose. Therefore, elliptic sentences thought is expressed in a more concise, concise, concise form and can be omitted any members of the sentence taking into account the emotional state of the speaker.

H. Abdurakhmanov unlike other research works devoted to proverbs and sayings in determined the general grammatical consistent patterns: questions of inversion, elliptic sentences specified that conjunctionless compound of other types:

(Сен) «Жатқан жыланның құйрығын баспа»

(Ты) «Не буди лихо, пока оно тихо»

(You) «Let sleeping dogs lie» [7].

Here «subjects» are omitted. Studying of lexico-syntactic features of the Kazakh, English proverbs and sayings is of great importance when studying steps of history of thinking of the people and the sociological questions connected from them, forming culture of the people, and for clarification of organic communication between art and esthetic thinking. On the basis of this, it is possible to receive the correct idea of semantic development of language, of its lexical and phraseological system [8].

In the formation of elliptical sentences dominiruyushie the role of the context associated with the role of intonation, gesture, facial expressions, the will of the speaker.

Context channel semantically segment of speech, which gives the opportunity to ascertain the value of a particular included in it the words

and sentences. An elliptic sentence depends on the context because it specifies the number of “missing” elements and their meaning.

LITERATURE

1. Балакаев М.Б., Кордабаев Н. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. - Алматы, 1971.
2. Бархударов Л.С. Структура простого предложения современного русского языка. - М, Изд-во «Высшая школа». - 1956.
3. Вардуль И.Ф. К вопросу о явлении эллипсиса. Инвариативные синтаксические значения и структура предложения. - М, 1986.
4. Akhmanova O.S. Словарь лингвистических терминов. - М., 1987. – С. 180.
5. Gvardjaladze I.S. Английские пословицы и поговорки. - М., 1972.
6. Zhukov V.P. Словарь русских пословиц и поговорок. - М, 1989.
7. Dal V. Пословицы русского народа. 1 volume. - М., 1989.
8. Sarsenbaev R. Лексико-синтаксические особенности казахских пословиц и поговорок. 1961.
9. Felicina V.P., Prokhorov U.E. Русские пословицы, поговорки и крылатые выражения. - М, 1989.
10. Akhmanova O.S. Англо-русский словарь. - М., 1985. - р. 60.
11. Bukovskaya V.A. dictionary of English proverbs in modern use. – М, 1990.
12. Usipov G. Лексико-синтаксические особенности пословиц и поговорок. - Баку, 1976.
13. Atazhanova Z.M. Эллиптические предложение выраженные пословицами и поговорками в английском языке и их эквиваленты в русском и казахском языках. - Алматы, Мектеп, 1988.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада қазақ-ағылшын тілдеріндегі эллипсистенген сөйлемдер жасауда контекстің басты рөлі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается доминирующая роль контекста в образовании эллиптических предложений в казахском языке и их соответствия в русском языке.

ТАРИХИ РОМАНДАРДАҒЫ ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРДЫҢ ЛЕКСИКАСЫ

Нұрсұлтанқызы Жазира,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент;
«Болашақ» университеті;
Ысқақ Назым,
магистрант, «Болашақ» университеті

Бүгінгі таңда әлемдік тіл біліміндегі жаңа бағыттарға сай жүргізілген зерттеулер қазіргі қазақ тіл білімінің жаңа теориялық деңгейге көтерілуіне ерекше әсер етіп жатыр. Тіл білімі соңғы уақытта құрылымдық аспектідегі зерттеулермен қоса лингвомәдени, танымдық, гендерлік, психолингвистикалық, этнолингвистикалық деп аталатын жаңа антропоцентристік бағыттағы зерттеу жұмыстарымен толыға түсті. Антропоцентристік парадигма өз шеңберінде этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, гендерлік лингвистика, паралингвистика тәрізді жаңа бағыттарға жол ашты.

XX ғасырдың 90-шы жылдары лингвомәдениеттану пәні В.В. Воробьев, В.Н. Телия, В.И. Маслова, Ю.С. Степанов, А.Д. Арутюнова, В. Шаклеин, И. Толстой т.б. еңбектерінде зерттеле бастады. Лингвомәдениеттанымның іргетасын қалауға этнолингвистика, социоллингвистика, лингвопсихология белсенді ат салысқан. В. Гумбольд, Ф. Боас, Э. Сепир, Б. Уорф, А.А. Потебня, А.Н. Афанасьев, Е.Ф. Карский және т.б. зерттеулерінде тілдің мәдениетпен, халықтың әдет-ғұрып, салт-санасымен, ырым-тыйымдарымен, жөн-жоралғыларымен, болмысымен, дүниетанымымен байланысын қарастырған. Ғалым В.А. Маслова лингвомәдениеттану пәнін лингвистика мен мәдениеттанудың тоғысында пайда болған сала екенін айта отырып, мынадай қорытынды жасайды: «Лингвомәдениеттану – лингвистика мен мәдениеттану түйісуінен пайда болған тілде бейнеленген және бекіген халық мәдениетінің көріністерін зерттейтін ғылым» [1, 8 б.]. Б. Ағабекова лингвомәдениеттану саласын зерттей келе, мынадай тұжырым жасайды: «Лингвомәдениеттану – қазіргі тіл білімінде кеңінен қолданыс тауып келе жатқан антропоцентристік бағытпен, яғни сол тілдің иесі болып табылатын адаммен, тілдің функционалды қолданыс табатын әлеуметтік орта, тарих, мәдениет пен танымдық процестермен байланыстыра зерттеу үрдісінің нәтижесі болып табылатын тіл мен мәдениеттің өзара байланыс тетіктері мен жалпы

ұлттық дүниетаным, ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісін зерттейді» [2, 10 б.].

Қазақ тілі білімінде лингвомәдениеттану ғылымы кейінгі жылдары зерттеліп жатқанымен, ұлттық мәдениет пен тілдік белгілердің сабақтастығы жөнінде көзқарастар Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, І. Кеңесбаев, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Ә. Ахметов т.б. еңбектерінде сөз болады. Сондай-ақ, Н. Уәлиев, С. Сәтенова, Г. Смағұлова, А. Алдашева, А. Сейсенова, А. Ислам, А. Жылқыбаева, Қ. Рысбергенова, Р. Шойбеков т.б. тілші-ғалымдар еңбектерінде бұл мәселелер терең қарастырылып, арнайы зерттеу нысаны болды.

Зергелік бұйымдар – қазақ халқының өткендегі материалдық мәдениет дәрежесін, рухани мәдениетін бейнелейді. Ұлттық мәдениеттің көрінісі болып табылатын зергерлік бұйымдардан этносымыздың ұлттық дүниетанымы, халықтық болмысы, эстетикалық талғамы, әлеуметтік ерекшелігі айқын байқалады. Ұлттық мәдениетіміздің тарихында зергерлік бұйымдар ерекше орын алады.

Тарихи романдарды саралау барысында зергерлік бұйымдардың көптеген түрлерін кездестірдік. Енді соларға талдау жасап көрейік.

Білезік – сәндік үшін білекке тағатын әшекейлі, бағалы бұйым. Ғалым Р. Шойбеков: «Білезік – өте ерте замандардан тұтынылып келе жатқан сәндік бұйым», - дей келе, білезікке қатысты мынандай әдет-ғұрыптар орын алғандығын айтады: «Бұрын баласы тұрмай жүрген ата-аналар жас баланың қолына және аяғына «Темірдей мықты болсын» деп оң тілек айтып, бір-бірден білезік салады екен. Қазақ білезіктеріндегі жыланның басына ұқсас өрнектің салынуы – ауру-сырқаудан, тіл-көзден сақтайды деген нанымның ізі, өйткені адамдар ертеден-ақ өзі жақсы көретін заттарды, жан-жануарларды немесе өзі қорқатын, сондықтан одан сақтанатын, реті келсе оның күшіне ие болғысы келетін заттар мен құбылыс, аң-құстар, жан-жануарларды өнер туындыларында бейнелеп отырған» [3, 47 б.].

Білезік сөзі білек пен жүзік деген сөздердің кірігуінен жасалған.

Алтын білезік, бес білезік, жалпақ білезік, күміс білезік, құйма білезік, бұрма білезік, жұмыр білезік, кавказ білезік, қалы білезік, сом білезік, тасты білезік, топсалы білезік, қолқа білезік, үзбелі білезік деп аталатын түрлері бар.

Психолог М. Мұқанов «Егер әйел ақ көйлек киіп, басына ақ орамал тағып, екі қолына білезік салса, бұл оның тұрмыста екенін аңғартады», - деп зергерлік бұйымдарды бейвербалдық сипатқа ие екендігін айтады [4, 101 б.].

Мынау үстіндегі торқа, дүрия киімдері мен алтын білезік, алтын шолпы, алтын жүзіктің бәрі де келіншек боп түскенде осы төркін берген жасауы (І. Есенберлин «Көшпенділер»).

Анда-санда шетіне ши барқыт тұтқан, белі қыналған, жібін жіңішке етіп иірген шекпен қамзол, пешпент. Күміс шолпты, алтын жүзік, меруерт алқа, сом білезік, сәнді сырға – бәрі де бүкіл қазақ әйелдеріне жарасты дүние (І.Есенберлин «Көшпенділер»).

Шашбау – өрілген шаштың ұшын бекітетін алтын, күміс тиындар қадалған лента тәрізді ызған мата [ҚТТС, 174]. Түркі халықтарында ертеден қолданылып келе жатқан зергерлік бұйымдардың бірі. Шашбау күмістен қақталып соғылады. Ұшына күміс теңгелер тағылады. Шашбаудың алтын шашбау, күміс шашбау, теңге шашбау, тілла шашбау, үзбелі шашбау, шашақты шашбау т.б. түрлері бар.

*Арқаға түскен қос өрім қоңыр шаш ұшындағы алақандай ақық тастарға ақ күміс теңге жалғанып жасалған ауыр **шашбауы** баяу ырғатыла шығып кеткенде артынан қарап қалыпты (М. Мағауин «Аласапыран»).*

*Ай-Шешек жеңіл қимылмен, **шашбауын** сылдыр етіп, бір-ақ секіріп алдына келді, рұқсат сұрағандай, қиыла қарады да, мойынға асылды. Хош иіс, балғын дене. Өне бойы иіп бара жатқандай (М. Мағауин «Аласапыран»).*

Шолпы – қақталған күмістен үшбұрышты етіп жасалады да, ортасына асыл тас орнатып, шынжырлап тұмарша, қоза, қоңырау, күміс тиындар тағады. Шолпының асыл тас қондырған түрін көзді шолпы дейді. Қозалы шолпы – сәндікке қоза орнатып жасалған шолпы. Қоңыраулы шолпы, сылдырмақ шолпылар – дыбыс шығаратын қоңыраулары бар, түйме, қозалары бар шолпы. Шолпының бұдан басқа шынжырлы шолпы, қос үзбелі шолпы, көп үзбелі шолпы, сағат баулы шолпы, маржанды шолпы деген сияқты түрлері бар.

*Құлағына таққан үш буынды сырғалары мен арқасына төгіле түскен тоқпақтай қалың шашының ұшындағы төрт қатар **шолпысы** патшаның кілең бір сомдық алтын ақшасынан қиыстырылған (І. Есенберлин «Көшпенділер»).*

*Қара су секілді тұнжыраған ауыл үстіне төнген ауыр қайғыны тек анда-санда сылдырлаған қыз **шолпысының** үні мен көк аспанда тізбектеле ұшқан қаз-үйректің сұңқылы ғана бұзады (І. Есенберлин «Көшпенділер»).*

Қазақ әйелінің зергерлік бұйымдарының бірі – **сақина, балдақтар**. Балдақ – саусаққа салатын алтын, күміс сақина. Ертеде балдақты көбіне ер адамдар салған. Балдақты жергілікті тілде жүзік, сақина деп атай береді. Бірақ олардың бауыры шығыр болып келеді, қолдың сыртына қараған жағына асыл тастан көз салынады. Ал балдақта ондай көз болмайды. Тұтас, жалпақ, дөңгелек болып, кейде ою-өрнек жүргізіледі, кейде алтын-күміс беті сол күйі қалдырылады [3, 37 б.]. Сақинаның ақық сақина, жез сақина, кавказ сақина, балдақ

сақина, кола сақина, тасты сақина, моншақты сақина, құсмұрын сақина, ырғақ сақина, бұрмалы сақина деген сияқты түрлері бар.

Ол күміс жүзік, алтын сақина салған мыртықтау саусақтарымен байының борпыл бұлшық етті балтырын шымши уқалайды (І. Есенберлин «Көшпенділер»).

Жүзік – бауыры таза күміс пен алтыннан соғылып, саусақтары сыртына қараған бетіне асыл тас қондыру, а ұя жасап, сол ұяға асыл тастан көз қондырылған, көлемі мен салмағы, формасы әртүрлі болып келетін, көбіне бір саусаққа сұғатын бір бауырдақты кейде екі саусақты қатар сұғып киетін қос сақинасы бар, бетінде бір яки бірнеше көзі бар қол әшекейі [3, 38 б.]. Тілімізде қасты жүзік, алтын жүзік, бадана көз жүзік, гауһар жүзік, бұрама жүзік, дүзік, кемпір жүзік, көзді жүзік, күміс жүзік, меруерт жүзік, сом жүзік, шорлы жүзік, құсмұрын жүзік, қос бауырдақ жүзік, құйма жүзік сияқты түрлері бар.

Күміс жүзік, алтын білезік соққан ұста, қолында тәспісі, алдында төселген жайнамазына төгілген жеміс тәрізді сүйек құмалақтары бар қожса-молдалар (І.Есенберлин «Көшпенділер»).

Көшесіне шықса, диқан аспаптарын, жсауынгер қару-жарағын, қыз-келіншектер алқа-жүзік, білезіктерін соғып жатқан шеберлердің көк құрғыш төсті құлаштай кеп ұрған балғаларының шаңқылынан құлақ тұнады (І.Есенберлин «Көшпенділер»).

Стамбулдың қолөнершілері істеген білезік, жүзік, күміс ыдыс, алтын жалатқан құман, зер жүргізген жайнамазына дейін сатып, сауда арқылы күншығыс пен күнбатысты байланыстырып тұратын (І.Есенберлин «Көшпенділер»).

Алқа – қыз-келіншектер мойнына, омырауына сәнге тағатын әшекейлі зат, маржан, меруерт [ҚТТС, 223]. Алқаның әйкел, көкірекше, омырауша, өңіржиек, өнжорға сияқты түрлері бар. Әйел – мойынға тағатын алтын мен күмістен жасалған металл әшекей. Қазақ танымында әйкелі бар адамға дию, жын-шайтан жоламайды деген сенім болған. Көкірекше – көлемі шағын алқаның жергілікті атауы. Өнжорға – алтын мен күмістен жасалған алқаның ертеректегі көне атауы.

Бектердің ақ борықтай толық, егде бәйбішелері жас ханымның қолына балдақты алтын жүзіктер кигізді, мойнына асыл тасты ширатпа алқа тақты (М. Мағауин «Аласапыран»).

Басындағы алтай құндызынан тіккен шоқ үкілі камшат бөркі де, үстіндегі дүрия шәйі қос етектегі көйлегі де, белін қынай киген қамқа ішігі де, гауһармен безенген алқасы мен аяғын басқан сайын қоңыраудай сылдыр қаққан қақтаған алтын шолпысы да басқалардікінен анағұрлым қымбат, өзгеше (І. Есенберлин «Көшпенділер»).

Сырға – алтын, күміс сияқты бағалы металдан жасалады. Көздің жауын алар асыл тастардан көз қондырылып дайындалған сырғаны тақпайтын қыз-келіншекті кездестіре алмаймыз. Сырғаның көне атауы құлақ моншақ деп аталған. Сырғаның ай сырға, айшық сырға, алқа сырға, жапырақ сырға, жұлдыз сырға, күмбезді сырға, қоңырау сырға, үкі аяқ сырға, алтын сырға, зер сырға, лағыл сырға, маржан сырға, айбалта сырға, тұлпар сырға, жымырық сырға, көз сырға, қолқа сырға, собық сырға, сирақты сырға, шілтерлі сырға, шарбақ сырға, ұзын сырға, тамшылы сырға, төбе сырға, дүр сырға, салпыншақ сырға, шұжық сырға т.б. сияқты түрлері бар. Сырғаға байланысты көптеген ырым-жоралғылар бар. Мысалы, қызға құда түскенде, оны біздің болашақ келініміз деп өздеріне меншіктеудің белгісі ретінде қыздың құлағына сырға салу рәсімін өткізген.

*Киген киімі де ауылдың қос етектері, камшат бөрікті, **алтын сырға**, күміс шолпылы бойжеткендеріне ұқсамайды (І. Есенберлин «Көшпенділер»).*

*Алдымен таза орысша үлгіге көшті. Баяғыдай жалаң бас жүруін қойды. **Салпыншақ ұзын сырға** тақты, биік өкше сақтиян етік киді (М. Мағауин «Аласапыран»).*

*Ал екінші пішін – Ана... бояуы мүлде өшуге айналған. Тек оңып кеткен сәнді камзолдың екі өңірі мен етегінен гана зерлі ою ізі байқалады. Әйтсе де басына, шашқапты жаулық үстіне шолақ қалпақ киген **шұжық сырғалы** әйелдің туыс-бітісі айқын танылады (М. Мағауин «Аласапыран»).*

Қорыта келгенде, тарихи романдарда кездесетін зергерлік бұйымдар: шашбау, шолпы, сақина, балдақ, жүзік, білезік, шашқап, алқа, сырға т.б. әсемдіктің, байлықтың, әлеуметтік жағдайдың нысаны, белгісі болып саналған.

ӘДЕБИЕТ

1. Маслова В. Введение в лингвокультурологию. – Москва: Наследие, 1997. - С. 8.

2. Ағабекова Б. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық теңеулердің ұлттық мәдени сипаты // Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2010. - 33 б.

3. Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 203 б.

4. Муканов М.М. Этнопсихологическая специфика невербальных коммуникативных знаков // Психология. Интеллект и речи. Выпуск 2. - Алматы: Каз.пед.ин-т. им.Абая, 1972. - С. 109-117.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются лингвокультурологические аспекты ювелирных изделий казахского народа.

SUMMARY

The article deals with linguistic and cultural aspects of jewelry of the Kazakh people.

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒЫЛЫМДАРДЫ ЖІКТЕУІ

*Медетбаев Тасболат Сиезбайұлы,
филология ғылымдарының кандидаты,
«Болашақ» университеті*

Әл-Фарабидің философиялық көзқарастары ғылымға, оның танымындағы орнына, зерттеу әдіснамасына деген тарихи-философиялық көзқарастардың дамуындағы ерекше бағыт болып саналады. Ол ойшылдың энциклопедиялық шығармашылығының бір қырын әл-Фарабидің «Ғылымдардың жіктелуі туралы сөз» [1, 115 б.] деген трактаты бейнелейді.

Ортағасыр ислам мәдениетінде ғылыми ізденістермен айналысатындар үшін бұл трактат міндет деп саналатын.

Ибн Сайдәл-Кифтидің айтуынша, бұл трактат «Ихса әл-улум уа-тағриф би-аграда» яғни «Ғылымдардың жіктеу және мақсатты айқындау» атты белгілі еңбегін жазды. Бұл салада [ғылымдарды жіктеуде] әл-Фараби бірінші еді, өйткені, оған дейін ғылымның мұндай саласымен айналысқан ешкім болған жоқ. Сондықтанда ғылыммен, біліммен әуестенгендер оның кітабын жетекшілік етпей, яғни оның еңбектеріне соқпай өте алмаушы еді. Кейінірек барлығыда оның [әл-Фарабидің] ізімен кетті [2, 89-90 бб.].

Әл-Фараби ғылымдардың жіктелуі тақырыбына, арнайы трактаттан басқа «Евклидтің бірінші және бесінші кітаптарының кіріспесінде» кездесетін қиындықтарды түсіндіру; «Логикаға кіріспе», «Бақытқа жету туралы», «Бақытқа апаратын жолды көрсететін кітап» сияқты шығармаларында да көңіл бөлген. Бұл шығармаларды әл-Фараби ғылымдардың теориялық және тәжірибиелік, силлогикалық және силлогикалық емес, рационалды жолмен тікелей аңдау арқылы алынатын деп бөлінетіні туралы айтады. «Ғылымдардың жіктелуі туралы сөз» деп аталатын трактатында ол ортағасырлық Батысқа беймәлім ортағасырлық ғылымдардың жіктелісін келтіреді, ал Батыста мұндай жіктелім Киелі Жазбаны зерттеумен және классикалық деп аталатын «өнерлермен» шектелетін. Әл-Фарабидің жіктелімінде сол тарихи кезеңде белгілі болған білім жиынтығының жіктелімі жай ғана берілмейді. Оның әртүрлі салаларының мазмұны да ашылады. Ортағасырлық Шығыста ғылымдардың жіктелуіне әл-Кинди, Ибн Сина, әл-Ансари және т.б. өз еңбектерін арнаған еді.

Әл-Фараби жасаған ғылымдардың жіктелуі антикалық дәуірде жасалған алдыңғы жіктелімдерден ерекшеленеді, өйткені оларда теориялық ғылымдармен қатар қолданбалы ғылымдар берілмеген еді. Аталған жіктелім өз дәуіріндегі жіктелімдерден өзі қамтитын

мәселелердің тереңдігімен ерекшеленеді және бұл ғылымның даму тарихындағы басты жаңалығымен маңызын айқындайды. Бұл еңбек ортағасырлық Таяу және Орта Шығыста кеңінен тарап үлгірді, ал өзінің энциклопедиялық мазмұны арқасында ол ғылымның дамуының келешек тарихында белгілі болды.

Б.Г. Гафуров пен А.Х. Қасымжанов «Ғылымдардың жіктелуі туралы сөз» трактатының ғылымдар жіктелуіне қатысты жеке әдістемелік қырларды ғана қамтыған таза философиялық шығарма ретінде біржақты қарастырылғанын айтады. Бірақ іс жүзінде ол белгілі бір ғылымның пәндік саласын анықтау ғана емес, оның мазмұнын баяндау болады. Сондықтан олар «Ғылымдардың жіктелуі туралы сөздің» бөлімдеріне, ең алдымен, белгілі бір ғылым саласына арналған шағын монографиялар ретінде қарауды ұсынып, оларға қарастырылатын дәуірдің жеке салалар деңгейін зерттегенде, сондай-ақ ғалым ретінде әл-Фарабидің ғылыми мақсаттары мен жетістіктерін бағалауда көңіл бөлу қажет» дейді [3, 115 б.].

Бұл жағдайда әл-Фарабидің аталған шығармасы ортағасырлық ғылымның энциклопедиясы ретінде қарастырылады. Бұл шығарманың кіріспесінде әл-Фараби оны зерттеудің қажеттілігін өте нақты түрде тұжырымдайды, ол бұл кітапта айтылған нәрсенің бәрі оқырман үшін пайдалы дейді, өйткені ғылымдарды зерттегенде ол қайсыбір ғылымның зерттеуін неден бастау керек екенін біледі, зерттеудің пайдалы және пайдасыз тұстарын біледі. Бұл кітап шынайы білімі жоқ, бірақ білемін дейтін адамдардың надандығын әшкерелеуге септігін тигізеді. Сонымен, ғылымды зерттеу тұрғысы надандыққа емес зердеге, саналыққа негізделіп, қайсыбір ғылымды зерттегенде қойылатын мақсаттарға сай таңдалып алынатын болады. «Білім мен өнері мол, әрбір ғылымнан барынша білім алғысы келетін адам да өзін ғалым ретінде көрсеткісі келіп, ғалымдарға еліктейтін адам да оның пайдасын көреді» [4, 115-116 бб.] - деп жазады әл-Фараби.

Әл-Фараби сол кездегі ғылымдарды, олардың жалпы және жеке алғанда қандай болатынын баяндай отырып, бес бөлімге бөледі:

- тіл туралы ғылым және оның бөлімдері;
- логика және оның бөлімдері;
- математикалық ғылымдар;
- физика және метафизика олардың бөлімдері;
- азаматтық ғылым және оның бөлімдері, құқықтану және құдайлық ілім.

Ғылымдардың жинағының басында, әл-Фарабидің пікірінше, сөздерді жаттаудан және олардың мағынасын білуден, сондай-ақ осы сөздерді меңгеріп тұрған заңдарды білуден тұратын тіл туралы ғылым тұрады. Тіл туралы ғылым жеті бөлімнен құралады:

- жай сөздер туралы ғылым;
- сөз тіркестері туралы ғылым;

- жай сөздердің заңдары туралы ғылым;
- сөз тіркестерінің заңдары туралы ғылым;
- жазу заңдары;
- дұрыс оқу ережелері;
- өлең құрау ережелері.

Логика тіл туралы ғылымнан кейін тұр, онда әл-Фараби сегіз бөлімді көрсетеді:

- силлогизм түрлері;
- айтылым түрлері;
- өнердің түрлері;
- пайымдаудың бес түрі: дәлелдік, диалектикалық, софистикалық, риторикалық және поэзиялық.

Логиканың мақсаты мен міндеті туралы айтқанда, әл-Фарабидің ақиқатқа жету мақсатына және ақиқатқа апармайтын барлық нәрседе ақылды түзету үшін қызмет ететіні туралы айтылады, ол адамның ақылын қателіктерден қорғайды, дұрыс орындаудың заңдарын зерттеп, біліміміздің дұрыстығын тексеретін басты құрал болып табылады. Әл-Фараби логиканы білудің пайдасы мен оны білмеудің зияндылығын көрсетеді.

Логика грамматикаға жақын тұрады және грамматиканы өзінің сөзі туралы заңдарында логика ақылмен танылатын нысандарға қатысты үлгі беретіндіктен, оған бара-бар келеді және оның тілі мен сөзге қатысы логиканың интеллект пен оны ақылмен танылатын нысанаға қатысындай болады. Адам интеллекциясының ақылмен танылатын нысанындағы және бұрыннан сөзбен сөйлеу деп аталатын пайымдаулардағы қателіктерден сақтандырып тұратын логиканың заңдарына зәру, сондықтан логика грамматикамен тығыз байланыста болады. Бірақ олардың арасында өзгешеліктерде бар.

«Грамматика, - дейді әл-Фараби, - қандай да бір халықтың сөздеріне тән ережелер береді және өзіне және басқа халыққа ортақ нәрсені алады, бірақ бұл ортақ нәрсенің ортақ болуынан емес, аталған грамматика сол үшін жасалған тілде болуына байланысты. Ал логика болса сөздердің ережелерін бергенде ережелерді ғана береді және олар барлық халықтардың сөздеріне ортақ болады. Ортақ болған соң оларды алады және тек бір ғана халыққа тән ешнәрсе қарастырмайды, сондай-ақ ол осы тілге қажетті нәрсенің бәрін ғалымдардан алуды ұсынады» [5, 140 б.].

Логиканың мәнін ашуға арналған бөлімде әл-Фараби силлогизмдік айтылымдардың барлық түрлерінің сипатын береді. Аристотельдің «Топика», «Категориялар», «Риторика» деп аталатын еңбектеріне сүйеніп дәлелдік пайымдаулардың диалектикалық, софистикалық, риторикалық және поэзиялық пайымдаулардан айырмашылығын көрсетеді.

Ғылымдар жіктелуінің үшінші бөлімі математикаға арналған. Оған арифметика, геометрия, оптика, жұлдыздар туралы ғылым, музыка, ауыр нәрселер туралы ғылым, шебер амалдар туралы ғылымдар кіреді. Бұл бөлімде әл-Фараби математиканың дамуындағы өзгерістерді көрсеткен. Оның жіктелімі шеңберінде ежелгі грек ғылымы тарихының классикалық кезеңінде математикаға енген арифметика, геометрия, астрономия, музыка сияқты теориялық пәндермен қатар қолданбалы пәндер де жүйеленген. Жаңа көзқарас тұрғысынан ол әр түрлі математикалық пәндердің мазмұнын анықтап, кейбір негізгі ұғымдарды түсіндіреді. Ол ғылымдардың жіктелуіндегі математиканың орнын, математикалық білімдердің пайда болу себебін, теориялық және қолданбалы математиканың ара қатынасын қарастырады. Білімді математикандырудың объективті негізін және теория мен тәжірибенің өзара байланысы арасында әдіс мәселесін зерттейді.

Әл-Фарабидің пікірінше, математиктердің шығармаларында мөлшер сапасыз пайымдалады, ал физикада барлық нәрсе сапамен бірге қарастырылады. Математикалық ғылым өзінің зерттеу пәні ретінде белгілі бір мөлшерлерді таңдап алғанда сапаны толығымен елемей кетеді. Математикалық ұғымдар адамның белгілі бір мақсатқа бағытталған және заттардың және табиғат құбылыстарының мөлшерлік қатынастары мен кеңістік формаларына сәйкес келетін тәжірибиелік әрекеттің мінсіз формалары болып табылады. Әл-Фараби арифметиканы теориялық және қолданбалы ғылым ретінде сипаттайды және теориялық арифметика сандар денелермен есептеуге келетін барлық нәрселерден дерексіз болғандықтан оларды тек абсолютті қатынаста ғана зерттейтіні туралы, ал қолданбалы математика болса мөлшерін білу қажет есептеуге келетін заттар ретіндегі сандарды зерттейтіні туралы айтады.

Әл-Фарабидің пікірінше, геометрияда барлық ғылымдардың құрамды бөлігі ретінде теориялық және қолданбалы ғылымға жатады, өйткені ол сызықтарды жазықтарды және геометриялық денелерді абсолютті мәнде зерттейді, жалпы алғанда - олардың формасы мен көлемін, теңдігінне теңсіздігін, олардың орналасуын, пропорционалды не би пропорционалды шамаларды және т.б. басқаларды зерттейді. Геометрия жазықтық пен геометриялық денелерді зерттейді. Өзінің алдындағы ежелгі грек ойшылдары - Платон мен Аристотельге қарағанда, әл-Фараби геометрияны жаратылыстану ғылымдарының мақсаттары үшін, айталық, астрономияда пайдалануды қарастырған. О.А. Жәутіковтың көзқарасы бойынша, әл-Фараби геометрияның қалыптасуындағы аксиоматикалық бағытты толық қолдаған [6, 42 б.].

Әл-Фараби жалпы деп есептеген геометриямен салыстырғанда, оптика онымен байланысты болып, көз көрген нәрсені іс жүзіндегіден өзгеше етіп ажыратады, оның неге олай болатынын дәлелдейді және

осындай жағдайдын себептерін ашады. Оптиканың көмегімен адам тым көлемді болғандықтан өлшеуге келмейтін алаңдарды, қабырғалары мен өсіп тұрған ағаштардың биіктігін, көлдер мен өзендердің тереңдігін аспан денелеріне дейінгі қашықтықты және тағы басқаларды анықтайды. Барлық нәрсе сәулелердің аркасында көрінеді, сондықтан тура, сынған, ауытқыған және басқада сәулелер оптикада зерттеледі.

Жұлдыздар туралы ғылымды әл-Фараби астрология мен астрономияға бөледі. Астрология немесе әл-Фарабидің пікірінше, «Жұлдыздық үкімдер туралы ғылым» адам соның аркасында бал ашуды немесе түс жорудағы сияқты болашақтағы нәрсенің алдын алатын «Ғылым не қолөнер» болып есептеледі. Астрономия немесе әл-Фараби айтқандай, «Жұлдыздар туралы математикалық ғылым» аспан денелерімен Жерді форма планеталардың орналасуы, олардың жерге және өзара алыс не жақын болуы, көлемі тұрғысынан зерттейді, сондай-ақ жалпы аспан денелерінің және жеке планетаның қозғалысын зерттейді. Астрономияның пәндік саласына жер планетасын, оның адам мекендейтін және мекендемейтін бөліктерін, климаты, күннің шығуы мен батуы, күн мен түннің ұзақтығы және тағы басқаларды зерттеу кіреді.

Әл-Фарабидің дәуірінде астрономиялық идеялар кең тараған еді және астралды идея ғылымының көптеген салаларын қамтитын «Жұлдыздар үкіміндегі дұрыс және бұрыс нәрселер» деп аталатын шығармасында әл-Фараби аспан денелері туралы ғылымның пәнін қарастырып, бүкіл жердегі істерді аспан денелерінің орналасуынан шығарғысы келетін астрологияны сынға алады. Ғалым түсіндірудің ғылыми амалына жүгінеді, астрономиялық құбылыстарды математикалық тәсілдер арқылы зерттеуді ұсынады. Әл-Фарабидің «Птомолейдің «Алмагесіне» түсіндіру» сол кездегі астрономияның пәндік саласы туралы ең толық білім беретін шығарма болатын. Онда астрономиялық кестелер жасаудың принципті теориялық негіздері берілген. Ойшылдың шығармашылығы, қазақстандық зерттеуші А.К. Көбесов жазғанындай: «Біздің зерттеулеріміз, «Қосымшалар кітабының» көптеген формулалары («Птомолей «Алмагесіне» түсіндіру трактатының қосымшалары-авторлар) Ұлықбектің астрономиялық мектебінің әйгілі кестелерінің математикалық аппараты болғаны туралы болжам жасауға мүмкіндік береді» [7, 43 б.].

Егер Птомолей астрономияда арифметикалық тәсілдерді қолданғанда өз заманынан бір қадам озып кетсе, онда әл-Фараби астрономиялық қатынасты зерттеуде геометриялық үлгілерді қолданған. Әл-Фараби Птомолейдің тригеометриялық аппаратын жетілдірген. «Түсіндіруде...» аспан денелерінің координаталарын анықтауда жаңа геометриялық-тригеометриялық тәсілдер

пайдаланған, планеталардың кері қозғалысының, мысалы, Марстың сипаты анықталған. Егер әл-Фараби зерттеулерінің осы қырын алсақ, онда «оның Марс қозғалысын сипаттайтын теория мен бакылаулардың арасындағы үлкен айырмашылықты тапқанын атап өтпеуге болмайды, өйткені Марстың бойлықтар мен радиус-векторларындағы осындай шекті ауытқулар (әл-Фарабиден 700 жыл кейін) Кеплердің әйгілі зерттеулерінің арқасында планеталардың эллипстік қозғалысының теориясына негіз болды. Әл-Фарабидің бұл жаңалығы Әлем туралы ілімнің шарты әрі салыстырмалы болатыны туралы қағидатқа сай келетін және табиғатты зерттеуде оның математикалық-тәжірибиелік әдіснамалық ұстанымының дұрыс әрі жемісті екенін көрсетті» [8, 42-43 бб.].

«Түсіндіруде...» әл-Фарабидің математика мен жаратылыстану мәселелеріне қатысты көптеген қызықты пайымдаулары бар, әл-Фарабидің математикаға көп көңіл бөлгенін байқатады. Қазақстандық фарабитанушылар бұл трактаттың бірінші бөлігін ғана аударған және оның кейбір бөліктері әл-Баттаниге (сфералық тригеометрия және астрономия), Әбу-л-Вафқа (геометрия және астрономия) қате телініп жүр [9, 43 б.]. Ғылымдардың жіктелуі туралы мәселеге оралғанда, «Ғылымдардың жіктелуі туралы сөз» трактатында музыка математикалық ғылымдарға жатқызылып, музыка теориясы мен музыкалық тәжірибие неден құралатын музыка туралы ғылымды атап өту қажет. Музыкалық тәжірибиенің мәні музыкалық қабілет жасаған әуен түрлерін шебердің не табиғаттың шебер қолынан шыққан аспаптарға түсіруге байланысты болады. Музыка теориясы білімді ақыл жетерлік нысан ретінде береді, жалпы орындаушыға немесе нақты аспапқа тәуелсіз түрде әуеннің жасалу себебін зерттейді. Әл-Фарабидің пікірінше, ол бес бөліктен тұрады: біріншісі-музыкалық ғылымның себептерімен бастауларын қарастырса; екіншісі-музыкалық өнердің негіздері мен топтардың алынуын; үшіншісі-музыкалық аспаптардың түрлерін; төртіншісі-тондардың мөлшері болатын табиғи ырғақ түрлерін; бесіншісі-әуендер мен музыкалық композициялардың құрастырылуын қарастырады [10, 169-171 бб.].

Ең ақыры, математикаға адамның әртүрлі іс-әрекеттеріндегі тәртіп пен өзгеріске, денелерге, формаларға, орындарға қатысты қолданылатын тәжірибиелік ғылымдардың негізі саналатын шебер амалдар туралы ғылымда яғни қолданбалы математикаға кіреді.

М.М. Рожанская мен В.С. Кирсановтың пікірінше, математикалық ғылымның бұл түрлері де сол кездегі механиканың екі бағыты болып табылады. «Ауыр нәрсе туралы ғылым» түсінігі Архимед мағынасындағы геометриялық статиканы, яғни ауырлық орталығы туралы ұғымнан тарайтын (Сабит ибн Корранның «Карастун туралы кітабы» осыған арналған) «салмақ туралы ілімді» ғана емес, сондай-ақ теңестірілмеген интректі зерттеуге, яғни жалған-

Аристотельдің «механикалық мәселелеріне» сай ауыр заттарды зерттеуге негізделген оның кинематикалық бағытында қамтиды. Сонымен қатар, әл-Фарабидің анықтамасы Аристотельдің «Физика» сарынындағы динамика элементтерінің болуын қажет етеді»[11, 56 б.].

Сонымен, құдіретті ғылым, әл-Фарабидің айтуынша, табиғаттан тыс тұрған ақылмен танытатын әлемді зерттейді, ол болмыстың әуелгі бастаулары туралы ілім, абсолютті болмысты, баршаға ортақ нәрсені біртұтас нәрсе ретінде зерттейтін онтологиялық ең жоғарғы білім болып табылады.

Орта ғасырда өмір сүрген асқан ойшыл бабамыздың энциклопедиялық мұрасын зерттеу өткеннің рухани мәдениетін зерттеу негізінде тарихпен рухани тәрбиеленудің және Қазақстандық жаңа ұлттық идеясын қалыптастырудың бір қыры ретінде қазақстандық қоғамның рухани дамуының басты бағыттары.

Ұлы бабамыздың мұрасының құндылығының маңызы қазіргі әлемнің рухани ізденістерінің Шығыс пен Батыс арасындағы рухани байланыстардың көкжиегін аша түседі. Бұл – әл-Фараби айтып кеткен ізгі қоғамға жету үшін және «ізгі ақиқатты» табу үшін адамзаттың әлі жүріп өтуі үшін көрсетілген жолдың берік негізі.

ӘДЕБИЕТ

1. Дербісалиев Ә. Шыңырау бұлақтар. - А., 1982.
2. Гафур Б.Г., Касымжанов А.Х. Аль-Фараби в истории культуры. - М.: Наука, 1975.
3. Аль-Фараби. Философские трактаты. - А.А.: Наука, 1972.
4. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. - А., 1973.
5. Сонда.
6. Жаутыков О.А. Аль-Фараби – выдающийся представитель точного естествознания в средневековье // «Аль-Фараби и развитие науки и культуры стран Востока»: Тезисы докладов. - А-А: Наука, 1975.
7. Аль-Фараби. Комментарии к «Альмагесту» Птолемея. - А.А.: Наука, 1975.
8. Аль-Фараби и развитие науки и культуры стран Востока. - А.А.: Наука, 1975.
9. Сонда.
10. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. - А., 1973.
11. Аль-Фараби. Философские трактаты. - А.А.: Наука, 1972.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается энциклопедическом творчестве великого мыслителя, его классификации науки, энциклопедическая новизна в мировой науке.

SUMMARY

The article describes the encyclopedic works of the great thinker, his classification of science, encyclopedic novelty in world of science.

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ӨРКЕНИЕТИ

*Медетбаев Тасболат Сиезбайұлы,
филология ғылымдарының кандидаты,
«Болашақ» университеті*

Қазақстан қазіргі таңда Елбасының кемеңгерлік көрегендігінің арқасында әлемдік Өркениеттің биігіне көтеріліп, өзінің бейбітшілік ұстанымын Елбасы АҚШ еліне барған сапарында бүкіл әлемге даналық ойын ашық жариялады. Президентіміз, Қазақ елінің әлем алдындағы рухани даму, тарихи жолын айқындап берді.

Қазақ елінің мұндай Өркениеттік даму биігіне көтерілуімізге ұлы даланың ұлы даналары біздің жан-жақты рухани дамуымызға тарихи алғы шарттар жасады.

Олар: әлемнің жеті ғұламасының бірі-Анахарыс Қоңырұлы; 2) Түркі елінің ұлы ұзаны, ойшылы-Қорқыт ата; 3) Әлемнің Екінші ұстазы атанған, ұлы философ, ұлы ғалым бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби; 4) Бүкіл әлемнің баға жетпес ұлы қазынасына айналған-Құран. Ол-Пайғамбарымыз арқылы бізге жеткен Қазақ елі рухани мұраларымызды ғасыр бойы жан-жақты меңгеріп, халқымыз соның арқасында рухани жаңару үстінде.

Бүгінгі түркі мұсылман философиясы мен Қазақстан философиясы да әл-Фарабидің философиясы арқылы әлемдік философияның бір құрамдас саласына айналды. Бүгінгі еліміздің ертеңгі рухани болашағын дамыту үшін, оның дамыған философиясы мен салыстыра қарағанда ғана оны дұрыс зерделей аламыз.

Еуропа халықтары да оның ішінде немістер де өздерінің бастан кешірген кезеңдерін Реформация деп, француздар Ренессанс деп ал италияндар Чинивеченто деп Ф. Энгельстің атап көрсеткені белгілі [1, б б.] Сол сияқты Қазақстан халқы да Шығыс пен Орта Азия Ренессансын бастан кешіріп, Қазақстан өзінің Қазақстандық Ренессанстық өрлеу биігіне жарқырай көрінді. Қай кезеңде де әрбір халық рухани сенімге ие болып, философиялық-рухани даму жағдайына жеткенде ғана басқа халықтарға үлгі бола алады. Әбу Насыр әл-Фараби әлемдік философия, ғылым мен мәдениет тарихын жалғастырушы, адамзат ойының энциклопедиясын бойына жинаған үздік ойшыл, алып ой иесі. «Ол туған елінің (Қазақстанның) мәдениет байлығын, иран, үнді, антика, мәдениеттерінің жемістерін бойына дарытты. Дәл сондықтан да тайыз ұғымдармен соқыр сенімдерден жоғары көтеріле білді. Өзінің ойлау жүйесін икемді ете білді. Фараби өз заманындағы өнер – білімнің ең асылын таңдап ала білді. Өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді. Оның терең

мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған, бірде-бір білім сапасы жоқ деуге болады» [2, XLVI].

Оның философиясы қазіргі Қазақстанның рухани мәдениетін дамытуда ерекше маңызға ие болып отыр. Оның жасап берген әлемдік философиялық энциклопедиясына көз салсақ, Қазақстан, Орта Азия және Таяу Шығыс елдерін сипаттайтын әлеуметтік, этикалық және мәдени процестер... IX- X ғасырдағы мәдени байланыстардың тарихи бейнесін көреміз. Оңтүстік Қазақстанда «мұсылман дүниесі» деп аталатын дүниенің мәдени-саяси өмірінің көшіп келіп орнаған орталықтардың біріне айналғанын ғана көрсеткен болар еді. «Мұсылмандардың, христиандардың және иудейлермен бірге өмір кешкендерін көрсететін орта ғасыр тұсындағы өзге діндегілерге деген құлақ естіп көрмеген төзімділік пен діндерді салыстыру тенденциясы мен ой еркіндігі тенденциясын тудырды. Мұның бәрін сол замандағы әл-Фарабидің философиялық көзқарастарынан көрінеді» [3, XV].

Ғылымның өзге де көптеген салаларымен қатар әдебиеттану мен поэтикада да терең талдаулар жасап, соқталы ой, сындарлы пікірлер қалдырған ғұламаның ғылыми тұжырымдары ғана емес, заманалар ауысса да құнын жоймайтын өзекті идеялары да оның шығармаларын оқып, тани білген ортағасырлық Шығыстың озық ойлы шығармашылық иелеріне зор ықпалын тигізді. «Мәдениеттің кейінгі дамуына, соның ішінде Шығыс, Орта Азия, Қазақстан, Кавказ халықтарының мәдениетіне әл-Фараби жасаған ықпалы әр тарапты болды және ұзаққа созылды...» [4, XX]. Түркі тіліндегі Махмут Қашқаридің және Жүсіп Баласағұнидің шығармаларынан тамаша энциклопедист-ғалым әл-Фарабидің рационалистік және гуманистік идеяларының іздері айқын көрінеді» [5, XX] - деп жазды көрнекті философ А. Қасымжанов.

Шығыс Ренессансы ортағасырлық әдебиетте философиялық ойлардың кеңінен көрініс табуына шешуші әсер етті. Әдебиет әлемінде әл-Фараби идеялары көркем шығармалардан көрініс тауып, халық арасына кеңінен тарап жатты. Көрнекті шығыстанушы Б. Ғафуров әл-Фараби шығармаларындағы терең философиялық тұжырымдарды, кемел парасат жайлы асқақ ойларды, «қайырымды билеуші» бейнесіндегі биік аңсар – мұратты Фирдоуси, Низами, Жүсіп Баласағұн, Сағди, Хафиз, Жами, Науаилардың өз шығармаларында жаңғыртқанын айта келіп: «Биік гуманистік идеал азербайжан ақыны Низамидің қаламына қуат берді. Арада ғасырлар өткенде Абай оны өзіне ұстаз тұтқан поэзия алыбы ретінде бағалады. Ж. Баласағұнның «Құтты білік» поэмасы мен Ш. Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыры» бір мезгілде жазылды. Ш. Руставелидің саясат пен тұрмыс даналығын қатар қамтыған насихаттары Жүсіптің абыройлы да бақытты тұрмысқа жол нұсқайтын ақыл- кеңестерімен үндес келеді» - деп айтты.

«Әл-Фараби мен Абай» атты еңбегінде ғұлама ғалым А. Машани әл-Фарабидің дүниенің сегіз сипатын математикалық тұрғыдан дәлелдегенін жаза келіп, осы сегіз сипатты Абайдың адам бойынан іздеп, өзі тудырған өлең түрін «Сегізаяқ» деп атағаны жайлы ой айтады. Айтылған тұжырымды негізге алған белгілі философ Т. Бурабаев Абайдың аталған өлеңінде «дүние» ұғымының сырын ашатын жолдардың барлығына назар аударып, осы ұғымның ұлт менталитетіндегі қолдану аясына, даму көріністеріне тоқталады [6, 42 б.]. Жалпы алғанда әл-Фараби идеяларының бертінгі дәуір әдебиетіндегі іздерін зерттеу мәселесі ... Мұның өз алдымен кейінгі дәуірлердегі шығармашылық иелерінің Фараби еңбектерімен қалай және қай дәрежеде таныс болғанын анықтауды қажет етеді. Ғұлама мұрасын әдебиет әлемімен байланыстыра зерттеудің алдағы перспективалық бағыттарының бірі-осы.

Әл-Фарабидің философиялық көзқарастары ғылымға, оның танымындағы орнына, зерттеу әдіснамасына деген тарихи-философиялық көзқарастардың дамуындағы ерекше бағыт болып саналады. Ол ойшылдың энциклопедиялық шығармашылығының бір қырын әл-Фарабидің «Ғылымдардың жіктелуі туралы сөз» [7, 89 б.] деген трактатын бейнелейді.

Ортағасыр ислам мәдениетінде ғылыми ізденістермен айналысатындар үшін бұл трактат міндет деп саналатын.

Әл-Фараби өзінің «Космология» [8, 67 б.] деген еңбегі оның рухани-натурфилософиялық көзқарастарын анықтауда өте құнды теориялық мағұлмат беретін аса бағалы еңбек. Бұл трактатта әлемнің жаратылысы мен Адам атаның жаратылуынан бастап, Мұхаммед пайғамбарымызға дейінгі кезеңдегі материалдарды түгел қамтып, оны ғылыми тұрғыдан саралап, талдап береді. Онда әл-Фараби әлемді Алланың 18 мың ғаламды (Мұхаммедтің) нұрынан жаратқанына және Алланың хикма иләхийадан бастау алатынына тоқталады.

Осылайша, әл-Фараби бабамыз, Ел басының атап көрсеткеніндей: «Біз - тегіміз түрік, дініміз - Ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін Қасиетті кітап - Құран Кәрімді насихаттауды естен шығармауымыз керек» [9, 3-4 бб.] десе, әл-Фараби мұсылман хакімі ретінде Мұхаммед пайғамбарымыздың «Ғылым дамығанда, ислам дамиды» деген хадисінің әлемдік миссиясын іске асырушы ұлы ғалым.

Сонымен бірге әлем философиясының да Шығыстан бастау алған тарихына арнайы тоқталады. Әл-Фараби, ұлы ойшыл, әрі ұлы ғалым ретінде әлем философиясының тарихи-рухани даму жолын көрсетумен бірге ол философияның барлық ғылымдардың атасы, әрі ғылымдардың ғылыми негізі ретінде қарап, ол барлық ғылымдар мен өнерге теориялық және практикалық бағыт беретін қағида (заң) әрі оны тарихи әдістеме ретінде ұсынады. Ол былай деген: «Философия –

грек сөзі, арабтар оны өзге тілден (грек тілінен) қабыл алған, бұл сөз әуелі «файласуфиан» деп аталған. Осы сөздің даналықты сүйем деген мағынасы бар. Әл-Фараби «фәлсафа» терминін ғылымға ендіруші ғалым.

Әл-Фараби философиясы да хикма иләхийадан бастау алады да ол жаратқан заңдылыққа сүйенеді де нақты ғылыми зерттеу барысында жүзеге асырылып, дамытылып отырады. Ол белгілеген ойлау методы (әдісі) жеке заттарды байқау жолымен мейлінше нақты зерттеу теориясы арқылы, дедукциялық–аксиомалық әдіс негізінде құрылады да оны эксперимент арқылы тексеру арқылы іске асады [10, XL].

Бұл әдіс кейіннен Р. Бэкон, Г. Галилей, Ф. Бэкон, Р. Декарт белгілеген методологияның негізгі бастамасы болды. Бұл жүйе Еуропаның жаңа философия мен Орта Азия арқылы бүгінгі Қазақстанның Ренессанстық дамуына жол ашты.

Әлем философиясының Шығыстан бастау алғанын грек философтары да мойындайды. Оны Д. Лаэртский өзінің «О жизни, учениях и изречениях знаменитных философов» деген еңбегінде: «Олар парсы зорасторы діннің абыздары, оны гректер « магтар » деп атаған, халдейлер өте ертедегі Вавилон дінінің абыздары, гимнософистер үндінің брахмандары деп атап көрсетеді [11, 16 б.].

Сонымен бірге Ф. Энгельстің атап айтқандай: «Шіркеудің рухани диктатурасы күйретілді, герман халықтары оны тіке лақтырып тастап, протестантизмді қабылдады, ал роман халықтары да арабтан ауысқан және жаңадан ашылған грек философиясын қорек еткен, шат көңілді еркін ой барған сайын терең тамыр жая бастады, ал мұның өзі XVIII ғасырдағы материализмді әзірледі» [12, 6 б.].

Бүгінгі қазақ елінің рухани жаңғыруы: Елбасы айтқанындай, Ұлттық кодексімізді сақтай отырып, қоғамдық санамызды жаңғырту, яғни жан-жақты түрде рухани жаңару. Бірнеше ғасырдан бері әл-Фарабидің рухани мұрасы әлемдік ғылымдарға өз үлесін қосқан рухани құндылықтардың қатарында көрінді. Оның осындай биік рухани өсуі Қазақ елінің өткені мен оның даму тарихында әл-Фарабидің рухани мұрасының нақты көрінісі болды.

Оның рухани мұрасын гуманитарлық-жаратылыстану ғылымдарының барлық арналары бойынша, қазақ ғалымдарының және шетел ғалымдарының зерттеуімен әл-Фарабидің әрбір ғылымының арнасы біздің еліміздің, яғни қазақ елінің рухани игілігіне айналуға. Міне, осындай мақтаншқа лайық ұлы тұлғаның ғылымдары-сан қырлы, сан алуан.

Сол ұлы көшті ұлы даланың ұлы даналары - Қорқыт пен әл-Фараби бабаларымыз жалғастырды. Екеуі де Сыр бойында туған. Әл-Фараби болса әлемге әйгілі Екінші ұстаз, ұлы философ, ұлы ғалым.

Өркениеттің дамуы ренессанс идеясы арқылы Сыр жерінде Қорқыттың жыры мен музыкасы арқылы көрінсе, Европаның ренессанс идеясы да, гректің философиясы да шығыстың философиясы мен поэзиясынан бастау алады. Оны әл-Фараби бабамыз өз еңбектері арқылы, әсіресе, философиясы арқылы Сыр жеріне жеткізген.

Өз дәуірінде әл-Фарабидің есімі ең жарық жұлдыздай көрінді, өйткені ол шын мәнінде араб философиясының негізін қалады. Ал оған алғаш жол ашқан кісі әл-Кинди арабтарды антикалық философия қағидаларымен танысуға көп еңбек сіңірді. Дегенмен шығыстың Бірінші философы - әл-Фараби болды [13, XV]. Сонымен бірге әл-Фараби өз еңбегінде әлем философиясын даму тарихында көрсетіп берді. Ерте заманда бұл білім (фәлсафа - М.Т) Иракты мекендеген халдейлерде болған, онан соң Мысырлықтарда пайда болған, бұдан кейін гректерге олардан Сириялықтарға, содан барып Арабтарға ауысқан деседі. Бұл ғылымның мазмұны грек тілінде баяндалған, сонан-соң сирия тіліне, одан кейін араб тіліне аударылғанын [14, 357 б.] айтқан.

Әл-Фараби дүниетанымы - екі әлемнің. Көшпенділер мен отырықшылар және мұсылман мәдениетін Шығыс пен Грек-Рим мәдениеттерінің байланыстарының нәтижесі. Әбу Насыр заманының әлеуметтік-саяси көзқарастарынан, тіл мәдениетінен философиялық гуманистік, философия, логика, этика, эстетика, саясат, социология, лингвистика, поэзия, шешендік өнер, музыка және жаратылыстану ғылымдары: астрономия, астрология, физика, химия, география, космология, математика, медицина ғылымдары салаларын терең меңгеріп, осы бағыттарда өзі де аса құнды ғылыми жаңалықтар ашты.

ӘДЕБИЕТ

1. Ф.Энгельс. Табиғат диалектикасы. - А., 1991.
2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. - А., 1973.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. - А., 1975.
4. Сонда.
5. Сонда.
6. Бурабаев С. Философия искусства Абу Насра аль-Фараби // Трактати о музыке и поэзии. - А., 1993.
7. Дербісалиев Ә. Шыңырау бұлақтар. - А., 1982.
8. Сонда.
9. Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. - А., 2002.
10. Назарбаев Н. «Алдаспан» танымдық журнал. – 2010.
11. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. - А., 1973.
12. Лаэртский. О жизни, учения и изречениях знаменитых философов. – М., 1979.
13. Энгельс Ф. Табиғат диалектикасы. - А., 1991.

14. Әл-Фараби. Әлеуметтік -этикалық трактаттар. - А., 1975.

РЕЗЮМЕ

В статье описывается ренессансная доля духовного наследия Аль-Фараби в мировой цивилизации, Центральной Азии и казахской земле.

SUMMARY

The article describes the renaissance share of the spiritual heritage of Al-Farabi in world civilization, Central Asia and the Kazakh land.

ҚОРҚЫТ АТА МЕН ӘЛ-ФАРАБИДІҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

*Медетбаев Тасболат Сиезбайұлы,
филология ғылымдарының кандидаты.
«Болашақ» университеті*

Бірнеше ғасырдан бері Әл-Фарабидің рухани мұрасы әлемдік гуманитарлық ғылымдарға өз үлесін қосқан рухани құндылықтардың қатарында көрінді. Оның осындай биік рухани өсуі Қазақ елінің өткені мен оның даму тарихында әл-Фарабидің рухани мұрасының нақты көрінісі болды.

Оның рухани мұрасын гуманитарлық-жаратылыстану ғылымдарының барлық арналары бойынша, қазақ ғалымдарының және шетел ғалымдарының зерттеуімен әл-Фарабидің әрбір ғылымының арнасы біздің еліміздің, яғни қазақ елінің рухани игілігіне айналуға. Міне, осындай мақтаншқа лайық ұлы тұлғаның гуманитарлық ғылымдары-сан кырлы, сан алуан.

Еліміздің рухани құндылықтарын жасаушы Ұлы даламыздың ұлы даналары - Қорқыт пен әл-Фараби. Елбасы Н. Назарбаев айтқандай: «Мәңгілік ел идеясы - халқымыздың өмір бойы армандаған арманы болған.» Оны Елбасы Н. Назарбаев, бұл идеяға жетудің қиын да, соқпақты рухани жолының рухани билікте екендігін халқымызға көрсетіп берді.

Мәңгілік елге айналуға көксеген ұлы бабаларымыз елін, ең даласын даналық күресімен қорғай жүріп, бүгінгі елімізді аманат етіп қалдырды. Сол ұлы көшті ұлы даланың ұлы даналары - Қорқыт пен әл-Фараби бабаларымыз жалғастырды. Екеуінде Сыр бойында туған. Әл-Фараби болса әлемге әйгілі Екінші ұстаз, ұлы философ, ұлы ғалым.

Сонымен бірге Сыр жері ерте дүние тарихына қарасақ, қадам заманынан бері түркілердің ата жұрты болған. Екі данада түркі бабаларының рухани құндылықтарынан рухани ілім алып, оны біздің бүгінгімізге жеткізді. Қорқыт ата Сыр елінің әулиесі түркі халықтарының рухани атасы, Тәңір дінін бізге жеткізіп, ол дінді ислам дінімен байланыстырушы рухани ұстаз, ұлы ұзан (жыршы) дана. «Қорқыт ата кітабында» сөз еткенде оның Қорқыт жайындағы ел аузында жүрген түрлі аңыздармен шатастыруға болмайды. Ондай ертегілердің арғы тегі осы «Қорқыт ата кітабына» енген жырларға барып тірелетіні рас. Алайда, бұл ертегілер де жырдың негізгі суреттері қамтылмай, көбіне Қорқыттың өз бейнесі айтылады. Мұндай ертегілер бойынша, Қорқыт ажалдан қашпайды, оны өзінің қобыз күйімен қарсы алған, сәуегей Ұзан, қобызшы. Ал, «Қорқыт ата

кітабында» Қорқыттың өз образы емес, оның жырлаған дастандары енген. Мұнда ол белгілі бір тарихи кезеңде өмірде болған адам ретінде суреттелген. Қорқыт жырлардың төтелей қаһарманы емес. Тек айтушысы, оғыздардың Қорқыт жайындағы аңыздардың бірқатары оның жәдігерімен байланыса туған сияқты. Профессор Ә. Қоңыратбаев оны нақтылай түседі. Оған оның мазмұны-жер-су аттары әртүрлі әдет-ғұрып көріністер айғақ. Қорқыттың бейіті де (жәдігері) Сыр бойында туғанын толық дәлелдейді. Біз де профессор Ә. Қоңыратбаевтың осы сөзіне ден қойюымыз керек [1, 52 б.]. Оның кейінгі ұрпағы ислам дінін Сыр жерінде жалғастырып, Сыр жеріне ислам дінін таратушы, үш жүзге пір болған әйгілі Марал баба, казак елінің күрескері Кенесары ханның әрі қолдаушысы, әрі рухани бағыт берушісі болған. Осындай Сырдарияның дархан елі өз халқын, өзін осындай рухани құндылықтарымен рухани бақытқа бөлеп отыр.

Ұлы даланың рухани құндылықтары да дархан даласындай сан түрлі. Барлық өнердің бастауы - поэзия (жыр) музыка мен ғылымның рухани бастауы философия болса, ол-поэзия мен музыка өнердің бастауын рухани Қорқыт ата қобызынан алса, философия мен ғылымды әл-Фараби бабамыздан алды.

Сыр елі Қорқыт пен әл-Фарабиден рухани бастау алған. Сыр елі жер кіндігі Байқоңыр арқылы ғарыш әлемімен байланыс жасап, әлемнің рухани-ғылыми биігіне көтерілді.

Өркениеттің дамуы ренессанс идеясы арқылы Сыр жерінде Қорқыттың жыры мен музыкасы арқылы көрінсе, әлемнің ренессанс идеясы шығыс пен гректің философиясы мен шығыстың поэзиясынан бастау алады. Оны әл-Фараби бабамыз өз еңбектері арқылы, әсіресе, философиясы арқылы Сыр жеріне жеткізген.

Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық көзқарастарында басты үш бағыт анық аңғарылады: ол жаратылған дүниені мойындайды. Танымның жаратылған болмысқа тәуелділігін растады, ақыл-парасат туралы ілімді саралады. Мәңгілік пен тәуелділіктің бастауларын күдіретті Алладан, аспан әлеміндегі құбылыстардың мәнін, ақыл парасаттың, адамның жан дүниесінен, формасы мен материя ара қатынасынан іздеді.

Әл-Фараби бабамыз философия мен ғылымның сан-саласына байланысты 160-қа жуық трактат қалдырған энциклопедист-ғалымның өз зерттеулерінің біраз бөлігін Аристотельдің еңбектерін түсіндіруге арнауы - дәуір сұранысынан туған ізденістер еді. Көрнекті шығыстанушы Е.Э. Бертельс бұл туралы: «Аристотельдің араб тіліндегі алғашқы аудармалары мінсіз деуге келінкіремейтін. Ғылыми терминологияның қалыптаспағандығы, аудармашылар жұмысына едәуір бөгет жасады. Мәтінді игере алмағандықтан, олар көбіне грек тіліндегі түп нұсқаның синтаксистік құрылымын сақтауға тырысып,

аударманы араб оқырманы мүлде түсінбейтін жағдайға жеткізді, - деп атап айтты [2, 112 б.].

Тек әл-Фараби еңбектері ғана көне дәуір дүниелерін дұрыс түсінуге мүмкіндік берді. Ғалым Аристотельдің «Категориялар», «Герменевтика», «Бірінші және Екінші Аналитика», «Топика», «Риторика», «Софистика», «Поэтика» секілді еңбектеріне түсіндірме жасады. Осы еңбектері: Араб аристотелизмін система дәрежесіне көтерген әл-Фараби «Екінші ұстаз» атанды» - деп жазады [3, XXIV]. Осы орайда «Екінші ұстаз» атауы жөнінде қалыптасқан жоғарыдағы пікірден өзгеше өрбіген дінтанушы М. Бұлұтайдың: «Фарабидің «Екінші ұстаз» аталуын дәреже жағынан емес, тарихтағы кезеңі жағынан екіншілік деп түсінеміз» деген пікірін де ескерген жөн секілді. Аристотель қағидаларын өз дүниетанымына жақындарын ғана қабылдады және оны осы тұрғыдан түсіндірді. Ол орта ғасырлардағы философиялық ойдың дамуында да рухани-діни ілімдерге сүйенді. Ол осы түсініктерді философиялық тұрғыдан дамытты. Ол әсіресе, «Аспан астындағы дүние» іліммен неғұрлым айқын көрінеді. Бұл Аристотельдің жасампаз ақыл жөніндегі көзқарасын әрі қарай дамытуы еді. Жасампаз ақыл-тек «аспан астындағы дүниенің» қозғалыс себебі ғана емес, ол-логос. Жаратылған дүниенің заңдылығы. Әлемдік сана-мәңгі, Жаратушының Мұхаммед нұрынан жаратылған әлемі.

Ұлы ойшыл философияға үлкен мән берді, көп үміт артты. Ол философияны қоғамды оятатын зерде, парасат шамшырағы ретінде қарап, халықты әділетті қоғамға жеткізетін негізгі бағыт, ұрпақтар арасындағы рухани-мәдени сабақтастықты ғасырларға жалғастыратын рухани идеялар және әлеуметтік этикалар мен күрделі мәселелердің шешімін, уақыт талаптарының жауабын табатын әдіс деп түсінді.

Осы деңгейде жан-жақты қарап, оңды әрекеттену үшін философияның тоғыз қағидасын оқып білу қажеттігін ескертеді. Мұндағы рухани жаңару мақсат - тұтастықты, ақиқатты, ізгілікті жаңа ізгілік көздерін іздестіру, соған қол жеткізу, философ адамды өзінің рухани болмысын танып білуге, оны рухани тәрбиелеу ісіне үлкен мән береді. Бұл мәселені логикалық, этикалық, эстетикалық, педагогикалық, тілдік тұрғыдан кеңінен саралап, бұларды бір-бірімен сабақтастықта қарастырады. Рухани жаңару жоғарғы мақсат нышандарын адамдарды өзара байланыстыратын бастаулардан-жан дүние үндестігінен, әдеміліктен, қайырымдылықтан, бақыттан іздестіреді.

Ізгі сананың пайда болуы туралы дүниетаным негізі әл-Фарабидің «Ақыл дегеніміз рухани даму арқылы жетілу» деген ой желісімен өзектес келеді. Әл-Фараби жан қуатын қозғалтатын қуат және танып білетін қуат деп екіге бөліп, адам бойындағы танып білетін қуатты ішкі және сыртқы қуаты ретінде қарастырады.

Әл-Фарабидің бұл танымы Абайдың шығармашылығында да осы тұрғыдан психологиялық ұғымдардың баламасы ретінде сөз етіледі. Әл-Фараби заманында мұсылман қауымның ой санасында бүкіл болмысты, ондағы сан түрлі құбылыстың бәрін мутакәллиміндік негізде түсіндіретін жаңа бағыт қалыптасты. Әл-Фарабидің сыншыл ойын Абай панисламизм идеясы қанат жайған тұста одан әрі дамыта түсті. Абайдың дүниетанымындағы ерекше назар аударатын нәрсе ақынның әл-Фараби жасаған ғылымдарды классификациялау принципі мен таныс болуы.

Ақынның әл-Фараби жасаған ғылымды жүйелеудегі принципі мен таныстығы жөнінде нақты дерек жоқ. Дегенмен де Абай шығармаларында ғылымды жүйелеу жөніндегі пікірін белгілі бір дәрежеде нақтылы деректермен білдіреді. Мәселен Қырық бірінші сөзінде, «...дүниеде есепсіз ғылымдардың жолдары бар, сол әрбір жолда бір медресе бар...», [4, 110 б.] - деп, ғылым салаларының молдығын, нақтылы атаулармен жеке-жеке атап өтеді.

Ақынның Отыз сегізінші сөзінде ғылым салаларын біршама жүйелеу принципі ұшырасады. Ғалым, хакімдер туралы сөз қозғағанда: «...адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ бірлән батылдықты айырмақты үйреткендігі...» - деп, қоғамдық ғылымдарды өз алдына дербес топтастырады. Абай Отыз сегізінші сөзіндегі «адамның білімі», «алланың ғылымы», «өзіндік ғылым», «дүниенің ғылымы», «захри ғылым», «дүниені танымақтық» [5, 81 б.] тәрізді ғылым салаларын әл-Фарабидің философиялық тұжырымдарда қолданатын атау сөздермен не қазақы ұғымға сай балама түріндегі атаулармен қарастырады.

Фарабитанушы ғұлама ғалым Ағжан Машанидің айтуынша, Қазақстан жерінде Абай заманында исламның екі түрлі ағымы майдандасты деуге болады. Оның бірі әл-Фарабиден-Ұлықбектен-Маржаниден бағыт алған ғәкли ислам: екіншісі әл-Ғазалиден – Бақырғаниден, Софы Алдиярдан бағыт алған нақли ислам.

Қазақстан Абай бағытында осы екеуін де сынар жақ болмай, қатар ұстау жолы болған. Абай жолы нақли-ғәкли исламның бас қосқаны немесе ғылымның, ғадалаттың, ақыл, қайрат, жүректің бас қосқаны.

Әл-Фарабидің туған жеріне оралғандағы Абаймен кездескендегі орны осы. Қазан ғалымдарының соның ішінде әсіресе Ш. Маржанидің Абайға көрсеткен жолы осы - деп атап көрсетеді [6, 91 б.].

Бұл идеялар екі дананың Қазақстан жерінде сабақтасып, Қазақстандық Ренессанстың дамуына жол ашқандығын көрсетеді.

Әл-Фараби «Алмагесте» қарастырылған астрономия және география мәселелерін математика жолымен шешудің ең жеңіл әдістерін ұсынады. Осыған қарағанда Әбу Насыр көп өлшемді абстракция геометрияның идеясын алғаш айтушылардың бірі, әрі оны

қолданушы. Әбу Насырдың математикалық идеяларын, мұраларын Әбу-л-Уафа, Әбу Әли Ибн Сина, Әбу Райхан Бируни, Омар һайям сияқты шығыс ғұламаларымен қатар Р.Бэкон, Леонардо да Винчи тәрізді Европа ғалымдары көп пайдаланған. Әл-Фарабидің жоғарыдағы еңбегіндегі астрономия мен тригонометрия салаларындағы жаңа бастамалары шығыста бұл ғылымдардың жаңа қарқынмен дамуына үлкен ықпал жасады. Атақты ғалымдар Әбу-л-Уафа, Бируни және Ұлықбек (1394-1447) мектебі астрономия еңбектері арқылы астрономия мен тригонометрия жаңа сатыға көтерілді [7, 130 б.].

Белгілі ғалым А. Көбесов өзінің «Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі» деген еңбегінде Әбу Насырдың «Ғылымдар энциклопедиясына» [8, 45 б.] тоқталады. Мұнда ол Аристотельдің өзіне дейінгі 1300 жылдай уақыт ішінде өркендеген ғылымдарға талдау жасаған, олардың мазмұнын анықтаған, үйрену және үйрету жолдарын белгілеген бұл еңбек әл-Фарабиден кейін де де 500 жыл бойы Шығыс, Батыс оқымыстыларын қолынан түспес кітабына айналды. Қазіргі Мысыр ғалымы профессор Осман Аминнің айтуы бойынша әл-Фараби «Екінші ұстаз» деген құрметті атақты осы еңбегі үшін алған көрінеді. Ол өзі талдаған ғылымдардың барлығын да жетік меңгерген және ғылымның барлық салалары бойынша еңбектер жазған.

Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығына қатысты шағын зерттеуімізді қорыта келіп айтарымыз: Рухани жаңғыру үрдісі жүріп жатқан қазіргі кезеңде «өркениеттер арақатынасында эволюциялық төңкеріс болып, шығыстың өркениеттік алтын бесігі, Еуропа қайта өрлеудің негізі болғандығы мойындалып, әл-Фараби Ибн Сина, Ибн Халдун, Ибн Руштардың еуропа философиясына қосқан үлесі баса көрсетілгенмен», әл-Фарабидің рухани еңбектерінің әлі де ашылмаған қырлары көп. Бұған жоғарыда айтылған талдаулар дәлел. Демек, біздің есімін мақтан тұтар даңқты жерлесіміз әл-Фараби жайлы зерттеулердің арнасы кеңейіп уақыт өткен сайын келер күндерде де жалғаса бермек.

ӘДЕБИЕТ

1. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. - А., 1991.
2. Бертельс Е.Э. Избранные труды. Т.3. - М.,1965.
3. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. - А., 1973.
4. Абай. Отыз сегізінші сөз. - А.,1993.
5. Сонда.
6. Машани А. Әл-Фараби және Абай. - А.,1994.
7. Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. - А., 2002.
8. Сонда.

РЕЗЮМЕ

В статье Коркыт Ата и Аль-Фараби расскажут о духовном наследии эпохи Возрождения, совершенном в Средней Азии, на казахской земле.

SUMMARY

In the article, Korkyt Ata and Al-Farabi will talk about the spiritual heritage of the Renaissance in Central Asia, on Kazakh soil.

РАЗНОРОДНЫЕ СРЕДСТВА ПЕРЕДАЧИ ЦВЕТОВОГО ПОНЯТИЙНОГО СОДЕРЖАНИЯ

*Шумейко Надежда Емельяновна,
кандидат филологических наук, доцент,
Университет «Болашак»;
Ибадуллаева Гульмира Жарылкасыновна,
учитель,
школы №217 (г. Кызылорда)*

Процесс изучения смысла цвета продолжает оставаться актуальным в научной парадигме, точнее в теории поля. Поле цвета представляет собой системное образование с характерными для любой системы связями и отношениями и вместе с тем обладающие собственными специфическими чертами.

Лексико-семантическое поле – это сложная микросистема, которая обладает рядом свойств. Важнейшими свойствами поля можно назвать наличие центра и периферии, иерархический принцип построения поля, отсутствие четких границ, незамкнутость, наличие лакун, асимметричность построения, специфичность в разных языках, самостоятельность в лексико-семантической системе [2].

Цвет обозначается специальными цветовыми прилагательными (11 наименований цвета), – про которые можно сказать, что они уже изначально запрограммированы в нашей повседневной речи, а также в различных видах словесно-художественного творчества.

С точки зрения формы следует различать следующие однословные наименования цвета:

1. Непроизводные наименования:

а) Они представлены качественными прилагательными. Такие слова являются исконными, имеющими прямое значение: багряный, белый, черный, зеленый, голубой;

«...И мне в окошко постучал Сентябрь багряной веткой ивы
(С.Есенин)

2. Производные номинации, образованные путем словообразования:

2.1. Первую группу представляют номинации, образованные морфемным способом словообразования. Сюда в первую очередь относятся суффиксальные образования:

а) с суффиксом –оват-, образованные от прилагательных: красноватый, розоватый, зеленоватый, беловатый, синеватый, желтоватый, черноватый, голубоватый:

«...Голубоватая спина,

Сама как серебро,
Глаза – бурмистрых два зерна,
Багряное перо» (А.Фет)

б) с суффиксом -еньк-, образованные от прилагательных: красненький, зелененький, беленький, синенький, аленький, желтенький, черненький, голубенький и др.:

«Взяла дочь меньшая цветочек *аленький* ровно нехотя, целует руки отцовы, а сама плачет горячими слезами» (Народная сказка)

в) с суффиксом -ист-, образованные от существительных: серебристый, золотистый:

«...Он поправил прядь серебристых волос, вырвавшихся на свободу из невидимой клетки.» (Д.Коллинз. Лаки)

г) с суффиксом –н-, образованные от глаголов: рдяный и др.

2.2. Вторая группа наименований образуется путем сложения основ: вечнозеленый, огнезарный, белокурый, белобрый, белоснежный, черносливовый и т.д.:

«...На его большом круглом белоснежном лице, испещрённом, точно от обжога порохом, чёрными крапинками, проступали синими змейками напряжённые вены.» (По Куприну)

2.3. Следующая модель номинаций цвета – составные наименования, в неё входят:

а) составные наименования, в которых обе части сложного слова указывают на цветовой признак: красновато-коричневый, беломалиновый, иссиня-голубой, розово-желтый, серо-зеленый, кофейно-коричневый, кирпично-бурый, желто-сизый и т.д.:

«...Вода ещё стекала по её гладкому, смуглому от загара телу, струилась с массы иссиня-чёрных волос.» (И.Ефремов. Таис Афинская)

б) составные наименования, в которых первая часть указывает на интенсивность цветового значения: темно-, ярко-, бледно-, светло-, дымно-, тускло-: темно-русый, светло-коричневый, тускло-серый, темно-изумрудный, бледно-желтый, дымно-розовый, ярко-красный, темно-винный, ярко-сапфировый, светло-шоколадный и т.д.:

«...Временами между кочками или пнями попадались светло-шоколадные коврики кукушкина льна, этого непрямого обитателя сухих сосновых лесов.» (По Солоухину)

в) составные наименования, в которых первая часть несет в себе характерную особенность второй, цветовой части модели: властительно-пурпурный, девственно-белый, стеклянно-синий, греховно-красный, царственно-синий, безумно-белый и т.д.:

«...Ярко, до боли в глазах, искрился *девственно-белый* снег.» (По Пришвину)

2.4. В следующую группу входят наименования, образованные путем редупликации, повторением слов: синий-синий, синий-

пресиний, белый-белый, белый-пребелый, черный-черный, желтый-желтый, красный-красный и др.:

«...Том просто сидел на деревянном полу и смотрел в *черную-черную* черноту, прижимаясь лицом к сетке двери так, что на кончике носа отпечатались маленькие темные квадратики.» (Р.Бредбери. Вино из одуванчиков)

2.5. Неморфологическим, морфолого-синтаксическим путем создания создана группа наименований, в них цвет предмета обозначается метафорически – путем сравнения его с другим предметом, который дается по цвету растений, животных, минералов, различных веществ: золотой, изумрудный, кровавый, огнистый, лимонный, томатный, малахитовый, свинцовый, яхонтовый, сиреневый, фишашковый, молочный, гранатовый, васильковый, пепельный, свекольный, малиновый, кофейный и т.д.:

«...По мере того как садится солнце, море темнеет, становится ультрамариновым, почти чёрным.» (Казаков Ю.)

По мере употребления метафорические определения цвета закрепились в языке и вошли в общую гамму цветовых оттенков. Так, *вишневый, малахитовый, розовый, стальной, песочный* стали привычными наименованиями цвета.

3. Заимствования из различных языков – это еще один источник обогащения цветовой лексики:

а) из французского языка в XVIII-XIX вв. пришли склоняемые прилагательные: бордовый, лиловый, кремовый, пунцовый, оранжевый, фиолетовый и др.:

«...Большой, тяжелый, холодный на вид дом из *бордового* кирпича, крытый терракотовой черепицей и отделанный белым камнем». (По Горькому)

Наименования, обозначающие масти лошадей, в русский язык попали из тюркских языков: чалый, каурый, чагровый, мухортый, бурый:


«...Переобув сапоги, он подошел к телегам, похлопал *каурого* конька по шее и пошёл, не оборачиваясь, в лесную гущу.» (А.Гайдар)]

Слова халатарый, халюный, халваный пришли в русский язык из монгольского языка.

б) русский язык заимствовал несклоняемые прилагательные: индиго (исп. indigo<лат. Indicus), хаки (хинди khaki), электрик (Франц. electrique), беж (Франц.beige), бордо (Франц.bordeaux):

«...Под серый цвет вы просто можете надевать вещи таких цветов, как оранжевый, желтый, розовый или красный, а также приглушенных тонов, например бутылочно-зеленого, *бордо*, лилового»

Формы выражения однословных наименований цвета



синий-синий,



зелено-розовый,

красновато-коричневый,

белый-белый

бело-малиновый, иссиня-голубой



с использованием компонента –
характеристики цвета

грязно-красный, стеклянно-синий,

ядовито-изумрудный, девственно-белый

ЛИТЕРАТУРА

1. Апресян Ю.Д. Избранные труды. Т.1 Лексическая семантика. - 2-е изд. – М., 1985. - 368 с.
2. Щур Г.С. Теория поля в лингвистике. - М., 1974. - 164 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бір сөзден тұратын түс атаулары, атаулардың жасалу техникасы, олардың коммуникациядағы (қарым-қатынастағы) қызметі және мағынасы қарастырылады. Сонымен қатар, олардың түс жүйесіндегі ролі, қолданысынан туындайтын себептері талқыланды.

SUMMARY

The article touches upon a non-onward denomination of colour, considers the techniques (process) of nomination formation, their functions and meaning in communication. There are analysed some incentive motives leading to making their role more active in the system of colour vocabulary.

ЭКОНОМИКА, ДЕМОГРАФИЯ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ РЕТТЕУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІҢ РОЛІ МЕН ОРНЫ

*Календарова Кунсулу Алтынбековна,
экономика ғылымдарының магистрі,
«Болашақ» университетінің колледжі*

Мемлекеттің экономикаға араласуы белгілі максаттарды көздейді және ең алдымен нарықтық механизмнің кемшіліктерін түзету қажеттілігімен байланысты. Нарықтық экономикадағы мемлекеттің ролі келесі функциялар арқылы көрінеді:

- а) экономикалық шешімдерді қабылдауға құқықтық негіз жасау;
- б) экономиканы тұрақтандыру;
- в) әлеуметтік қорғау және әлеуметтік кепілдікті қамтамасыз ету;

Шын мәнінде барлық функциялар өзара байланысты және экономикалық жағдайға кешенді әсер етеді.

- инвестициялар мен жинақтардың арасындағы тепе-теңдікті қалпына келтіру және капитал салымдарын ынталандыру;
- толық жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету;
- тауардың импорты мен экспортын, капитал мен жұмыс күшін ынталандыру;
- тұрақты экономикалық дамуды қолдау.

Экономикалық теорияда экономиканың жағдайы мен сауықтырудың төрт негізгі макроэкономикалық индикаторларын бөліп көрсетеді: инфляция қарқыны, жұмыссыздық деңгейі, ұлттық байлықтың өсуі, төлем балансының тепе-теңдігі. Әрбір индикатор қалғандарымен тікелей және жанама байланысты болады. Мысалы, жұмыспен қамту деңгейінің артуы, инфляцияның өсуіне әкеп соқтыруы мүмкін. Жұмыссыздықтың артуы, экономикалық дамуды тежейді, экономикалық жағдайды жасанды жандандыру елдің төлем балансының нашарлауына немесе инфляцияның қарқынының бұзылуына әкеп соқтырады.

Экономикалық ғылымда осы төрт индикатордың өзара байланысы «магиялық төртбұрыш» деген атауға ие болған (В. Ойкен, Ф. Бем, А. Рюстов, Ф. Майер) [1].

Оның болуының өзі барлық экономикалық мәселелерді бірден шешуге болмайды, оны шешудің басым бағыттарын анықтап, барлық күш-жігерді соған бағыттап отырып шешу қажет дегенді білдіреді.

Бұның бәрі, мемлекеттің экономиканы тиімді реттеуін күрделендіретіні сөзсіз

Егер елдің алдында тек бір ғана міндетті шешу міндеті тұрса, онда жеңіл, мысалы жоғары инфляцияны немесе төлме баланысының

тапшылығын жою болса, онда шығындар мардымсыз болады. Экономикалық және саяси тұрғыда оларды шешу күрделі болады, өйткені басымдықты таңдау мемлекет үшін қиынға соғады және әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ушығуына әкеп соқтыруы мүмкін. Осындай жағдайлар өтпелі экономикасы бар және көптеген дамушы елдерге тән.

Тәжірибе жүзінде барлық аталған мәселелерді бірмезгілде шешуге көптеген жылдар бойы мүмкін болмай келеді.

Шындығында инфляцияның жоғары қарқыны конъюнктураның төмендеуін, ары қарай – жұмыспен қамту мәселесін күшейтуі мүмкін.

Екінші жағынан жұмыспен қамтудың жоғары деңгейі жұмыс күшінің тапшылығына, еңбекақының артуына, халықтың табысының ұлғаюына әкеп соқтыруы мүмкін, ол өз кезегінде елде инфляцияның өсуіне, импорттың артуына әкеп соқтыруы мүмкін, ол төлем балансына теріс әсер етеді.

Осыған орай әрбір нақты кезеңге экономикалық саясаттың доминанты болып, теріс экономикалық және әлеуметтік салдарларды туындататын қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына қауіпті мәселелерді жою табылады.

Мемлекеттің экономикалық саясатының бағыттары мен әдістері өзара тұтас ретінде қарастырылады. Біріктіруші негіз болып, еркін шаруашылық тәртібінің концепциясы мен оған қайшы элементтер реттеу механизмдерінің тұралуын туындататын элементтер сияқты өздерін бірден көрсетеді. Ақауларды дер кезінде аыңқтау түзетуді жеңілдетеді.

Дж.М. Кейнстің пікірі бойынша экономикалық-нарықтық қатынастар жүйесі мінсіз және өзін өзі реттеуші жүйе болып саналмайды, және мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық қатынастарға белсенді қатысуы ғана жұмыспен қамту және экономикалық өсуді қамтамасыз ете алады.

Дж.М. Кейнс, басқа экономистерге қарағанда мемлекет экономиканы басқаруы тиіс, өйткені тек мемлекет қана экономикалық процестердің мықты реттеушісі болып табылады деген пікірді ұстанады [2].

Нарықтың пайда болатын мәселелері өздігінен шешілуге қауқары жоқ, өз кезегінде оның құруына әкеп соқтыруы мүмкін. Сондықтан Дж.М. Кейнстің пікірі бойынша әсер етудің жалғыз тетігі болып, мемлекеттік реттеу табылады, тек мемлекет қана нарықтың барлық мәселелерін шеше алады.

Мысалы, жұмыссыздықты жоюдың негізгі шарты болып табылатын, еңбекақыны қысқартуды болдырмау жұмыспен қамту мәселесін шешеді.

Дж.М. Кейнс негізгі психологиялық заңды негіздеді. Оның мәні жиынтық нақты табыстың артуына қарай тұтыну да артады, бірақ

табыстың өсуінің шамасындай емес дегенді білдіреді. Ол мемлекет салықтардың тиісті жүйесі арқылы бөлшекті тұтыну бейімделігіне, оның ішінде пайыз нормасын белгілеу және басқа да әсер ету тәсілдерімен әсерін тигізеді деген пікір айтады.

Дж.М. Кейнс салық пен жарналарға аса орын береді, өйткені олар оның пікірі бойынша көптеген экономикалық процестердің реттеуіш және бюджет құраушы механизмі болып табылады. Дж.М. Кейнс прогрессивтік салық салу концепциясын ұсынды. Ол прогрессивтік салық мөлшерлемелері мемлекеттің қалыптасуы мен әсер етуінде позитивтік роль атқарады, өйткені мемлекет бюджетке түсімді көбейтеді деп есептеді.

Дж.М. Кейнс табыстардың айналымының концепциясын негіздеді: жұмыспен қамтылған халық жұмысы үшін ақша алады және оны қызмет пен тауар үшін жаратады. Яғни алынған табыстар олардың өндірісін ұйымдастыратын тауар және өндірушілеріне қарай қозғалады.

Қарастырылып отырған жағдайда ақша негізгі роль атқармайды, өйткені оған қызмет көрсету сипаты тән. Шынайы өмірде адамдар табыстарын толық жұмсап тастамайды, оның бір бөлігін сақтап қояды. Осыған орай табыстар өндірушілерге толығымен емес, жартылай қайтарылады. Олардың қалыпты қозғалысын қалпына келтіру және өндірісті дамыту үшін, жинақтар инвестицияға бағытталуы тиіс.

Қарастырылып отырған модельдің қалыптасқан ережелеріне сәйкес, инвестицияда кемшілік болса, жинақты азайту қажет, ал егер артық болса, арттыру қажет.

Осылайша, тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін, жинақты азайтып, инвестицияны көбейтуге тырысу қажет.

Мемлекеттік реттеудің негізгі міндеті нақты елдегі және нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы орталық билік тарапынан басқару немесе саналы бақылауда болатын параметрлерді дұрыс таңдаумен түсіндіріледі.

Негізгі реттелетін айнымалылардың жиынтығын жасай отырып, Дж.М. Кейнс ұлттық табыстың өндіріске саылнатын күштің көлеміне, яғни жұмыспен қамту көлеміне байланысты болатынын есепке алған [3].

Жұмыспен қамтудың кемшілігі, өндірістің көлемі және жұмыссыздықтың себебі, тиімді сұраныстың кемшілігімен және соған байланысты табыспен түсіндіріледі.

Реттелмейтін нарықтық механизмдердің еркін әсер ету жағдайындағы жеткіліксіз тиімді сұраныс, оны оның көлемі туралы білетін тәуелсіз жеке субъектілердің анықтайтын себебінен пайда болуы мүмкін.

Табыстың мен тиімді сұраныстың төмендеу тенденциясының себебі болып, Кейнс бойынша жинақтың көлемінің инвестициядан артуына бейімділік табылады. Сондықтан инвестициялауға төмен мотивация негізгі экономикалық мәселеге айналып отыр. Табыстардың өсуі тұтынуды арттырады. Дж.М. Кейнс негізгі факторлар ретінде: еңбекақы көлемін және тазап табысты атайды. Нақты табыстың артуына қарай тұтыну заттарына сұраныс және жинақтауға бейімділіктің артуына қарай инвестициялық салымдар азаяды.

Бұл жағдай жалпы мемлекетке тән: егер елдің нақты табысы артатын болса, онда оны тұтыну да артады, бірақ аз пропорцияда.

Соған байланысты экономика тиімді сұранысқа және инвестицияға қажеттілігі туындайды.

Өндіріс көлемі және жинақ мүмкіндіктерінің өсу тенденциясы, егер жұмыспен қамту және жиынтық табыс артатын болса, барлық бірдей қосымша жұмысшылар қосымша тұтыну қажеттіліктерін қанағаттандыруға талап етілмейтін жағдайда болады. Сондықтан жұмыспен қамтудың өсуі өндіріс құралдарының өндірісіне бағытталуы тиіс, болмаған жағдайда тұтыну заттарының артық өндірілу жағдайы туындауы мүмкін, сұраныс тиімсіз болады. Нарық бұл механизмнің өзін-өзі реттеуін қамтамасыз етпейтіні белгілі, соған орай мемлекет әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі параметрлерін индикативтік жоспарлау арқылы экономикалық дамудың шешуші факторы және бағыттауыш күшіне айналуы тиіс.

Осыны ескере отырып, инвестициялауға бейімділікті күшейту және жиынтық сұранысты басқаруды арттыру мақсатында мемлекеттің араласу қажеттілігі туындайды, ол инвестициялық және өндірістік процесті қарқынтауы тиіс.

Қосымша табыс қаншалықты көп жұмсалса, инвестицияның өсуі және ары қарайғы табыс та соншалықты көп болады деген ережені анықтау үшін, М. Кейнс тұтынудың шекті бейімделігіне сәйкес, мультипликатор ұғымын енгізді [4].

Жасалған ережелерге сәйкес, тұтынудың шекті шамасы жоғары болған сайын, инвестиция да жоғары болады. Сұранысты ынталандыру бойынша шаралар мультипликатордың анықтайтын шамасының шығынынан асатын мультипликативтік әсер беруі тиіс.

Қосымша инвестициялар мультипликация әсерімен қоса жүреді: жаңа инвестициядан жұмыспен қамтуды бастапқы арттыру қосымша өсуге әкеп соқтырады, ол ұлттық табысты қосымша артуын қамтамасыз етеді.

Капитал өндіруші салаларға салынатын инвестицияларға табыс құраушы сипат тән.

Тәжірибе мемлекеттік қаражаттарды өндірістік, нарықтық және инновациялық инфрақұрылымды кеңейту және жасаумен

байланысты жобаларға салу тиімді екенін көрсетті. Уақыт өте кейнсиандықта мектептерді жекелеген ағымдарға бөлу жүрді: мемлекеттің инвестицияны әскери-өнеркәсіптік кешенге салуды көздеуге реттеуіш ролін арттыруды қарастыратын радикалды; либералды- азаматтық инвестицияларға мемлекеттік орташа әсер етуді қарастырады; солшыл ағым, ұлттық табысты бөлу және еңбекақыны өндіріс стимулы ретінде қарастыра отырып арттыруды қарастырады [3].

Кейнсиандық тәсілді пайдаланудағы шектеулер туралы ережелерді П. Хейне де растайды. Ол Дж.М. Кейнстің теориясын кейнсиандық тәсіл тұрғысынан қарастыра отырып, жинақ жинақтауды бұрынғы экономистер растаған сөзсіз игілік болып табылмайтынын айтады. Егер инвестицияның күтілетін көлемі төмендейтін болса, адамдар жинақ нормасын бұрынғы деңгейде ұстап тұруға тырысатын болса, онда тұтыну шығындары жиынтық сұранысты қажетті көлемде өтей алмайды. Нәтижесі белгілі - сатылмаған тауарлар, өндірістің және табыстың құлдырауы. Бұл шын мәнінде жинақтың жоғары деңгейі инвестициялаудың жоғары нормасына қажетті жағдай деген негізді білдіреді.

Шындығында тұтынудың өсуі, оның ішінде инвестициялық сұраныстың артуына әкеп соқтырады және өндірістің кеңейтуді және табыстың артуын ынталандырады. Одан басқа инвестициялар айналымға қайтарылған жиналған қаражаттар, қарыз, несие және басқа да ақша көздері есебінен жинақты арттырмай арттырылуы мүмкін. Табыс, жинақтар және инвестициялар инфляцияның салдарынан, алынған несиеге пайыз төлемі, қарыз пайызын арттыру салдарынан азайтылуы мүмкін. Басқа сөзбен айтқанда, инвестицияның көлемі мне динамикасына факторлардың жиынтығы әсер етеді.оның ішінде:инвестицияның өзін-өзі ақтау мерзімі және тиімділігін, несиенің пайыздық мөлшерлемесінің көлемі, салық салу деңгейі, инфляция деңгейі, саяси және экономикалық саясат т.б.

Ұзақмерзімді өсу мәселелері және оның факторларын зерттей отырып, индустриясы дамыған кемелденген экономикада инвестицияның шекті өнімділігінің төмендеу тенденциясы міндетті болуы туралы Кейнстің ойын дамыта отырып, Хансен жаңа табиғи ресурстарды игеру, ғылыми-техникалық прогрестің мүмкіндіктерін тауысу және халықтың өсу қарқының төмендеуі бойынша капитализмнің тоқырауға жалпы тенденциясының концепциясын ұсынды.

Инвестицияны ынталандыруға және өндірісті жаңарту үшін, экономикаға мемлекеттік қаражаттарды құюды қосымша пайдалану, қаржыландыру көздері болып, еңбекақы салығы, мемлекеттік қарыздар, орташа инфляция болуы тиіс, мемлекеттік сатып алу және тапсырыстар жүйесін пайдалану ұсынылды [4].

Негізгі реттеуіш құрал болып, көлемдері мен мөлшерлемесі нарықтың конъюнктурасына қарай өзгертін тиімді сұранысты, салықты, әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақыларды төлеуге пайдалану арқылы «орнатылған тұрақтандырғыштың» ролін атқаратын мемлекеттік бюджет болуы тиіс.

Оның өкілдері дайындаған концепциялар кейін экономикалық теорияға экономикалық процестерді басқарудың әдістерінің бірі - мемлекеттік дирижизм ретінде енгізілген индикативтік жоспарлаудың негізін қалаған экономиканы мемлекеттік реттеу практикасында пайдаланылды.

ӘДЕБИЕТ

1. World Bank. World Development Report 2002 // The State in a Changing World. - N.Y., 2002.

2. Государственное регулирование рыночной экономики / Под ред. В.И. Кушлина и Н.А. Волгина. – Москва: ОАО «НПО «Экономика», 2005.

3. Гутник В. Многотомник - ежегодник “ORDO” // <http://www.ieras.ru/journal/journal4.2006/14.htm>

4. Кейнс Дж.М. Общая теория занятости, процента и денег. – Москва, 2007.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются роль и место государства в регулировании инвестиционной деятельности.

SUMMARY


This article examines the role and place of the state in regulating investment activity.

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, БИОЛОГИЯ
ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ**

ГАПЛОИДИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ СЕЛЕКЦИЯДА МАҢЫЗЫ

Жанзақов Марат Мықтыбайұлы,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
«Болашақ» университеті;
Кенбаев Бақыт Қуантқанұлы,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
«М. Ықсанов атындағы политехникалық колледж»;
Ақайдарова Мақпал,
студент, «Болашақ» университеті

Гаплоидтар – сомалық жасушаларында хромосомдардың мөлшері (саны) бастапқы формалардағыдан 2 есе кем келетін кәдімгі диплоидты немесе аллополиплоидты түрлердің дарактары (сурет). Оларда гомологиялық хромосомдардың әр жұбынан тек бір ғана хромосом болады [1-2].



Сурет 1.
Бидай өсімдігі мен тозаңы:
сол жақта – диплоидты; оң жақта – гаплоидты.

Гаплоидия (моноплоидия) құбылысы селекционерлер назарын көптен аударта бастады. Гаплоидты өсімдіктерді пайдалану бірқатар теориялық, сондай-ақ тәжірибелік те мәселелерді толықтай шешуге ықпал етеді.

Гаплоидия жоғары сатыдағы өсімдіктердің генетикасын, сондай-ақ мен эволюциясын терең зерттеуге мүмкіндік береді. Гаплоидия түрлер құрамын анықтау мен олардың таксономиялық жағдайын нақтылау, полиплоидтық қатарлардағы геном-дар дозасы әсерін зерттеу, апомик-систің шығуы мен генетикалық себебін ұғыну және басқа да көптеген мәселелер шешу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Гаплоидтардан гомозиготалық диплоидты тізбектер алу, сондай-ақ

рекомбинациялық селекцияда гендердің өте нәтижелі рекомбинацияларын алу әдістері осы құбылысқа негізделген. Селекциялық мәселелерді шешуде гаплоидтарды пайдаланудың болашағын алғаш 1929 жылы Г.Д. Карпеченко айтып кеткен [1].

Кез келген популяцияның гаметаларында зиготаларға қарағанда гендердің қалайтындай үйлесімі біршама жиі болатындықтан, теория бойынша гаплоидтардан хромосом мөлшерін тура еселеу жолымен белгілері қажетті үйлесімдегі зиготалық форманы алу әлдеқайда жеңіл және тез. Гаплоидты және диплоидты деңгейдегі селекцияның мүмкіндіктерін салыстыруға мына формулалар қолданылымды: 2^n гаплоидтар үшін, ал 4^n – диплоидтарға. Бірінші формула гаметалар түзілуде гаплоидтық деңгейдегі гендердің барлық теориялық мүмкін комбинацияларын анықтауға мүмкіндік береді; екінші формула бойынша диплоидтық деңгейде гаплоидтардың барлық теориялық мүмкін үйлесімдері түзіле алатын F_2 өсімдіктерінің ең аз мөлшері есептелінеді. Мысалы, 7 жұп тәуелсіз гендердің бір-бірімен комбинациялануы негізіндегі гомозиготалық тізбектердің барлық мүмкін типтерін алу үшін теория бойынша F_1 буданының тек 128 гаметасын диплоидты деңгейге айналдыру қажет. Диплоидтық деңгейде тап осындай нәтижеге жету үшін F_2 -де кемінде 16384 өсімдік қажет. n -нің мәні өскенде бұл айырма тез өседі. $n=10$ -да көрсетілген сан, сәйкес 1024 және 1048576 құрайды. Оларды салыстыру, комбинациялық селекцияның тиімділігі гаплоидтарды кейіннен диплоидтық деңгейге ауыстыру үшін жаппай алу тәсілінде жүздеген есеге артатынын көрсетті [3-4].

Гаплоидтарды зерттеу, селекциямен тікелей байланысты генетиканың маңызды және күрделі бөлімдерінің бірі – сандық белгілердің тұқым қуалау заңдылықтарын дайындау үшін де өте маңызы. Гаплоидтардан алынған гомозиготалық тізбектер өте қатты модификацияланатын белгілер, мысалы, мақта талшығының ұзындығы мен жіңішкелігі көрсеткіштері ауытқуларын зерттеу үшін генетикалық константтар ретінде пайдаланыла алады. Гаплоидтарды пайдалану ауруларға төзімділік селекциясын өте тиімді жүргізуге және басқа да мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Гаплоидтардың хромосомы мөлшерін (саны) еселеумен бірден гомозиготалық тізбектер алуға болады, ал айқас тозанданатын дақылдардың гетерозистік селекциясында оларға 7-10 жыл кетеді. Осылай гомозиготалы тізбектер алу мүмкіндігін өткен ғасырдың 30-жылдарында-ақ М.С. Навашин мен Г.Д. Карпеченко көрсеткен, бірақ гомозиготалы диплоидты тізбектерді жедел шығару мен оларды іс жүзінде қолдану әдістемесін 1949 жылы ғана С.Чейз дайындады. Оның ұсынған принциптері мен алынған тестерлері жүгері селекциясында кеңінен қолданылады.

Бәрінен бұрын табиғи жағдайда пайда болған гаплоидты өсімдіктерді қалай байқауға болатыны мәселесін шешу қажет болды. Ол үшін С. Чейз біреулері дамудың ерте сатыларында көрінетін бірқатар рецессивті гендер (a, lg) бойынша гомозиготалы, басқалары – оларға доминантты гендеріне (A, Lg) аллеломорфтығы бойынша гомозиготалы жүгерінің арнайы шығарылған тізбектерін («Чейз маркерлерін») пайдаланды. Бұл тізбектер, біріншілері – аналық, екіншілері аталық форма ретінде пайдаланылу арқылы өзара шағылыстырылады. Осы шағылыстырулар тұқымдары өте мұқият тексерілгеннен кейін өсіріліп, олардан алынған көшеттер қайтадан мұқият зерттеледі. Бұндай шағылыстырулардан кейінгі будандық ұрпақта аталық тізбектердің A және Lg аллельдерімен бақыланатын доминантты белгілер болатыны толығынан түсінікті. Егер де тұқым ұрықтанбай байланса, яғни апомиксис нәтижесінде, онда көшеттерде аналық тізбектердің a және lg аллельді рецессивтік белгілері болады. Бұл апомикті өсімдіктер көрсетілген

белгілер бойынша жеңіл байқалады [3-4].

Тек гаплоидты өсімдіктерді ғана ажыратып алуға маркіленген рецессивті белгілері бар көшеттер тамырларын фиксациялайды да, ондағы хромосом мөлшерін санайды. Егер де олар жүгерінікі сияқты 20 емес, 10-ға сәйкес болса, онда көшеттер гаплоидты. С.Чейз аталған шағылыстыруды жүргізгенде 1000 тексерілген көшеттерден орташа бір гаплоидты ажыратуға болатынын көрсетті. Жемісті диплоидты гомозиготалы өсімдік алу үшін бұл көшеттер жасушаларындағы хромосом мөлшерін кейін еселеу ғана қалады. Оларды комбинациялық қабілеттілікті анықтау үшін көбейтеді және шағылыстыруларға қатыстырады.

Гаплоидты өсімдіктерді экспериментті жолмен алуға төрт негізгі әдісті ұсынуға болады:

- 1) егіздер сұрыптау;
- 2) тұраралық шағылыстырулар;
- 3) түрлі плоидтық деңгейлерде будандастыру;
- 4) микроспоралар өсіру.

Осылардың ішінде үнді мен жапон ғалымдары ұсынған соңғы әдістің болашағы өте зор.

Андрогенді гаплоидия негізінде бір ұрпақта-ақ аталық ядроны аналық форманың цитоплазмасына ауыстыру, жүгерінің гетерозисті селекциясында андростерильді тізбектер жасауда өте маңызды. Әдетте бұған 5-7 жыл кететіндіктен, өсімдіктерін қолдан кастрациялауды қолданбайтын будандар тұқым шаруашылығының дамуына кедергі жасайды. 1955 жылы теориялық болжам негізінде П.А.Баранов, Н.П.Дубинин және М.И.Хаджиновтер жүгерінің өзін-өзі тозаңдаған тізбектерін стерильдік негізге жеделдетіп көшіру үшін андрогенез құбылысын пайдалануды ұсынды. Іс жүзінде аталық

форманың ядросын аналық форманың стерильді цитоплазмасына бұл аударуды 1963 жылы бір мезгілде Т.С.Чалык (КСРО) пен С.Чейз (АҚШ) гендері маркіленген (аналық – доминантты және аталық – рецессивті аллельдермен) тізбектерді шағылыстыру жолымен іске асырды. Осы әдіс эксперименттік тексеруден өтті және андрогенез көмегімен цитоплазмалық аталық стерильділік қасиетті тізбектер мен сорттарға беруді жеделдетуге жол ашты. Шет елдерде андрогенетикалық гаплоидтардың негізінде темекінің бірнеше сорты шығарылды [3-4].

Отандық ғалымдар да гаплоидты селекцияда пайдалану мәселелеріне көп көңіл бөліп, оны алу және пайдалану төңірегінде ғылымға көптеген ұсыныстар жасады. 2007 жылы Е.Б.Балабатырова андрогендік құрылымдар шығуын арттыру үшін гаплоидтық технологияда бидайдың тозаңқаптарын 6-8 тәулік бойы «көмір суымен ашығу» факторын ұсынды. К.Ж.Жамбакин (2007) бидайдың морфогендік құрылымы индукциясы жиілігінің генотипке байланысты екенін, олардың ата-анасымен сылыстырғанда будандарда жоғары болатынын байқап, қатты бидайда морфогендік құрылымның пайда болу жиілігін, жұмсақ бидайда жасыл өсімдіктердің регенерациясы жоғары болатынын анықтады. С.Мұқаметжанов (2007) бидайдың ұрықтанбаған 26 генотипінің түйіндерін өсіріп зерттегенде, тек қана Саратовская 29 сорты ғана морфогенезге жоғары қабілет көрсеткен.

Ә.Р.Ысқақов (2007) бульбозум тәсілімен арпаның гаплоидты және дигаплоидты өсімдіктерін алу ерекшеліктерін зерттей, будандастыру кезінде бастапқы өсімдіктерді өсірудің температуралық режимі, аналық формалар генотипінің және оқшауланған масақтар өсіру үлкен рөл атқаратынын анықтады. Жабайы арпа түрін аналық та, аталық ретінде де пайдаланып, гаплоидты өсімдіктер алды. Сондай-ақ, ҚРҒБК ҒК ҚР ҰБО «Өсімдіктер биологиясы мен биотехнологиясы институты» ЕМК бидайдың септариоз ауруына төзімді гаплоидтық тізбектерін шығарды.

Сонымен, гаплоидияны өсімдіктер селекциясында пайдалану, мысалы, темекі, рапс және бірқатар басқа дақылдардың селекциясында белгілі бір жетістіктер әкелді деп толық айтуға болады. Бірақ экономикалық маңызды дақылдар селекциясында гаплоидтарды жаппай алудың белгілі бір дәрежеде қиындығынан бұл әдіс сәтті пайдаланылуда деп айту әлі ертерек. Сондықтан қысқа мерзімде-ақ осындай жетістіктерге жеткенімізге қарамай, әлі де селекцияда гаплоидтарды пайдалануды зерттеуге көп көңіл бөлуіміз қажет.

ӘДЕБИЕТ

1. Гуляев Г.В. Генетика. - М.: Колос, 1984. – 352 с.

2. Майлс О. Теоретические основы селекции растений. – М.: Колос, 1984. – 295 с.

3. Гуляев Г.В., Гужов Ю.Л. Селекция и семеноводство полевых культур. – М.: Агропромиздат, 1987. – 447 с.

4. Жанзақов М.М. Егістік дақылдар селекциясы. – Астана: Фолиант, 2015. – 416 б.

РЕЗЮМЕ

Как видно из статьи, что исследование гаплоидов имеет большое значение для разработки закономерностей наследования количественных признаков – одного из важных и сложных разделов генетики, имеющего непосредственную связь с селекцией. Полученные из гаплоидов гомозиготные линии могут служить в качестве генетических констант для изучения варьирования сильно модифицирующих признаков. Использование гаплоидов позволяет более эффективно проводить селекцию на устойчивость к болезням и решать другие задачи. Путем удвоения числа хромосом у гаплоидов можно сразу получить гомозиготные линии, на создание которых при селекции на гетерозис у перекрестноопыляющихся культур приходится затрачивать до 7-10 лет.

SUMMARY

As can be seen from the article, the study of haploids is of great importance for the development of patterns of inheritance of quantitative traits – one of the important and complex sections of genetics that has a direct relationship with breeding. Homozygous lines obtained from haploids can serve as genetic constants for the study of variation of highly modifying traits. The use of haploid allows you to more effectively carry out breeding for resistance to diseases and to solve other problems. By doubling the number of chromosomes in haploids can immediately obtain homozygous lines, the creation of which in the selection of heterosis in cross-pollinated crops have to spend up to 7-10 years.

KÓPTIZBEKTI SORTTAR SELEKSIASY

*Janzaqov Marat Myqtybauly,
Álibekova Ğalia Bekqojaqyzy,
aýylsharyashylygy gylymdarynyñ kandidattary,
qaýymdastyrylǵan professorlar.
«Bolashaq» ýniversiteti;
Tynyshtyq Aidana,
stýdent, «Bolashaq» ýniversiteti*

Tizbekti dep, ózdiginen tozańdanatyn daqyldardan jekeleı suryptaýmen shyǵarylǵan sorttardy aıtady. Tizbekti sort – bir ósimdiktiñ kóbeıtilgen urpaǵy, sondyqtan ol barlyq belgileri jáne qasıetteri boıynsha óte birkelkiligimen erekshelenedi. Tabıǵı tozańdaný, mehanıkalyq lastaný jáne mýtasialanýdan tizbekti sorttar birte-birte óziniñ birkelkiligin joǵaltý múmkin. Tizbekti sorttarǵa elimizde burynnan ósirilip kele jatqan jáne sońǵy kezeńderi – gylymı seleksia kezeńinde shyǵarylǵan kúzdik jáne jazdyq astyq daquldarynyñ barlyǵyna jýyq sorttary men ózdiginen tozańdanatyn basqa da daqyldardyñ kópshilik sorttaryn jatqyzýǵa bolady [1-2].

Keıde býdandyq popýlıasiadan bir emes, birneshe morfologialyq birkelki, biraq biologiasy ár túrli tizbeker tańdalynyp alynady. Olardyñ biriktirilgen urpaǵy kóptizbekti býdandyq sort bolyp sanalady. Kóptizbekti sorttar jasaý ádisi alys-jaqyn shetelderde keńinen taralǵan.

Joǵary ekologialyq beıimdelgishtik egistik daqyldar seleksiasynyñ asa mańyzdy baǵyttarynyñ biri – kóptizbekti sorttar jasaý. Kóptizbekti sort F_2 -de, nemese basqa býdandyq urpaqtarda suryptaýda morfologialyq birkelki, biraq biologialyq ayrmashylyǵy bolatyn birneshe tizbekti biriktirýmen jasalynady. Bundaı sort túrli ósý jaǵdailaryna reaksiyasynyñ óte keń normada bolýynan úlken arealdy alyp, qubylmaly aya raynda da turaqty ónim qamtamasyz etedi. Ol kúzdik bıdaıdyñ Odesskaıa 51, jazdyq bıdaıdyñ Omskaıa 9, Harkovskaıa 46, jazdyq arpanyñ Doneskı 4 sıaqty kóptizbekti sorttarynyñ kóp aýmaqqa tez taralýy jáne keń kólemdegi egistik jerlerde ósirilýimen dáleldengen. Osy kóptizbekti sortlarda, mysaly, Sibir ASh ĞZI (Resei) shyǵaryp, 1980 jyly Kókshetaý, Qostanaı, Pavlodar jáne Soltústik Qazaqstan oblystary óndiristerine engizgen kúshti jazdyq jumsaq bıdaıdyñ ortasha kesh pisetin Omskaıa 9 sortynda (№1210 [(Vezostaıa 1 x Saratovskaıa 29) x Saratovskaıa 29]) – 6 tizbek, al Qostanaı oblysynyñ óndirisine 1959 jyly engizilgen jazdyq jumsaq bıdaıdyñ ortasha pisetin Harkovskaıa 46 sortynda 34-51-29 býdanynyñ 4 tizbegi birikken [(Týrgıdým túraralyq býdany x polba) x aljırlık qattqy bıdaıdyñ fýlkatým formalary] [3].

Aıqas tozańdanatyn daquldarda da kóptizbektı sorttar kezdesedi, ógan mysal, «Qazaq eginshilik jáne ósimdik sharýashylyǵy ĞZI» JShS men Selinograd memlekettik aýylsharýashylyq tájiribe stansasy jáne «Qazaq eginshilik jáne ósimdik sharýashylyǵy ĞZI» JShS men N.I.Vavilov atyndaǵy ósimdik sharýashylyǵy BĜZI birlesip shyǵaryp, 1993 jáne 2011 jyldary Memtizbege engizgen jáne qazirgi kezde de Aqmola, Aqtóbe, Almaty jáne Qostanaı oblystary óndiristerine pıdalanýǵa ruqsat etilgen júgeriniń erte pisetin Týrgaıskaıa 5/87 jáne ortasha kesh pisetin Dala arýy 446 P býdandyq popýlıasialary [3-4].

Kóptizbektı sorttar jasaýdyń immýnitettik seleksıada mańyzy jetip artylatyndyqtan, seleksıonerler keshendi immýnitetti sorttar shyǵarýdyń óte qıyn ekendigine qaramastan, belgili bir aimaqqa qozdyrǵyshtyń osy ýaqytta óte keńinen taralǵan rasalaryna tózimdi keletin sorttar jasaýǵa tyrysyp baǵýda. Biraq bundaı tájiribeler de oıdaǵydaı nátiyeler bermeýde. Óndiriske tat aýrýyna tózimdi dep berilgen bıdaı jáne basqa da astyq daqyldarynyń sorttary, osy qasietin tez joǵaltyp tatpen zalaldana bastaǵandyqtan, jaramsyzdandyrylýda.

Amerikalıq seleksia tájiribelerinde sabaq tatynyń rasalyq quramy ózgerýinen, suly sortynyń pıdalanylý merziminiń uzaqtyǵy AÓSh-tyń ortalyq júgerilik beldiginde bes jyldy quraıdy. Meksıka men Kolýmbıada bastapqyda sabaq tatyna tózimdi bıdaı sorttary úshin osyndaı merzimdi N.Berloyǵ te ataǵan. Tipti myna jaǵdaıdyń ózinde: eger óndiriste keńinen taralǵan sort parazittiń kóptegen rasalaryna tózimdi bolǵanymen, parazittiń jańa agressivti rasalarynda mýtantty bir sporanyń túzilýi-aq, sol sort egisinde ósimdiktiń qaıta zalaldanýdan aýrýǵa shaldyǵýyna jáne epifitotty deńgeinde taralýyna jetkilikti.

Bir aimaqta aýrý qozdyrǵyshtyń belgili bir rasasya tózimdi sorttar, patogenniń rasalyq quramy basqasha bóten aimaqqa ósirilgende, kóbine tózimsiz bolup qalady. Kileń tizbektı nemese klondyq sort egilgen kólemdi egistik jer epifitotıanyń damýyna óte jaqsy jaǵdaılar jasaıdy, sebebi patogen sheksiz kóbeıyi úshin qorektik sýbstrat tabady. Tabıǵı jaǵdaıda túrler, túrtarmaqtar jáne ekotıpter ózderiniń genetikalıq san alýan bolýy arqasynda qandaı da bolmasyn orynda patogenniń kóptep shoǵyrlanýyn jáne onyń úlken territorıaǵa taralýyn tıimdi aldyn alady, iaǵni onyń taralyp jayılyna tabıǵı tosqaýyl bolady. Osyǵan baılanysty sońǵy kezderi aýrýlardyń keıbir túrlerine tózimdik seleksiasynda patogenge uzaq tózimdikti kóptizbektı sorttar jasaý oı-arman iske asyryla bastady. Bul jaǵdaıda kóptizbektı sort barlyq morfologialıq jáne sharýashylyq-pıdaly belgileri, qasietteri boıynsha bir-birinen erekshelenbetin bolýy kerek, sonymen qatar patogenniń ár túrli rasalaryna tózimdiligi boıynsha aırmashylyqty tizbektar qospasynan turýy qajet. Bundaı sorttar jasaý, parazittiń alýan túrli fiziologialıq rasalaryna tózimdiligi boıynsha bir-birinen aırmashulyǵy bar birneshe formalary pıdalanýǵa ruqsat etilgen eń jaqsy bir sorttyń ózimen ǵana toptamalap qanyqyra býdandastyrymen

múmkín. Eger qandaı da bolmasyn bir rasaǵa ǵana tózimdi bundaı paidalanýǵa ruqsat etilgen sort genotıpin AR_1 , al aýrýduń basqa múmkín bolatyn rasalaryna tózimdilik kózderi genotıpterin – BR_2 , CR_3 , DR_4 , ER_5 , FR_6 belgilese, onda birneshe qanyqtyra shaǵylystyrýlar men suryptaýlardan $AR_1+AR_2 +AR_3+AR_4+AR_5+AR_6$ genotıpteri jasalynýy jáne bir júege biriktirilýi múmkín. Kórsetilgen tásilmen alynǵan barlyq tizbekter ózara tek aýrý qozdyrǵyshtyń ár túrli rasasyına tózimdilikti baqylaıtyn R -genderimen ajratylýy múmkín.

Sonymen, kóptizbekti sort – tózimdilik boıynsha ár túrli genotıptir popýliasiasynan, sondaı-aq ol konvergentti, ıaǵnı barlyq basqa belgiler men qasıetter boıynsha uqsas tizbekterden turady.

Kádingi tizbekti tózimdi sorttyń jáne kóptizbekti sorttyń tózimdi tizbekter popýliasiasy ósimdikteriniń arasynda aýrýlardyń taralýy birdei emes. Infeksianyń birinshilik kózinen jańa rasanyń jedel taralýyna zalaldandyń birinshi kezeńinde qojatyn-sezimtal ósimdikterdiń kóp shamada bolýy áser etedi. Ondaı ósimdikter mólsheri kádingi tizbekti sortlarda kóptizbekti qaraǵanda kóp ese artyp jyǵylady.

Eger telim sańyraýqulaqtyń erekshe rasalarymen zalaldanýǵa qarsy turý qabileti boıynsha árqaisysy basqasynan aıyrmashylyǵy bolatyn paidalanýǵa ruqsat etilgen sort tizbekteri qospasymen sebilgen bolsa, onda birinshi mýtanttyq sporanyń sezimtal ósimdikterge túsý múmkindigi, sondaı-aq jańa infeksianyń oqshaylanǵan oshaǵynyń taralýy kóp tómendeıdi. Demek, kóptizbekti sortta aýrýdyń taralý joldaryna qozdyrǵyshtyń barlyq ornýǵy kezeńderinde únemi tosqaýyl qoıylady, al osyndaı kezde kádingi tizbekti tózimdi sortta ol tosqaýyl bir ret qana iske asady.

Qazirgi kezde shaǵylystyrýǵa ata-analyq juptar tańdaıda óte keremet sorttar ǵana keńinen qoldanylady. Kúzdik bıdaıdyń sońǵy kezeńderi paidalanýǵa ruqsat etilgen árbir bes sortynyń tórteyi negizinen Bezostaia 1 jáne Mironovskaia 808 sorttary bazasynda jasalynǵan bolsa, jazdyq bıdaıdyń árbir úshinshisi – Saratovskaia 29 sortynyń qatysýymen. Bezostaia 1 sorty Vengria, Rýmynıa, Bolgaria jáne Iýgoslavia sorttary shejirelerinde basym bolsa, Mironovskaia 808 sorty – Chehia, Slovakiia jáne Polsha sorttarynyń ata-tekterine kiredi. Bul jasalynatyn jańa sorttardy joǵary genetikalyq birkelkilikke ákeletindikten, olardyń ekstremaldy jaǵdaıǵa qayqarsyzdyǵy artady, ásirese patogender epifitotiasyna. Sondyqtan seleksıalyq baǵdarlamalar otandyq eń jaqsy sorttarmen qatar, basqa genetikalyq negizde jasalǵan tatqa egistik, sondaı-aq rasaspesifikalyq tózimdilikterin basqa qolaysyz faktorlarǵa tózimdiligimen úlestirgen AQSh jáne t.s.s. elderdiń jańa sorttaryn engizýge umtylady. Genetikalyq negiz tarylýyn boldyrmaý úshin basqa daqyldar seleksiasynda da alýan túrli bastapqy material, túrli donorlar paidalanýǵa tyrysýda.

ÁДЕБИЕТ

1. Гуляев Г.В., Гужов Ю.Л. Селекция и семеноводство полевых культур. – М.: Агропромиздат, 1987. – 447 с.
2. Жанзақов М.М. Егістік дақылдар селекциясы. – Астана: Фолиант, 2015. – 416 б.
3. Сборник сортов и гибридов сельскохозяйственных культур, используемых в Республике Казахстан. - Астана, 2017. – 125 с.
4. Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімі // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2017. - 15 тамыз.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрено одно из важных направлений селекции на высокую экологическую пластичность – создание многолинейных сортов. Обычно многолинейный сорт выводят путем объединения при отборе из F_2 или других гибридных поколений нескольких морфологически однородных, но биологически различающихся линий. Обладая более широкой нормой реакции на разные условия произрастания, такой сорт может занимать большие ареалы и обеспечивать получение стабильной урожайности при меняющихся погодных условиях. Это подтверждается быстрым распространением и возделыванием на больших площадях, таких многолинейных сортов кукурузы, как раннеспелая Тургайская 5/87, средне позднеспелая Дала Аруы 446 П селекции «Казахского НИИ земледелия и растениеводства, а также сортов и других полевых культур.

SUMMARY

The article discusses one of the important areas of breeding for high environmental plasticity – the creation of multiline varieties. Usually, a multiline variety is derived by combining, when selecting from F_2 or other hybrid generations, several morphologically homogeneous, but biologically distinct lines.

Possessing a broader rate of response to different growing conditions, such a variety can occupy large areas and provide stable yields under changing weather conditions. This is confirmed by the rapid spread and cultivation on large areas of such multiline varieties of maize as the early ripening Turgai 5/87 medium late ripening Dala Aruy 446 P selection of the Kazakh Research Institute of Agriculture and Crop Production, as well as varieties and other field crops.

SELEKSİYANYŇ EGINSHILIKTI INTENSIVTENDIRÝDEGI RÓLI

Janzaqov Marat Myqtybauuly,

áýylsharýashylygy gylymdarynyň kandidaty,

qaýymdastyrylgan professor,

«Bolashaq» ýniversiteti;

Dildabekova Jansulý,

stýdent, «Bolashaq» ýniversiteti

Ósimdikter seleksiasy – mindeti áýyl sharýashylygy daqyldarynan joğary ónim alý tásilderin jasaý kiretin agronomialyq gylymdar qataryna jatady. Biraq ósimdiktiň ósý jaǵdaýyna áser etetin tásilderdi zertteitin eginshilik, agrohimiya, ósimdik sharýashylygynan aýrmashylygy – seleksia ósimdikterdiň tuqym qýalaýshylygyn qajet baǵytqa ózgerdetin ósimdiktiň ózine áser etý tásilderin ázirleidi. Seleksialyq jumys prosesin syzba túrinde bipeshe satyǵa bólyge bolady. Olardyň negizgileri: bastapqy material izdestirý, jasaý jáne zertteý, suryptaý, alyngan formalar men jańa sorttardy baǵalaý, shyǵylgan sorttardyň taralý aimaǵyn belgileý.

Daqyldardyň biologialyq ereksheliklerine, sondaı-aq jańa sorttarga qoıylatyn talaptarga, bastapqy material sıpaty men basqa da jaǵdaılarǵa bailyasty seleksialyq jumystarda ártúrli ádister qoldanylýy múmkin. Olardyň ishinen bireýin qoldandyǵyń ózi kóbine basqalaryn joqqa shyǵarmaı, qaita kerisinshe, basqa ádisterdi de paıdalanýǵa negizdeledi. Mysaly, ózin-ózi tozańdandyrgan tizbektir alýadisinde, ári qarai mindetti túrde olardy ósara nemese sorttarmen shaǵylstyrymen qarapayım jáne kúrdeli tizbekaralyq nemese sorttyq-tizbektik, ne bolmasa tizbektik -sorttyq býdandar alatyn ádister paıdalaný uǵarylady. Poliploidty formalardan sorttar alý úshin olardy mindetti túrde ósara shaǵylstyry kerek. Shyǵy tegi býdandyq bolyp keletin sorttardan mytagenderdiň áserinen kóptegen paıdaly mytanttar alynady, biraq sort bolý úshin kóp jaǵdaıda alyngan mytantty ósimdik formalaryn jańa shaǵylstyrylarǵa paıdalaný qajet.

Ártúrli áýyl sharýashylygy daqyldary seleksiasynda alýan túrli ádisterdiň basymdylygy árqily bolady. Mysaly, bede daqylynyň barlyq sorttary tabıǵı popýlasiadan suryptaýmen jasalynady; bidaıdyň jańa sorttaryn shyǵarydyň negizin túrishilik býdandastyry quraidy, júgeri seleksiasynda ári qarai ózderin shaǵylstyrymen geterozistik býdandar alatyn ózin-ózi tozańdaǵan tizbektir jasaý ádisi keńinen qoldanylady, qant qyzylshasynyň geterozistik býdandaryn poliploid negizinde jasaıdy jáne t.s.s.

Eginshilikti intensivtendirý ósimdikter seleksiasynyň aldyna birinshi kezekti, ıaǵni basty mindet retinde intensivtik tehnologialar boıynsha ósirýge arnalǵan joğary ónimdi jáne ónim sapasy boıynsha qundy, egis

ósimdikteri jyǵylmatyn, sondaı-aq aýrýlar men zıankesterge tózimdi, keń ekologialyq beıimdelgishtikti sorttar shasaýdy usyndy [1].

Jazdyq bıdaıdyń joǵary ónimdi, qysqasabaqty, japyraqtyq jáne sabaqtyq tattyń agressivtik rasalaryna óte tózimdi sorttaryn jasaý úshin Kanada, AQSh, Meksika, Argentina jáne birqatar basqa elder seleksialyq mekemeleriniń bastapqy materialyn pıdalaný men tájiribesin zertteý qajet [2].

Intensivti tipti sorttardyń fotosintezdik qabileti keremet jáne de olar joǵary agrofondy jaǵdailaryn, á sirese mineraldyq tyńaitqyshtardyń joǵary normalaryn jaqsy pıdalanatyn bolýy tiis. Intensivti tiptegi sorttardyń úlgisine Bezostaiıa 1, Krasnodarskaıa 46, Odesskaıa polykarlıkovaıa sıaqty bıdaı sorttary jatady. Bezostaiıa 1 sorty ósimdiginiń assimilasialyq aýqymy kóptegen basqa sorttar-dikinen 1,5-2 ese úlken, sabaǵy qysqa, myqty, jyǵylyp qalýǵa tózimdi, ónimdegi dánniń sabanǵa qatynasy (massa boıynsha) biraz shamaǵa jaqyn – 1,3-1,4 bolsa, kádimgi sortlarda – ortasha, 1,8-2,5-ǵa teń [1-2].

Dán men sabannyń qurǵaq zattary birligin jasaýǵa shamamen birdei sý men qorektik zattar mólsheri jumsalady. Sondyqtan intensivti tiptegi sortlarda kádimgi sorttarmen birdei jaǵdailarda biraz shamada óte joǵary dán ónimi quralady jáne olar mineraldyq tyńaitqyshtardy da óte jaqsy pıdalanady.

Kúzdik bıdaıdyń Bezostaiıa 1 sorty úlgisinde basqa da daqyldardyń intensivti tipti sorttaryn alýan túrli ósirý jaǵdailary úshin shyǵarý múmkindigi prinsipti túrde dáleldendi. Qazirgi kezde bizdiń elimizde jáne shet elderde bıdaı, kúrish jáne arpa daqyldarynyń kóptegen intensivti tipti sorttary shyǵaryldy jáne ósirilýde. Mysaly, Pavlodar men Soltústik Qazaqstan oblystary óndiristeri úshin asa qundy QR BǴM ǴQ UBO «Ósimdikter biologiasy jáne biotehnologiasy institúty» EMK, «Agrosemkonsalt» JShS, «Pavlodar AShǴZI» JShS birlese shyǵarǵan, 2011 jyly Memtızbege engen qurǵaqshylyqqa, jatyp qalýǵa jáne dáni tógilýge tózimdilikti, sondaı-aq tat aýrýynyń – sary jáne sabaqtyq túrlerine tózimdi, ylǵal men joǵary agrofondy qajet etetin Severianka intensivti tipti sorty [3].

Joǵary intensivti tipti sorttar ónimi oıdaǵydaı bolý úshin dánniń eki bóligine sabannyń bir bóligi kelýi tiis. Ol sorttarǵa ónimdi masaqpen qatar, fotosintezdik qabiletti kóterý úshin ilmeitin, óte tik ornalasatyn japyraqtar berý, olardyń sanyn kóbeitý qajet. Ondaı sorttardy karlıkti jáne jartylai karlıkti formalary pıdalaný negizinde jasaýǵa bolady. Joǵary intensivti sorttar, kádimgi sorttarmen salystyǵanda mineraldyq tyńaitqyshtar men sýdy 2-3 ese óte únemdi pıdalanady.

Sort jáne onyń ósý jaǵdailary, bárinen buryn ósirý tehnologiasy ózara tyǵyz bailanysty. Ósimdik úshin joǵary agrofonda jasalatyn jaǵdaı joǵary ónimdi sorttarmen ǵana óte tolyq pıdalanılyy múmkin. Sonymen birge

sorttardyn áleyetti ónimdiligi de agrotehnikanyń barlyq tásilderin saqtaǵanda ǵana kórinedi.

Óndiriske joǵary ónimdi keletin sorttardy engizý úlken ekonomikalıq mánge ie bolýdyń jáne barlyq mádeni daqyldar óndirýdi arttırýdyń eń ońai jáne arzan tásili. Ótken júzjyldyqta álemdik astyq óndirý artýynyń 40%-dan astamy, olardy seleksialyq jaqsartýmen bailanysty bolǵan.

Sońǵy jyldary óndiriske joǵary intensivti tipti jańa sorttar jasaýǵa, sonдай-aq engizýge bailanysty seleksianyn dándi daqyldar ónimdiligin kóterýdegi mańyzy burynǵydan da arta tústi. Meksikada bıdaıdyń tyńaitqyshtardy jáne sýarýdy kóp qajet etetin qysqasabaqty sorttaryn pıdalanýdyń arqasynda osy daqyldyń ónimdiligi qysqa merzimde úsh eseden de artsa, onyń keıbir shtattarynda tipti bes-alty esege deın kóterildi. Al sol kezderi batys Eýropa elderinde dándi daqyldardyń agromádenietin júeli kóterý negizinde kádimgi ekstensivti tiptegi sorttardy pıdalanyp, ónimdi arttırý úshin birjarym ǵasyr qajet bolǵany belgili.

Dándi daqyldardyń tómen ónimdi sorttaryn ónimi joǵarylarmen aýystırýmen kóp qarjy jumsamaı-aq jyl saıyn qosymsha kóptegen tonna astyq ónimin alýǵa bolady. Joǵary ónimdi, jaqsy agrofon jaǵdaiyn óte tolyq pıdalanýǵa qabiletti sorttardy ósirý tyńaitqyshtar engizýdiń jáne sýarýdyń ekonomikalıq tiimdiligin kúrt kóteredi de himialyq zaýyttar men meliorativtik júeler salýǵa ken shyǵyndardyń ótelýin tezdetedi.

Sort egistik daqyldardyń energıa- jáne resýrsjınaqtaý tehnologiasyn ıgerýde de óte mańyzdy ról atqarady. Oǵan dándi daqyldardyń jyǵylýǵa tózimdi sorttaryn jáne ónimdi kombinmen týra jınaýǵa múmkindik beretin asburshaqtyń shashylyp-tógilmeitin sorttaryn, júgeri men kúnbaǵystyń erte pisetin, keptirýge jumsalatyn elektr energiasy nemese jaǵarmaı shyǵynyn azaitý úshin tez keyip pisetin dándik jáne tuqymdyq býdandaryn, maqta shıkizatyn mashınamen jınaýdy joǵary óndirilimdi jáne shyǵynsyz júrgizýge múmkindik beretin japyraqтары erte túsetin maqta sorttaryn ósirýmen jetýge bolady.

Ósimdikter seleksiasy ǵylymı-tehnikalyq progresti jedeldetýdiń mańyzdy factory. Ol sońǵy jyldary bizdiń elimizde jáne shet elderde qarqyndy damýda. Joǵary áserli ádister daıyndaý negizinde jańa sorttar shyǵarýmen mańyzdy praktikalyq nátıjeler alyndy.

Qazirgi aýyl sharýashylyǵy seleksiasyna intensivti tehnologialar talaptaryna jaýap беретindeı, syrtqy ortanyń qolaysyz áserlerine tózimdi, mashınanyń kómegimen jınaýǵa jaramdy, taǵam ónerkásibi suranysyn qanaǵattandyratyn egistik daqyldardyń jańa joǵary ónimdi sorttary men býdandaryn jasaý men óndiriske engizý jumystaryn biotehnologiany jáne gendik injeneriany pıdalaný negizinde kúsheitý; tuqym sharýashylyǵyn uymdastırýdy jetildirý, sonдай-aq tuqym sapasyn jaqsartý mindetteri qoıyldy.

ÁДЕБИЕТ

1. Жанзақов М.М. Егістік дақылдар селекциясы. – Астана: Фолиант, 2015. – 416 б.

2. Гуляев Г.В., Гужов Ю.Л. Селекция и семеноводство полевых культур. – М.: Агропромиздат, 1987. – 447 с.

3. Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізбесі. – Астана, 2012.

РЕЗЮМЕ

Интенсификация земледелия выдвинула перед селекцией полевых культур в качестве одной из первоочередных задач создание высоко продуктивных, неполегающих, устойчивых к болезням и вредителям, ценных по качеству продукции сортов, хорошо приспособленных для возделывания по интенсивным технологиям. В этой статье приведены параметры морфологических признаков и биологических свойств созданных селекционерами сортов интенсивного типа: отношения соломины к зерне, фотосинтетическая способность, использовать условия высокого агрофона, особенно повышенные нормы минеральных удобрений и т.д., на примере, сортов озимой пшеницы Безостая 1 и Кавказ.

SUMMARY

Intensification of agriculture has put forward before the selection of field crops as one of the priority tasks the creation of highly productive, non-running, resistant to diseases and pests, valuable varieties for the quality of products, well adapted for cultivation by intensive technologies. This article presents the parameters of morphological characteristics and biological properties of varieties of intensive type created by breeders: the ratio of straw to grain, photosynthetic ability, to use the conditions of high agricultural background, especially high rates of mineral fertilizers, etc., for example, varieties of winter wheat Bezostaya 1 and Caucasus.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ПУТИ ИННОВАЦИЙ В СТРОИТЕЛЬНОЙ ИНДУСТРИИ

Сактаганова Наргуль Амановна,

PhD технических наук,

КГУ им. КоркытАта;

Дунаев Илья Сергеевич,

магистрант, КГУ им. Коркыт Ата;

Жакыпова Гулнур Мухамеджановна,

магистр технических наук,

КГУ им. КоркытАта

Инновации, интенсивное развитие – современный тренд во всех областях жизни человека. Следующий день не похожа предыдущий. Стремление побороть конкурента, качественная продукция, производимая в кратчайшие сроки – все это также характерно строительной отрасли. Но такая особенность отрасли как производство продукции на открытом воздухе, под воздействием неблагоприятных атмосферных воздействий ограничивают пути усовершенствования. Возможности улучшения ограничены организацией технологии строительства или производством строительных материалов. Поэтому необходимо расширить возможности.

Первой такой возможностью может стать строительство зданий из объемных блоков. Объемно – блочное строительство – вид строительства при котором здание на этапе проектирования разбивается на определенное количество блоков, производимых на специализированных заводах и рассчитанных на комнату, квартиру или определенную часть здания. Степень готовности зависит от конструктивной схемы здания, возможностей завода изготовителя или проектным решением. Также блочная система не ограничивает объемно-планировочные особенности здания, также заводы обладают широкими возможностями и широким ассортиментом [4].

Данный тип конструкции здания имеет следующие преимущества: снижение затрат труда — на 25 - 30 %, стоимость уменьшается в среднем на 10 %, продолжительности строительства — в 1,5 - 2 раза по сравнению с кирпичными зданиями, сокращение затрат труда на строительной площадке в 2 - 2,5 раза по сравнению со зданиями из крупных панелей, также ликвидация стыков, создающие неблагоприятные последствия в панельных зданиях.

С точки зрения архитектуры имеется большой простор для творчества. Ведь на заводе можно выполнить блоки различных конфигураций в плане. Уже существуют проекты как частных домов

так и небоскребов. Например, на рис. 1 изображено здание «Апекс» город Уэмбли, Великобритания. Здание 28-этажное, состоит из 679-ти отдельных блоков. Строительство продолжалось 1 год. На рис. 2 представлен проект жилого дома. Как видно из рисунка здания из объемных блоков не лишены архитектурной выразительности [4].

Конструкции зданий из блоков многообразны. Во-первых, блоки можно применять в качестве несущих конструкций, выполняя стены и плиты из тяжелого бетона или стальных рам, во-вторых, в качестве ограждающих, используя эффективные с точки зрения теплоизоляции материалы и конструкции. Само здание может быть выполнено только из блоков или сочетать блочные элементы с другими конструкциями. Например, можно выполнить несущий остов здания из монолитного железобетона или другого материала, затем заполнить его объемными блоками. Особенностью данного вида строительства является то, что его выгодно применять как при масштабной застройке городской территории, так и используя блоки меньших размеров, при увеличении жилищного фонда особо крупных городов.

Вторая возможность инноваций в строительстве – это строительство энергоэффективных и энергоактивных зданий. Оптимизация потребления энергии – одно из направлений развития строительства, появившееся в связи с уменьшением количества ископаемого топлива и его удорожанием. Ведь строительство потребляет 41% всей мировой энергии [7]. К тому же, здание в соответствии с требованиями современных строительных норм (СП) должно быть запроектировано и построено таким образом, чтобы при соблюдении необходимых требований к микроклимату помещений и другим условиям проживания выполнялось эффективное и экономное расходование энергетических ресурсов при его возведении и эксплуатации.



Рис. 1. Здание «Апекс» в Уэмбли, Великобритания



Рис. 2. Проект жилого дома

Энергоэффективные здания – здания, характеризуемые низким потреблением энергии. Для достижения этой цели необходимо использовать следующие концепции [6]:

1. Широкое использование совместимых технологических приложений, так называемых BIM технологий;

2. Более широкое использование сборных конструкций, предварительной сборки, модуляции и изготовление основных конструкций вне строительной площадки;

3. Использование мирового опыта строительства энергоэффективных зданий.

Под первым пунктом подразумевается использование компьютерных программ, ускоряющих выполнение необходимых расчетов и повышающих их качество. Для примера, при теплотехническом расчете узлов и стыков строительных конструкций можно использовать программно – вычислительный комплекс «Энергоэффективность и тепловая защита зданий (ЭНТЕЗА)». Например, на рис.3 приведено температурное поле фундамента и грунта. При использовании компьютерного моделирования




Рис.3 Температурное поле фундамента и основания

можно также исследовать влияние климата на оболочку здания т. е. определить нагрузки на системы климатизации, отопления и кондиционирования воздуха в летний и зимний периоды с учетом теплотерь через оболочку здания, а также исследовать эффективность при применении того или иного проектного решения. Современные программные комплексы могут обеспечить нас

информацией о величинах затрат тепловой и электрической энергии, а также рассчитать параметры микроклимата в здании [2].

Второй пункт рекомендует использовать строительные конструкции заводской готовности, что повышает качество как отдельных элементов, так и здания в целом. К тому же, изготовление конструкций на специализированных площадках уменьшает количество строительного мусора, расход необходимого сырья, обеспечивает лучший контроль качества готовой продукции.

Проблема энергоэффективности является новой. Строительство энергоэффективных зданий началось после мирового энергетического кризиса 1974 года. Вместе с тем первое экспериментальное энергоэффективное здание появилось в США в 1972 году. В этом здании применили новейшие достижения того времени, а именно: использование солнечной радиации, двухслойные ограждающие конструкции и компьютерного управления инженерным оборудованием здания. С тех пор в Европе было построено около 10 тысяч подобных домов. Это позволяет нам выявить преимущества и недостатки при применении той или иной технологии, рассмотреть строительные нормы развитых стран и использовать лучшее в наших целях.

Энергоактивные дома – здания, обладающие возможностью самим производить необходимую энергию. Необходимую энергию такие здания берут из возобновляемых источников энергии. Принципы, которым следуют при создании энергоактивных зданий: использование элементов конструкции здания или сооружения целиком в качестве части энергоустановки, рациональная привязка будущего здания на площадке, использование группы зданий, создавая таким образом энергетические комплексы. Существуют проекты гелио-, ветро-, гидротермо-, геотермоактивных зданий. Также имеются возможности использования солнечных электростанций в виде фотоэлектрических элементов.

Блочное строительство как ничто другое реализует принцип индустриализации, создавая качественные дома в максимально сжатые сроки, обеспечивающее доступное жилье в городах с плотной застройкой. Также такой тип зданий обеспечивает независимость строительных процессов от неблагоприятных атмосферных воздействий, действующих как на исполнителей, так и на конструкции и материалы. К тому же заводское производство дает возможность осуществлять сложные стыки между элементами блоков [5].

ЛИТЕРАТУРА

1. Пособие по проектированию жилых зданий к СНиП 2.08.01-85. – Москва: Стройиздат, 1989. – 304 с.

2. СП РК 3.02-138-2013. Энергосберегающие здания. – Астана: Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами министерства национальной экономики Республики Казахстан, 2015. – 107 с.

3. Конфигурация оптимально запроектированных конструкций / Найштут Ю.С. // Традиции и инновации в строительстве и архитектуре. Строительство: сборник статей. – Самара, 2017. - С. 10-14.

4. Повышение теплозащиты стеновых конструкций зданий из объемных блоков / С.В. Корниенко // Строительство уникальных зданий и сооружений. – Волгоград, 2016. – Вып. 8. – С. 17-30.

5. Энергоактивные здания/Н.П. Селиванов, А. И. Мелуа, С. В. Зоколей и др.; Под ред. Э. В. Сарнацкого и Н. П. Селиванова. – М.: Стройиздат, 1988. – 376 с.: ил.

6. Advancing the competitiveness and efficiency of the U.S. construction industry. – Washington, D.C.: The national academies press, 2009. - 122 p.

7. <https://www.zakon.kz/4785381-kazakhstan-zanimaet-28-mesto-v-mire-po.html>

ТҮЙІНДЕМЕ

Инновациялар немесе даму үдерісі барлық жүйелерге тән, сондай-ақ нені және қалай жақсартуға болатындығын анықтау үшін қарастырылып отырған жүйені бөліктерге бөлшектеу қажет. Мақаланың мақсаты - «құрылыс индустриясы» жүйесін бөлшектеу және оның жақсарту мүмкіндіктерін анықтау. Құрылыс технологиялық үдерістер мен индустриалды даму қағидалары бойынша қарастырылады. Мақалада даму мүмкіндіктері қарапайымнан күрделі нұсқаларға дейін келтірілген.

SUMMARY

Innovation or development process is a characteristic of all systems, and to determine what and how exactly to improve, it is necessary to disassemble the system under consideration into parts. Therefore, the goal of this article is to disassemble the «construction industry» system and identify opportunities for growth. Construction is considered in terms of technological processes and principles of industrial development. The development opportunities discussed in the article range from simple to more complex options.

Журнал 2014 жылдан бастап жарық көреді және 2017 жылдан бастап жылына 2 рет шығады.

«Болашақ» университетінің Хабаршысы іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялайды.

Редакция мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 31. «Болашақ» университеті

Басуға 29.06.2018 жылы қол қойылды. Пішімі 70x106 1/6. Көлемі 8.4 б.т. Офсетті қағаз. Тапсырыс №83.

Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді. «Болашақ» университеті баспаханасында басылды.

**«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
№1 (15)**

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала мазмұнына автор жауап береді.
«ХАБАРШЫДА» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.